



**TASHENEV**  
UNIVERSITY

**ЖҰМАБЕК  
АХМЕТҰЛЫ  
ТАШЕНЕВ  
АТЫНДАҒЫ  
УНИВЕРСИТЕТИ**

**УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ ЖУМАБЕКА  
АХМЕТОВИЧА  
ТАШЕНЕВА**

**ZHUMABEK  
AKHMETOVICH  
TASHENEV UNIVERSITY**

---

**ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА**

---

**BULLETIN OF TASHENEV**

**Ғылыми журналы**

**№1 (1) 2024**

Шымкент  
2024

**ӘОЖ 821.512.133**  
**КБЖ 84 (5қаз)**  
**X64**

**Бас редактор – Главный редактор – Chief Editor**

**Байболов К.С.** – Ректор

**Арзымбетова Ш.Ж.** – Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проектор

**Байнеева П.Т.** – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

**Битұрсын Ғ.Ш.** – Әлеуметтік- мәдени даму жөніндегі проректор

**Абенова Л.У.** - Ғалым хатшы

**Оралбекова А.К.** – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

**Хамраева Х.Х.** – Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясының доценті,  
филология ғылымдарының докторы

**Ботабаева Ж.Н.** – IT және шетел тілдері факультетінің деканы

**Мырзабек Л.Ә.** – Өнер және спорт факультетінің деканы

**Мамыт А.А.** – Педагогика және жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы

**Наурызбекова А.Е.** – Экономика және құқық факультетінің деканы

**Исмайлова М.Е.** – Ғылым орталығының директоры

**Жауапты хатшы: Сыдықбай М.Д.**

**Техникалық редакция: Шпенглер С., Сыдықбай М.Д., Абай А.А.**

*Журнал 2023 жылдың наурыз айынан бастап --- қаласындағы*

**ISBN 978-601-06-8389-1**

Журналға Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетіне есепке қою туралы **09.11.2023 ж. № KZ26VPY00081526** куәлігі берілген.

**Меншік иесі:** Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті АҚ

2024 жылдың сәуір айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

**Редакцияның мекенжайы:**

160012, Шымкент қаласы Қонаев к-сі, №21

204-бөлме, тел.: 390438/791, 87026212140

e-mail: nauka\_zhtu22@mail.ru

*Хабаршы-Вестник-bulletin журналы., 2024*

*© Әлем баспаханасы, 2024*

## МАЗМҰНЫ–СОДЕРЖАНИЕ–CONTENTS

Мазмұны – Содержание – Contents	3-5
<i>Байболов К.С.</i> Тәшенев есімін, тағылымын ту еткен университет	6-8
<i>Арынбаева Роза Ануарбековна., Кизбаева Жанар Қайратқызы, Арынбаева Рана Ануарбековна</i> Халықтың қайсар перзенті – Ж.А. Тәшенев	9-13
<i>Битұрсын Ғалымжан Шәмшидінулы., Исабеков А.Қ.</i> Адал адам мен адал азамат ұғымдарының конституциялық заңдағы гумандық құндылықтары	14-19
<i>Абдуллаева П.Т., Архабаева А.К.</i> Эмоционалды күш-жігер: анықтамасы мен мәселелер	20-23
<i>Ботабаева Ж.Н., Умаралиева М.А.</i> Ж.Тәшенев атындағы университетінде «МЕДИА БРЕНДИНГ» MINOR бағдарламасын жүзеге асыру арқылы SOFT SKILLS дағдыларын дамыту	24-29
<i>Ботабаева Ж.Н., Кемелова Г.М., Айдарбекова А.С.</i> Образные признаки концепта ЖАН в казахской лингвокультуре	30-36
<i>Жапбаров Гүлмира Аманкелдіқызы</i> Тілдесім мәдениетін оқытудың қалыптары мен сабақтарды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері	37-43
<i>Ергешибаева Ш.Н., Есжанова Г.Д., Арысбаева Э.П.</i> Strategies for translating one-part sentences from Russian to english	44-47
<i>Ергешибаева Ш.Н., Есжанова Г.Д., Арысбаева Э.П.</i> Ментальные карты как ключ эффективному обучению иноязычному говорению	48-51
<i>Ергешибаева Ш.Н., Есжанова Г.Д., Арысбаева Э.П.</i> Approbation of texts for controlling listening skills of foreign language students	52-54
<i>Асильбекова Б.Д., Әзбергенова З.О.</i> Жоғары оқу орындарында орыс тілін оқытын студенттердің сөйлеу этикеті	55-62
<i>Таттибаева Гүльжан., Нурмахан Кунимхан</i> The importance of using interactive methods of constructive types of education for future teachers of professional training, art work and drawing	63-66
<i>Байтенова Қаламқас Қыдырбекқызы</i> Қазақ тіліне бойлау жағдайында айтылым дағдысын дамыту	67-79
<i>Оралбекова А.К., Арзымбетова Ш.Ж., Дмитриев Ю.А.</i> Инклюзивное обучение в образовательном учреждении	80-88
<i>Байтилеуов С.С., Сапарбаева Е.А., Абдурахманова З.А., Жасан Г.Ж</i> The direction of the introduction of industrial and innovative technology in cotton growing	89-95
<i>Байтилеуов С.С., Туралина Светлана., Аширбаева Сауле., Абдурахманова З.А.</i> Economic mechanisms for improving the efficiency of cotton production	96-101
<i>Исламова М.М., Назар Д.Б., Акберді Б.А.</i> Intercultural communicative competence in english language teaching in Kazakhstan	102-110
<i>Айтқұлова Г.А., Авакова Р.А., Жантасова З.Т.</i> Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілерінің фразеосемантикалық ерекшеліктері	111-116

Қалыбеков Б.Е., Байболова Айжан Мектеп оқулықтарындағы лексикалық қолданыстар	117-122
Қалыбеков Б.Е. Мектеп оқулықтарының морфологиялық құрылымының ерекшеліктері	123-127
Козбаев Е.У., Сапарбеков Н.С., Нуржан Н.Н., Бекитауов Н.А. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері. Қазақша күрес	128-131
Мильдоходжаева Г.С., Молдабеков Е.О., Маханбетова А.Қ., Кошбахтиев И.А. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту	132-136
Алтынбекова Б.С., Сапарбеков Н.С., Байдуллаев С.Р., Токсонбаев Р.Н. Баскетболдың техникалық әдістері; алаңда тұру, жүру, секіру, тоқтату әдістерін жетілдіру	137-140
Іңкәрбеков Д.Б., Азимбаев Ж.А., Муталиев Б.Т., Алтынбекова Б.С. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен білім беру-тәрбие үдерісіндегі білім беру сабақтарының педагогикалық жүйесі	141-144
Әжібеков Т.Ж., Сапарбеков Н.С., Муталиев Б.Т., Туребеков Б.А. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі бағдарламасы және қозғалыс ойындары	145-149
Маханбетова А.Қ., Молдабеков Е.О., Мильдоходжаева Г.С., Раимбеков С.А. Болашақ дене мәдениеті мамандарының дене мәдениетін кәсіби қалыптастырудағы мәні	150-155
Муталиев Б.Т., Туребеков Б.А., Асабаев., Сапарбеков Н.С. Салауатты өмір салтты дамытудағы педагогикалық көзқарастар	156-159
Нуржан Н.Н., Сапарбеков Н.С., Козбаев Е., Муталиев Б.Т. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктері	160-163
Сапарбеков Н.С., Козбаев Е.У., Муталиев Б.Т., Пашабеков Н.Ж. Оқушыларға білім беру үшін дене шынықтыру сабақтарының маңызы	164-167
Ахметов М.К., Шекербек С.Қ., Исеев Ш.Т., Нуримов Р.И. Психологическая подготовка боксера	168-171
Шекербек С.Қ., Ахметов М.К., Турскельдина М.Т., Касымбеков Б.Б. Традиционные и нетрадиционные методы закаливания	172-175
Туребеков Б.А., Муталиев Б., Мырзабек Л.Ә., Керимов Ф.А. Оқушылардың қозғалық белсенділігін арттыруға аптасына үш рет дене тәрбиесі сабақтарының әсері	176-180
Аширбаева С.Б., Туралина С.М., Сапарбаева Э.А. Аймақтағы инвестицияның қаржылық қызметінің жағдай	181-188
Темирова Ж.Ж., Аширбаева С.Б., Сапарбаева Э.А. Талшықты материалдардың әлемдік нарықтағы болашағы	189-193
Джалилов К.А., Бизара Т.С., Курманбай У.К., Мамытова А.Ы Получение биологических активных соединений флавоноида кверцетина	194-200
Муминова Ш.С., Тастанбекова Г.Р., Балгабаев А.М. Влияние минеральных удобрений на урожайность и качество сои в условиях серозема Туркестанской области	201-206
Құрманбай Ү.К., Бизара Т.С., Нарымбаева З.К., Мустияр Т. Егеуқұйрықтардың қант диабеті кезіндегі қанының биохимиялық көрсеткіштері	208-213
Садовская В.С., Байгунова Д.М., Мәшір П.І. Ұлттық мерекелік мәдениет	214-219

<i>Таукебаева К.С., Жаскеленова А.Е., Шокалакова С.Б.</i> Контурлық тігістерді орындауға арналған автоматтандырылған тігін машинасын жобалау	220-225
<i>Таукебаева К.С., Жаскеленова А.Е.</i> О сущности автокалебания детали в процессе ее ориентации с применением фрикционно-транспортно-ориентирующего устройства (ФТОУ)	226-234
<i>Аширбаева С.Б., Туралина С.М., Сапарбаева Э.А.</i> Аймақтағы инвестицияның қаржылық қызметінің жағдайы	235-242
<i>Темирова Ж.Ж., Аширбаева С.Б., Оралова З.М.</i> Талшықты материалдардың әлемдік нарықтағы болашағы	243-247
<i>Аширбаева С.Б., Бакиров Е.А.</i> Современное состояние рынка труда региона	248-251
<i>Байгунова Д.М., Ахметова З.Д., Усенбеков С.С.</i> Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті мен әдебі	252-257
<i>Наурузкулова С.Б.</i> Өтімділікті басқару – коммерциялық банк қызметінің маңызды аспектісі	258-265
<i>Қыдырбекова А.С.</i> Қашықтықтан идентификациялауда бірыңғай биометриялық жүйені пайдалану	266-272
<i>Тенлибаева А.С., Абдураимова Н., Мамытова А.</i> Использование минеральных веществ у овец в зависимости от уровня витаминного питания	273-276
<i>Заурбековна Ляззат Едигеевна</i> Баға статистикасы және қазіргі таңдағы тұтыну тауарларының тұрақсыздығы	277-287

## ТӘШЕНЕВ ЕСІМІН, ТАҒЫЛЫМЫН ТУ ЕТКЕН УНИВЕРСИТЕТ

«Егер Қазақ халқы біреуге қарыздар болса – ол Жұмабек Тәшеневке қарыздар болар. Ол – ұлт алдындағы парызы мен қарызын адал атқарған азамат. Ол ата-бабадан қалған кең байтақ қазақ жерін жанымен қорғады, сол үшін барлық игіліктерден (қызметтен) айырылды. Сол кездің өзінде «мен – қазақпын» деп қорықпай, жаһанға жар салған жалғыз адам да сол болатын» (Исмаил Юсупов, 1961-1964 Қазақстан ОК-нің бірінші хатшысы).

Ж.Тәшенев еліне, ұлтына сіңірген ерен еңбегінің, қалтқысыз қызметінің арқасында көзі тірісінде-ақ ел аузында аңызға айналды, қарапайым халықтан жоғары баға алды. Ж.Тәшеневтің жоғары адамгершілік қасиеттеріне, еліне сіңірген еңбегіне риза болып ел арасында айтылған сөздер жетерлік.

Тарихты қашан да тұлғалардың жасайтыны анық! Батырлық, ерлік – Жаратқан иенің сүйікті құлына тартқан сыйы! Жаратқанның да, халықтың да бір сүйікті ұлы болса, ол – Жұмабек Тәшенев болар! Туған халқы мен сол халқының тоқымдай жері үшін өз басын құрбандыққа шалуға дейін барған Жұмабек Тәшеневтей біртуар дара перзент Жаратқанның жазуымен енді, міне, тәуелсіз елінің ірі тарихи тұлғасына айналып отыр. Ұлы даланың бір тұтам жерін ерлігімен де, жүрегіндегі бар махаббатымен де қорғаған ерлерін қазақ халқы қаншама ғасырлар өтсе де ұмытпай келе жатқаны анық. Сондай тұлғалардың бірі – Жұмабек Ахметұлы Тәшенев!

Оңтүстік өлкесі – құт қонған, кие дарыған, тауы тарих, даласы дастан, қаласы қазыналы мекен! Елімізде «Оң» - деп жақсы ниетті, береке-бірлікті, ынтымағы жарасқан тату тірлікті айтады. Табалдырықтан да оң аяқпен аттаймыз. «Қадамың оң болсын» - деп тілек жұптаймыз. Ал «түстік» - дегенде мамыражай, жанға жайлы күйге енесің. Осы екі ұғым өзара үйлескенде жаныңа қуат, жылы шуақ, арайлы күннің шалқыған нұры бойыңа дариды. Жігерленесің. Қуат аласың. Шалқисың. Шаттанасың.

Ешкімді жатсынбайтын, Ұлысымыздың ұйытқысына айналған Оңтүстік өңірінің мақтанышы – бұрынғы «Сырдария» университеті кәзіргі таңда қоғам қайраткері, «елім, жерім» деп өмір сүрген, халқына жақсылық жасаудан жанын аямаған, жаңғырған Қазақстанда жаңа атаумен, қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшенев есімін иеленіп, Шымкент қаласына орналасты. Бұл есім ұжымның, оның әрбір мүшесінің алдына үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктейді.

Мәртебелі оқу орны ширек ғасыр ішінде жекеменшік жоғары оқу орындарының арасында алдыңғы қатарлы білім және ғылым орталығына айналды. Тәуелсіз мемлекеттің экономикасының, өнерінің және мәдениетінің өсіп өркендеуіне университет зор ықпал ете отырып шалғайда орналасқан халыққа қызмет етіп, айқын мақсатпен дамудың даңғыл жолына түсті.

Шалғай өңірде орналасқан аудандардың жастарына педагогика мен мәдениет салаларындағы ғылыми мектептердің зор мүмкіндіктерін біріктіре отырып, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті - көрші мемлекеттегі қандастарымызға білім беру жағынан жақын шет елдерге танымал білім ордасына айналды.

Тәшенев атындағы университет ұжымы қайраткердің тағылымды істерін ту етіп, студент жастардың бойына сіңіруде.

Тәшеневтің тағылымды істерін санамалап өтсек:

1. Қазақ халқының ұлы ойшылы, бас ақыны Абайдың атында бас көшені атап, оның алып ескерткішін орнатуы. Жұмабек Ахметұлының өзі әдебиетке өте жақын еді. Ақын-жазушылардың, әсіресе Абайдың шығармаларын жақсы білетін. Әдебиетке, қазақтың бас ақыны Абайға деген құштарлық пен құрмет – Ж.Тәшеневті басқа шенеуніктерден ерекшелеп тұрған қасиеті еді. Қайраткердің ізгілікке, әділетке, имандылыққа құштарлығы да осы әдебиет арқылы қалыптасқаны аян. Сондықтан ол Абайды ұлықтау арқылы өз халқын да өркениетке бір табан жақындата түсерін білді. Алайда ол кезде мәселенің бәрі Кремльде шешілгені мәлім. Ақша жоқ деп болмашы нәрсенің өзін қиынсынған

орталықтағы шенеуніктерге ол Тбилисиде – Руставелидің, Мәскеуде – Горькийдің, Ташкентте – Науаидің сондай ескерткіштері барын алға тарта отырып, ұтымды сөзбен бұлтартпастай дәлел келтірді. Мәскеудегілер амалсыз мойынсұнып, Абайдың атымен көше атауға және алып ескерткішін орнатуға рұхсат берді;

2. Сталиндік қызыл террордан жазықсыз жапа шеккендерді ақтау кезінде айрықша белсенділік танытуы. 1956 жылы 25 ақпандағы КОКП XX съезінен кейінгі жылымық кезінде репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, Е.Бекмаханов, Қ.Мұхаметханов, Х.Есенжанов, З.Шашкин сынды қазақ ғалымдары мен ақын-жазушыларын сөзбұйдаға салмай, абақтыдан дереу шығаруда үлкен еңбек сіңірді. Тәшенев бастаған комиссия Сәкен, Илияс, Бейімбет сынды халқымен қайта қауышқан арыстардың шығармаларын сол жылдарда өте сапалы етіп шығаруға айрықша күш салады және «алашордашыл», «ұлтшыл» деген айдар тағылмағандардың бәрін ақтауға тырысады. Сол кезде атын атаудың өзі зор қауіп саналатын Мағжан Жұмабаевтың жесірі Зылихаға Алматыдан баспана бергізеді. «Карлагқа» комиссиямен бірге өзі арнайы барып, тұтқындарды өз көзімен көріп, құлағымен тыңдап, жазықсыз жазаланғандарды ақтау жолында көмегін аямайды;

3. 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін абыроймен өткізуге барын салуы, бес бірдей қазақ өнерпазына ең жоғарғы атақ – «КСРО халық әртісі» атағын алып беруі. 1936 жылы Мәскеуде өткен алғашқы қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінде тек К.Бәйсейітованың ғана «КСРО халық әртісі» алғаны мәлім. Содан 22 жыл өткен соң нәтиже 5 есеге артып отыр. Осыдан соң мұншама әртістің бір мезгілде жоғары атақ алуы қазақ топырағында бұрын-соңды болмаған екен;

4. «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерін жабылудан аман алып қалуы. XX съезден кейінгі жылымықтан соң, «Ұлтшылдыққа соққы беру» желеуімен орыстандыру күшейіп тұрған кезде, 1958 жылы 28 шілдеде ҚКП ОК бюросында «Қазақ әдебиеті» газетінің саяси бағыт-бағдарының коммунистік идеологияға сай келмейтіндігі, пролетариат мәдениетіне, талабына жат екендігі, қазақ ұлтшылдарын төңірегіне топтастырғаны туралы мәселе қойылып, газеттің жабылып-жабылмауы талқыға түседі. Осылай ұлт руханиятының болашағына қауіп төне бастаған қысылтаяң сәтте Жұмабек Тәшенев араша түсіп, бұл басылымдарды жабылудан аман сақтап қалады;

5. Медеу мұз айдынын салып бітіруге күш салуы. Кейіннен Қазақстанның мақтанышына айналған бұл құрылыс кезінде салынып басталып, әр түрлі сылтаулармен сақалды құрылысқа айналады. Жұмабек Тәшенев өзінің Мәскеудегі әріптесі, әрі тікелей бастығы КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы К.Ворошиловты Алматыға шақырып, оған Медеудің тамаша табиғатын көрсетеді. Оны таныстыра жүріп, бұлтартпастай дәлелдерді алға тарта отырып, құрылысты аяқтауға қаражат бөлдіріпті;

6. Халық батыры Б.Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын алып беруге әрекеттенуі. Жазушы Ә.Нұршайықов «Брежневке хат» мақаласында Б.Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілуін сұрап 1980 жылы хат жазғанын, оған қазақтың атақты адамдарының қол қойғанын жазады. Сонда Ғ.Мүсірепов мұндай талпынысты Жұмабек Тәшеневтің тұсында жасалғанын, ол Батыр атағын беретін комиссияның басшысы И.Коневтің өзіне салмақ салғанын айтады. Бірақ бірмойын маршал Баукеңе Батыр атағын беруге үзілді-кесілді қарсы болғанын, енді сол пікірін өзгертпейтінін айтады. Б.Момышұлы да өз әңгімесінде Ж.Тәшеневтің осы мәселені көтергенін растайды. Осылайша бұл мәселе шешілмесе де Жүмекең Баукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабының идеологиялық бөгеттерді бұзып өтіп, жарық көруіне септігін тигізеді.

7. Қазақтың барлық талантты өнерпаздарына, дарынды тұлғаларына қолайлы жағдай жасауы. Еңбек майталмандары Ы.Жақаев пен Ж.Қуанышбаевтың Еңбек Ері атануы да, Н.Алдабергеновтың екінші рет Еңбек Ері атануы да Тәшеневтің тікелей

араласуымен болған. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының Лениндік сыйлық алуына да көп күш салған. Көп жылдардан бері жайлы қонысқа қолдары жетпей жүрген қазақ зиялыларына 120 пәтерлік үйді толығымен бергізген де Тәшенев еді. Оның осы ерлігін көнекөз ақын-жазушылар күні бүгінге дейін аңыз қылып айтып жүреді;

8. Ұлттық кадрлардың өсуіне, олардың жоғары өрлеуіне де бар жақсылығын аямауы. Л.Брежнев Қазақстан КП ОК Бірінші хатшылығынан Мәскеуге кетерде өз орнына И.Яковлевті, Екінші хатшылыққа Н.Журинді ұсынып, Мәскеудің келісімін алып келіп, оларды таныстыра бастайды. Сонда Ж.Тәшенев кейінгі кездегі бүкіл жетістіктерді тізбелей келіп: «Аудан, облыстарда, орталық аппаратта, министрліктерде екінші хатшыға лайық қазақ азаматтары аз емес. Мынау отырған ОК-ның ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Фазыл Кәрібжанов кімнен кем? Ол екінші хатшылыққа жарамай ма? Осындай дайын кадрларды көзге ілмеу мені таң қалдырады? Мен мұны қазақ зиялыларына сенімсіздік, не көзге ілмегендік деп түсінемін», - деп, Л.Брежневті қатты састырады. Ақыры Тәшенев ұсынған Ф.Кәрібжанов екінші хатшылыққа бекиді;

9. Өзінен жоғары мансаптағыларға еш иіліп-бүгілмей, терезесі тең тұрғыда мәміле жасай білуі. 1959 жылы 1 қазанда ҚХР-дің 10 жылдық мерекесіне орай КСРО басшысы Н.С.Хрущев бастаған делегация Қытайға барады. Оны ҚХР басшысы Мао Цзэ Дунның өзі қарсы алады. Әңгіме үстінде Мао Цзе Дун Хрущевтің қыр көрсетуіне қарымта ретінде: «Кеңес Одағы сөз жоқ, ұлы ел, ал біз Ұлы Қытаймыз», - депті. Н.С.Хрущев: «Солайы солай ғой, бірақ КОКП – дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың авангарды», - дейді. Мао Цзе Дун: «Бірақ Қытайда коммунистер КСРО-ға қарағанда көп қой», - дегенде Хрущев тосылып қалады.

Сонда Ж.Тәшенев: «Революцияны Кеңес коммунистері жасады емес пе? Солардың тікелей көмегімен Қытай коммунистері жеңіске жетті ғой», - деп тығырықтан жол табады. Бұл уәжге қытай жағы жауап бере алмай қалады. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген дала демократиясының қағидаты қанына біткен Жұмекең КСРО басшысы Н.С.Хрущевке де, КСРО Қаржы министрі Б.Ф.Гарбузовке де тайсалмай, бетіне тіке айтқан сөздері тарихта да, ел жадында да сақталған;

10. Ж.Тәшенев Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болғанда да ұлт ісі үшін игілікті қызметтер атқаруы. Түркістан аймағының мақташылары мақта тазалау зауытында су мақтаны кептіруге отын таба алмай қиналып жатқанда Тәшенев Қарағанды облысы басшылығына хабарласып, 1 мың тонна көмірді жеткіздіріп береді. Түркістандағы Қ.А.Ясауи кесенесінің жанында көміліп қалған тас моншаны қалпына келтіріп, іске жаратуға мұрындық болады. Тайқазанды қайтаруға да зор үлес қосады. Шетелдік туристер үшін ағылшын, қытай, түрік, француз тілдерін білетін қазақ қыз-жігіттерін де алдырып береді.

Қала іргесіндегі Шайтөбеден геологтар емдік су тапқанда дереу 50 орындық емдеу профилакториясын салып, жол салдырып, автобус та жүргіздіреді.

Бірде жазушы Ғ.Мүсірепов іссапармен Шымкентке келгенде профессор Керімбек Сыздықов серік болып, ол кісіні ертіп жүреді. Сол сапарда Ғ.Мүсіреповтің Ж.Тәшеневке қарап айтқан мына бір сөзіне куә болыпты. Ғ.Мүсірепов: «Біз ЦК емеспіз, біреуді бір орыннан алып, бір орынға қоя алмаймыз. Жазушы деген халық кісіге өз жүрегінен орын береді. Әр уақытта менің жүрегімнің төрінен орын алатын менің ер інім, еркек інім Жұмабектің мынау елге келген қадамы сіздерге құтты болсын деп тілек айтпақпын», - деген екен.

Мақтау сөзге сараң халық жазушысының бұл бағасы университет ұжымының да пікірі деуге болады. Тәшенев тұлғасы университет студенттері мен ұжымының жүрегінен орын тепті.

**Байболов К.С.**  
**Тәшенев университетінің**  
**Ректор**



## ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙСАР ПЕРЗЕНТІ – Ж.А. ТӘШЕНЕВ

**Арынбаева Роза Ануарбековна** – аға оқытушы

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қаласы

**Кизбаева Жанар Қайратқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

М.Әуезов атындағы колледжі, Шымкент қаласы

**Арынбаева Рана Ануарбековна** – педагогика ғылымдарының магистрі,  
аға оқытушы, Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қаласы

**Андатпа.** Бұл мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің өнегелі өмірі жайлы мәліметтер берілген. Қазақстан жері тек қазақ халқының меншігі екендігін дәлелдеп, оны қорғауда үлгі боларлық мінез көрсете алған, отаншылдығымен танылған қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшенев туралы естеліктер мол қамтылған.

Кеңес Одағының басшылығына 50 жылдардың аяғында Никита Сергеевич Хрущев келеді. Қазақстанның Солтүстігіндегі 5 облысты қазақ жерінен бөліп алып, Ресей федерациясы құрамына қосу керек. Батыстағы Маңғыстау облысын тұтасымен Түркіменстанға беру жөнінде, Оңтүстіктегі мақта егетін аумақтарын Өзбекстанға беру жөнінде үлкен жоспар жасалған. Осы кезде Жұмабек Ахметұлы Тәшенев оған қарсылық таныта алды. Осы жағдай орын алғандықтан кейінгі Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің өмірі өзгеріп, жұмыстан еріксіз шығаралады. Жоғары орындағы жұмыстарға оны жақындатпай, тіпті Кеңес одағының партия мүшелігінен де еріксіз шығарылады.

Одан кейінгі өмірінде көптеген қиындықтарға тап болады. Өзінің ортасында аласталып отырудың өзі адамға ауыр тиетіні белгілі. Осындай өмірді баяндай отырып, дегенмен Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің өз абыройын сақтап қалғандығы баса айтылады. Өмірде орын алатын мұндай жағдайлар кейінгі ұрпаққа өнеге болары айқын.

Кезінде халық мүддесін өзінікінен жоғары қоя білген отаншыл азаматтар жайында мұндай мәліметтер баршылық. Бұл жастарға өнеге боларлық жағдайларды дәріптеп айту, оның ұлттық мүддені қорғауды бәрінен де жоғары қоя білгені туралы мәліметтер біздің қазіргі жемқорлыққа қарсы күресте таптырмас өнеге екендігі ашық айтыла отырып, дәлелдер келтіріледі. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев туралы естеліктерде айтылған дәлелдер орынды келтіріле отырып талданады.

Қазіргі таңда Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің атындағы университет ашылып, жыл сайын онда көптеген білім алушылар мамандығы бойынша дәріс алып келе жатқандығы да сөз бола отырып, мақала мазмұны бүгінгі өмірмен байланыстырылады.

**Кілт сөздер:** әдебиет, мәдениет, ғылым, білім, тарих, саясат, әділдік.

**Аннотация.** В данной статье представлены сведения о нравственной жизни государственного и общественного деятеля, кандидата экономических наук Ташенева Жумабека Ахметовича. О Жумабеке Ахметовиче Ташеневе, признанном патриотичным общественным деятелем, который доказал, что Земля Казахстана является собственностью только казахского народа, проявил примерный характер в ее защите.

Руководство Советским Союзом в конце 50-х годов возглавил Никита Сергеевич Хрущев. 5 областей на севере Казахстана необходимо было отделить от казахской земли и включить в состав Российской Федерации. Был разработан большой план по передаче

Мангистауской области на Западе Туркменистану в целом, а хлопчатобумажных территорий на юге-Узбекистану. В это время Жумабек Ахметович Ташенев смог оказать ему сопротивление. После того, как это произошло, жизнь Ташенева Жумабека Ахметовича меняется, и его принудительно увольняют. Не приближая его к высшим должностям, он даже принудительно отстраняется от членства в партии Советского Союза.

В дальнейшей жизни он сталкивается со многими трудностями. Известно, что одиночество в своем окружении ранит человека. Повествуя о такой жизни, подчеркивается, что Жумабек Ахметович Ташенев сохранил свою честь. Очевидно, что подобные ситуации, происходящие в жизни, является примером последующему поколению.

Сведений о гражданах-патриотах, которые умели ставить интересы народа выше своих достаточно. Открыто заявляется, что это незаменимая мораль, что данные о том, что им удалось поставить защиту национальных интересов превыше всего, являются незаменимым примером в нашей нынешней борьбе с коррупцией. Аргументы, приведенные в воспоминаниях о Жумабеке Ахметовиче Ташеневе, анализируются с соответствующими цитатами.

В настоящее время открыт университет имени Жумабека Ахметовича Ташенева, и ежегодно обучаются большое количество обучающихся, содержание статьи связано с сегодняшней жизнью.

**Ключевые слова:** литература, культура, наука, образование, история, политика, справедливость.

**Abstract.** This article presents information about the moral life of the statesman and public figure, Candidate of Economic Sciences Tashenev Zhumabek Akhmetovich. About Zhumabek Akhmetovich Tashenev, recognized as a patriotic public figure who proved that the Land of Kazakhstan is the property of only the Kazakh people, showed exemplary character in its protection.

The leadership of the Soviet Union in the late 50s was headed by Nikita Sergeevich Khrushchev. 5 regions in the north of Kazakhstan had to be separated from the Kazakh land and incorporated into the Russian Federation. A large plan was developed to transfer the Mangystau region in the West to Turkmenistan as a whole, and cotton territories in the south to Uzbekistan. At this time, Zhumabek Akhmetovich Tashenev was able to resist him. After this happened, the life of Tashenev Zhumabek Akhmetovich changes, and he is forcibly fired. Without bringing him closer to higher positions, he is even forcibly removed from membership in the Party of the Soviet Union.

In later life, he faces many difficulties. It is known that loneliness in one's environment hurts a person. Narrating about such a life, it is emphasized that Zhumabek Akhmetovich Tashenev retained his honor. Obviously, such situations occurring in life are an example for the next generation.

There is enough information about patriotic citizens who knew how to put the interests of the people above their own. It is openly stated that this is an irreplaceable morality, that the evidence that they managed to put the protection of national interests above all else is an indispensable example in our current fight against corruption. The arguments given in the memoirs of Zhumabek Akhmetovich Tashenev are analyzed with appropriate quotations.

Currently, the Zhumabek Akhmetovich Tashenev University has been opened, and a large number of students study annually, the content of the article is related to today's life.

**Key words:** literature, culture, science, education, history, politics, justice.

Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты Жұмабек Ахметұлы Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай қыстауында туған. 1986 жылы Шымкент қаласында дүниеден озады. Ақмола

құрылыс техникумын, КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген соң қызметтік жолын аудандық атқару комитетінің хатшылығынан бастайды. Облыстың жер бөлімі орынбасарлығынан, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, қазақ СССР-ның министрлігінің төрағалығына дейін үлкен лауазымды қызмет атқарады. Тәшенев осындай жауапкершілігі жоғары қызметке отырып, артына аңыз болып қаларлықтай, қазаққа ізгі жақсылықтар жасап кетеді.

90 жылдардың жемісі болған бұл ғұмырды айта отырып, біз бұл мақалаға мынадай мақсат қойдық. Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің өмірбаянында берілген ұлтшылдық қасиеттерін қарастыра отырып, оны жастарға өнеге ету. Автордың өмір сүрген жылдарындағы әдебиеттерде атының аталып, берілген мәліметтерді жинақтау.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты еңбегінде тарихи жағдайларға тоқталды: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», бергін келе алапат ашаршылықты, тіпті қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты да көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тіліміз бен діліміз бен дінімізден айрылып қала жаздадық. Осының барлығы Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», - деп толғана отырып, халқымыз ауыр сынақтардан өткенін дәлелдейді.

50 жылдардың аяғында Кеңес Одағының басшылығына Никита Сергеевич Хрущев келген кезде Қазақстанның территориясы оған ауқымды көрініп, оны шағындауды ойластыра бастайды. Қазақстанның Солтүстігіндегі 5 облысты қазақ жерінен бөліп алып, Ресей федерациясы құрамына қосу керек. Батыстағы Маңғыстау облысын тұтасымен Түркіменстанға беру жөнінде, Оңтүстіктегі мақта егетін аумақтарын Өзбекстанға беру жөнінде үлкен жоспар жасалған. Сонда Тәшенев “Бұл аумақтарды қосу- бөлу жөніндегі мәселелердің барлығын жергілікті билікпен, жергілікті үкімет орындарымен санаспай, тікелей Мәскеуден Орталық комитеттен шеше беретін болса, онда Кеңес үкіметі конституциясын Қазақстан үкіметі конституциясын жою керек. Тайға таңба басқандай жазылған мына аумақтың барлығы Қазақстанның меншігі! Оның құқығының аясында деп жазылған” деп Хрущевтың бетін қайтарған. Сол тұста Кеңес үкіметінің тізгінін ұстаған Хрущев сталиндік саясатты сынға алып, өзінің ұстанымын нығайтуды көздегені анық. Хрущев Тәшеневтің батыл қарсы шыққан сөзіне қызуқандылықпен шешім шығарып, оны бірден қудалауға амалы да жоқ еді. Тарих қашан да өз жұмбағын жасырып қалады емес пе? Бәлкім сол уақытта Тәшенев басын бәйгеге тігіп жердің тұтастығын, елдің бірлігін сақта қалуға ашық түрде қарсы шықпаса, тарихтың дөңгелегі басқа арнаға бұрып кетер ме еді?! [1,120-б.] «Маған керегі лауазым емес. Қазақ халқының бірлігі мен жерінің тұтастығы! Ол арманым жеттім! Елім, жерім орнында!» [2,140-б.]

Бұл – ұлт үшін отқа түссе күймейтін, суға салса батпайтын, рухы мығым тау тұлғалы Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтың сөзі. Рас ол өзі ойлаған ұлы арманына жетті. Өзі аңсап өткен елдің тұтастығы мен ұлттың бірлігіне кейінгі буын ұрпағы жетті. Баяғыда шетте ауып жүрген қазақтың қаз тұлғасы Оспан батыр “Қазақ үшін шайтанмен де тілтабысуға бармын” деген екен. Осындай өр рух иелері аз болмаған. Кешегі тұтас ұлтты уысында ұстамақ болған Кеңес империясы басшысына батыл қарсы тұрып, дәлелді уәжімен тойтарыс бере білген Жұмабек Тәшеневтің талай ерлігі бүгінгі ұрпақтың санасына рухани азық болары сөзсіз. 1960 жылы 26 қаңтарда Тәшенев үкімет басшылығына келе салып, 1 аптаның ішінде 12 қазақ жігітін үкіметтің жоғары лауазым қызметіне тағайындады. Бұл әрине кеңес басшылығына ұнай қоймады. Осы үшін де қатты назарға ілігеді. Талай тартыста өз ұстанамынан таймаған даңқты перзент еш тайсалмастан бірінші, екінші хатшылыққа қазақтарды жолатпау заңдылыққа айналды деген ойын да бүкпей айтып салды.

“Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, “Социалистік Қазақстан” газетін “Казправданың” аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. “Ұлтшыл” деп айыпталып, Н.Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылды. 1961 – 1975 жылдары Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1975 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. Өмірінің соңғы кезеңінде “Қаракөл” ғылыми-зертханалық институтында, Түркістан облысы талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған [3,220-б.].

Халқымыздың тарихында туған жері мен тілінің тағдырын қара басының амандығынан биік қоя білген тұлғалардың тұғыры үнемі биік болмақ. Кеңес кезінде сол кездегі үкіметтің кесірінен туындаған қиындыққа қарсылығын көрсете алған алып тұлғалардың бірегейі Ж.А.Тәшенев еді. Аталарымызға ашаршылықты, қуғын-сүргінді, тіпті дүниежүзілік соғысқа да аттандырған кеңестік кезеңде өмір сүрген А.Ж.Тәшенев туралы да естеліктер ел арасына кеңінен тараған.

Ақиық ақын Кәкімбек Салықов осы ел сүйктісіне айналған А.Ж.Тәшенев туралы «Дарабоз туған ер қазақ» атты өлең олдарында оның халқына деген сүйіспеншілігін қазақтың «Тың өлкесін Ресейге бермген» деп көрсете отырып, «Ресей Қырымды алып қинаса, Белгілі ғой алабүлік тынбаса, ол індетке ұрынар ек біз-дағы, Тәшеневтей қазақта ұл тумаса» – деп оның өжеттігін таныта түседі.

Біздің жерлесіміз Қаныбек Мейірбеков те А.Ж.Тәшеневке өлең арнап жазған. Ол өлеңінде: «Қазақтың жұлдызындай көгіндегі, ардақты ақсақалы төріндегі, Қайраткер қамал бұзған батырындай, Ардақты азаматы ең ілгері, Қорғадың қасиетті халық арын, Сол еді бар інкәрлік ынтызарың» – деп халық арын сақтап қалған қаһармандығын жырға қосады.

Ақын Омарбай Малқаров: «Қастерлеп кім сыйламас Жұмабекті, Ол бір жан туа салған ер келбетті, Дауылда шыңға қонар қыран қабақ, Дұшпанға жібермейтін бірде кекті, деп кекшілдігін, намысқойлығын баса айта кетеді. «Жұмабек жез таңдайлы, ойлы шешен, Тамсанқан жиындарда қалың көпті, Ерлігін, білгіштігін елі білер, Демейді ақ жауындай өтті, кетті -деп оның шешендігін де сөз етеді. Н.С. Хрущевпен тартысында қазақ жері, туған жері үшін жанын да берер күрескердің ерлігін, саяси сауаттылығын, қаймықпай қарсы шыққан қайсарлығын аша түседі. «Жұмабек Тәшенев десек нар тұлға. Жұмабек Тәшенев – қазақ халқының қайталанбас қайраткерлерінің бірегейі» екендігін ф.ғ.д., профессор Құлбек Ергөбек те өзінің «Қатепті қара нар (Ж.Тәшенев туралы толғаныс)» мақаласында қуаттай түседі [5,7-б.].

Қорыта келгенде, Ж.А.Тәшенев атындағы университет Шымкент қаласында 2022 жылы ашылды. Мұнда жас талапкерлерге түрлі мамандықтар ашылып, әсіресе, педагогикалық мамандықтар бойынша білім беруге дайын факультеттер бой түзеуде. Білім алуға жағдай жасала отырып, заманауи техникамен қамтамасыздандырылған. Біз сол университетте білім алушыларға дәріс оқып, білім нәрімен сусындап өсіп келе жатқан ұрпаққа осындай ғұмырды баяндай отырып, өз өмірлеріне азық болар өнеге алар деп үміттенеміз. Ғибрат алу әрбір жастың арманы болуға тиіс. Халықтың ұлы перзенті Ж.А.Тәшеневтің ізін жалғап, Қазақстанға адал қызмет етеді деген сенімдеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. -Алматы, «Жазушы», 2005.-296 бет
2. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. - Алматы, «Білім» баспасы, 2005. – 200 бет.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев - Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
4. Абенова Л.У. Өшпейді оза шапқан тұлпар ізі. Шымкент келбеті 2023 жыл 8ақпан №1 (2059) 5-бет

5. Сүлейменұлы Ғ. Тау тұлғалы Тәшенев. Оңтүстік Қазақстан газеті. 2023 жыл 16 наурыз №30 (2012400) 7-бет
6. Мамыт А.А. Тау тұлғалы Тәшенев. Орталық Қазақстан газеті. 2023 жыл 16 қыркүйек №103 (23279) 6-бет
7. Мамыт А.А. Тұғыры биік тұлға. Шымкент келбеті газеті. 2023 жыл 21 сәуір №30 (2079) 4-бет
8. М.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1-том, 2000.- 286 бет
9. М.Әуезов. 50 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 2-том, 2000.- 277 бет
10. М.Әуезов. 50 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 13-том, 2010.- 287 бет

## АДАЛ АДАМ МЕН АДАЛ АЗАМАТ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАҒЫ ГУМАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

**БИТҮРСЫН Ғ.Ш.** – Ұлттық Заң академиясының корреспондент мүшесі, Жұмабек Тәшенев университеті, Шымкент, Қазақстан, ORCID – <https://orcid.jrg/0000-0002-6494-8955>, E-mail: Galimgan\_1980@mail.ru

**ИСАБЕКОВ А.Қ.** – Заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Ұлттық Заң академиясының академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан akil\_09@mail.ru

**Аңдатпа.** Ғылыми жұмыста қоғамдық ортадағы жалпыға ортақ тәртіп пен саяси тұрақтылықтың сақталуына негіз болатын басты факторлар қарастырылған. Қоғамда тұрақтылық пен стратегиялық дамудың қалыптасуы үшін заң үстемдігінің орнауы тиіс. Заңның үстемдігі адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына кепілдік бере отырып, олардың адами қадір-қасиеті мен рухани құндылықтарының өз дәрежесінде бағалануына кепіл болады. Сонымен қатар, заңды құрметтеу, бағыну, заң нормаларын толық орындауда адалдық қағидаларының атқаратын функцияларының мәні талқыға түседі. Адам мен азаматтардың ар алдындағы және заң алдындағы адалдық ұстанымдары конституциялық заңдағы гумандық қағидалардың іске асырылуына сонымен қатар, мемлекетіміздің жан-жақты дамуына өз әсерін тигізеді.

**Кілт сөздер:** мемлекет, заң үстемдігі, конституциялық кепілдік, адам мен азамат, қоғамдық орта, талап пен мүмкіндік, құқықтар мен міндеттер.

**Аннотация.** В научной работе рассмотрены основные факторы, являющиеся основой поддержания общественного порядка и политической стабильности в общественной среде. Верховенство закона должно быть установлено для стабильности и стратегического развития общества. Верховенство права гарантирует защиту конституционных прав человека и гражданина, а также признание их человеческого достоинства и духовных ценностей. При этом будет обсуждаться смысл функций, выполняемых принципами честности в полной реализации правовых норм, уважения к закону и соблюдения закона. Честное отношение людей и граждан перед совестью и перед законом оказывает влияние на реализацию гуманитарных принципов в конституционном праве, а также на всестороннее развитие нашего государства.

**Ключевые слова:** государство, верховенство закона, конституционные гарантии, человек и гражданин, общественная среда, требование и возможность, права и обязанности.

**Annotation.** In scientific work examines the main factors that are the basis for maintaining public order and political stability in the public environment. The rule of law must be established for the stability and strategic development of society. The rule of law guarantees the protection of the constitutional rights of man and citizen, as well as recognition of their human dignity and spiritual values. It will discuss the meaning of the functions performed by the principles of integrity in the full implementation of legal norms, respect for the law and compliance with the law. The honest attitude of people and citizens before conscience and before the law influences the implementation of humanitarian principles in constitutional law, as well as the comprehensive development of our state.

**Key words:** state, law supremacy, constitutional guarantees, man and citizen, public environment, requirement and opportunity, rights and obligations.

## Кіріспе

Қазіргі кезең мемлекетіміз «жаңа Қазақстанды» құру, сонымен қатар өркениетті елдердің алдыңғы шебіне шығу бағытында түрлі мемлекеттік бағдарламалар даярлап, оны қолданысқа енгізіп жатқан кезең. Кез-келген мемлекеттің өркениетке жетуі үшін сол мемлекеттегі әрбір азаматтың үлес салмағы мен күш-жігері сарып етілері анық. Осы орайда Қазақстанның жаңа тұғырға көтеріліп, әлемнің өркениетті елдерінің алдыңғы қатарынан бой көрсетуі үшін еліміздің әрбір азаматының үлес қосуы азаматтық борыш болып саналады. Әрбір адамның өз елі алдында азаматтық борышын аса жауапкершілікпен орындауы үшін оның ар және заң алдындағы адалдық ұстанымы қалыптасуы тиіс. Адалдық ұстаным әрбір азаматтың бойында тұрақты қалыптасқан жағдайда, сол қоғамда азаматтарға қауіпті әрекеттер мен қылмыстық оқиғалар азаяды, азаматтардың жайлы өмір сүру деңгейі көтеріледі және жалпыға ортақ идеялар мен халықтың мүддесін қорғайтын құқықтық шешімдердің жариялануына жол ашылады. Азаматтардың ар және заң алдындағы адалдығы олардың тұрақты ұстанымына айналған жағдайда әділетті қоғам орнайды. Адам мен азаматтардың адалдығы, ар алдындағы тазалығы тұрғысында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің әрбір сөзінде тілге тиек етіп келеді. Нақты айтар болсақ, мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысының екінші отырысының тақырыбын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» деп бекіткен болса, үшінші отырысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты тақырыпта өрбіді. Сол келелі кеңесте Президентіміз әрбір адамның адал еңбекпен адал табысқа кенелген жағдайда ғана оның ар алдында, қоғам алдында, өз отбасының және кейінгі өскелең ұрпақтың алдында абыройы асқақ азамат болып қалатынын алға тартқан болатын[1].

Қоғамдық ортадағы жалпыға ортақ тәртіп пен саяси тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін оған негіз болатын басты факторларды анықп алу қажет. Қоғамда тұрақтылық пен стратегиялық дамудың үлгісі қалыптасуы үшін заң үстемдік етуі тиіс. Заңның үстемдігі адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарының заңмен қорғалуына кепілдік береді, сондай-ақ олардың адами қадір-қасиеті мен ар алдындағы тазалығының дұрыс бағалануына септігі тиеді. Адам мен азаматтардың ар және заң алдындағы тазалығы ең алдымен заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жүйелі орындалуына, екіншіден халықтың мемлекеттік биліктің талаптары мен қабылданған заңдар мен құқықтық нормаларға деген сенімі мен құрметін қалыптастырады. Адам мен азаматтардың ар және заң алдындағы адалдық ұстанымдарының қалыптасуы конституциялық заңдағы гумандық қағидаларды іске асыратын, сондай-ақ еліміздің өсіп-өркендеуі мен өркениетке қадам басуына ықпал ететін басты фактор болып табылады.

Әдебиеттерге шолу. Адам мен азаматтардың ар мен заң алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру, олардың қоғамдық қатынастардағы әрбір әрекеттерінің ақ-қарасын ажырату үшін біз келесі заң ғылымдарына, әдеп ережелерге, құқықтық және қаржылық сауаттылыққа баулитын келесі әдебиеттерге шолу жасалды. Ең алдымен адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары 1995 жылдың 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы назарға алынды. Ата заңымыздың адам құқықтарын қорғау заңнамаларының талаптарын кең көлемде саралау мақсатында 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен ұлттар ұйымы Бас Ассамблеясының қаулысымен бекітілген «Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі Декларация» басшылыққа алынды.

Адам мен азаматтардың ар мен заң алдындағы жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысымен бекітілген заңнамаларда да айқын көрініс тапқан. Осы мәселеде заңгер-ғалымдар Омар Б.М., Битұрсын Ғ.Ш., Баетов Е.К. Азаматтық құқықтың объектілеріне және субъектілеріне қатысты мәселелер атты оқу құралында және Алматы қаласында 1996 жылы басылып шыққан Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының материалдарында азаматтық адалдық ұстанымдары терең сараланған. Сондай-ақ, Омар Б.М., Сайдахмет Э., Қасымбеков Н.Б.

Қазақстан Республикасы құқық жүйесінің қалыптасуындағы әдет-ғұрып нормаларының рөлін зерттейді. Орыс ғалымы Т.М. Культелеевтің «Уголовное обычное право казахов» және

«Материалы по казахскому обычному праву», «История государства и права Казахской ССР» еңбектер де ғылыми жұмыстың бағытын анықтауға өз үлесін қосты. Заңгер-ғалым Сартбаева У.К., Битұрсын Ғ.Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы оқу құралы, Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы, «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысы ғылыми жұмысымыздың тақырыбына сай адам мен азаматтардың адалдық ұстанымын қалыптастыруда мұрындық болатын негізгі факторларды анықтауда септігі тиді.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Қоғамда адам мен азаматтардың барлығы-дерлік конституциялық құқықтар мен бостандықтардың заңмен қорғалатынын жақсы түсінеді, сондай-заң үстемдігіне бас иеді. Олай болатыны, заң үстемдігі жеке адамдардың қажеттілігіне емес, қоғамдағы барлық адамзат баласының (ел азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ азаматтар) ортақ мүддесіне қызмет етеді. Сондықтан да заңды құрметтеу, бағыну, заң нормаларын орындау сияқты ізгілік қағидалары әрбір адамның санасында қалыптасқан.

Адам мен азамат кез-келген мемлекеттің иесі ретінде ең маңызды рөлді иемденеді, сонымен қатар баға жетпес байлық болып саналады. Ал адам мен азаматтардың өз отанына, туған жеріне, өз отбасына деген адалдық ұстаныммен өлшенетін қағидалары өз мемлекетін өркениетке бастайтын бірден-бір ізгілік нормасы болып табылады. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының алғашқы бабында: «... мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп тайға таңба басқандай анық жазылғандығын алға тарта аламыз[2].

Зерттеу тақырыбымызда зерттеу әдістерінің отандық жоғары оқу орындарының білім алушыларына және Шымкент қаласындағы мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне сауалнама (анкета) жүргізу арқылы адам мен азаматтардың ар және заң алдындағы адалдық ұстанымдарын анықтау тәсілін қолдандық. Білім алушылар арасында жүргізілген сауалнамаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында 1-3 курстарда оқып жүрген 2189 студент қатысты, ал мемлекеттік мекеме мен білім беру ұйымдары қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнамаға 678 қызметкер тартылды. Сауалнама қорытындысын талдау және нәтижелер бөлімінде келтіретін боламыз.

Қазіргі қоғамды озық технологияның мүмкіндіктері барынша қолданысқа енгізілген жаңа қоғам ретінде қабылдауымызға болады. Заманауи озық технологиялардың мүмкіндіктерінің артуы қолданушылар үшін өте тиімді болғанымен, кейбір реттерде қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы іс-әрекеттердің орын алуына түрткі болып та жатады. Мұндай құбылыстарға нақты мысал келтірер болсақ, қазіргі уақытта етек жайып келе жатқан интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстарын алға тарта аламыз[3]. Қазақ халқы «таяқтың екі ұшы бар» деген. Ол деген кез-келген игілікті нәрсенің кері әсер беретін жағы да болады дегенді білдіреді. Осы тәмсіл ақпараттық технология барынша дамыған қазіргі таңда «ұялы мобильді телефон қызметінің мол мүмкіндігін» алға тартуға болады. Бүгінгі таңда адамдар әлемнің қай түкпірінде болмасын бір-бірімен тәулік бойына еркін және бір-бірімен жүздесіп байланысқа түсе алады. Сонымен қатар, өзі тұрған объектіні толығымен камераға түсіре алады. Бір-бірімен жүздесіп байланысқа түсу мүмкіндігі бірін-бірі сағынған ата-ана мен бала не туған-туыс арасындағы сағынышты басуға септігі тиеді. Ал екінші жағынан қылмыстық ниеттегі адам



өзі тұрған объектіні толығымен камераға түсіру арқылы қылмыстың жоспарын және оның ізін жасыру амалдарын түзе алады.

Ал озық технологиялардың мүмкіндіктерін тек жұмыс барысында игілік көзі ретінде ғана қолдану ол, адам бойындағы адалдық қасиеттердің беріктігін білдіреді. Жалпы, адамзат баласының бойындағы адами құндылықтар, сондай-ақ әділеттікке бас иіу, ізгілік жолымен ізет көрсету, теңдікті қалау, бостандық ұғымын биік санау секілді ұстанымдар конституциялық заңдағы гумандық ұғымның негізгі қағидалары болып табылады.

Талдау мен нәтижелер. Халқымызда «Адалдық ардың ісі» деген даналық сөз бар. Осы екі ауыз сөз қазіргі қолданыстағы Конституциямыздың талаптарына, қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің тиым салу нормаларына толық жауап бере алады. Жоғарыда атап өткеніміздей, мемлекетіміздің Ата заңы - Конституциямыздың бірінші бабында адам өмірі мен оның оның конституциялық құқықтарын ең асыл қазына деп танығаннан кейін адамның қадір-қасиетіне де ерекше мән берілген-ді. Мемлекеттің жалпыға ортақ заңы әрбір азамат үшін заңдылық күші бар құжат болып табылады. Алайда, сол қабылданған заңдардың жүйелі түрде іске асырылуы азаматтардың заң алдындағы және ар алдындағы жауапкершілігіне тікелей байланысты болып келеді. Заң мен ар алдында әрбір азамат өзінің азаматтық борышы мен қызметтік жауапкершілігіне (өзіне жүктелген міндеттеріне) адал қарап, өзіне тиісті нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай әрекет ететін болса, әрбір құқық нормалары жүйелі жүзеге асырылады. Заң талаптары мен құқық нормаларының жүйелі іске асырылуының екінші жолы - заң талаптарын қоғамдағы әрбір азаматтың дұрыс талап ете білу міндеті. Әрбір азамат (тұтынушылар) қайбір мәселе болмасын қызмет көрсету секторынан (мемлекеттік қызметші немесе басқа сала қызметкерлері) өзі келіп отырған мәселеге қатысты қызмет көрсету түрін тиісті заң аясында талап етуі тиіс. Тұтынушылар тарапынан заң асында талап қойылатын болса, қызмет көрсетуші тұлға өз қызметіне байланысты нақты жауапкершілікті сезінетін болады. Қоғамда күнделікті өмірде байланысқа (азаматтық қарым-қатынасқа, сауда-саттық, білім беру т.б.) түсетін екі тарап та конституциялық заң талаптарының бұзылмауына ықпал ететін болса, қоғамда тазалық орнайды. Мемлекет өркениетке бір қадам жақындай түседі. Қоғамдық қатынасқа түсетін тараптардың бойындағы конституциялық заңдардың бұзылмауына ықпал ететін негізгі фактор - ол, адам мен азаматтардың бойындағы адами адалдық қасиеті болып табылады. Керісінше, тараптар біле тұра конституциялық заң талаптарының бұзылмауына ықпал етпеуінің негізінде қоғамда түрлі келеңсіз оқиғалар мен қылмыстық әрекеттерге жол ашылып жатады. Ортақ тәртіпке бой ұсынбағандықтан халықтың қоғамдық санасы (ой-өрісі) немқұрайдылық көзқарастарды құрайды. Заң талаптары қуаттайтын қатаң қағидалар өз қызметін атқармағандықтан адам мен азаматтар арасында қабылданған заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге деген сенімсіздіктер пайда болады да соңы түрлі қылмыстық әрекеттер мен құқық бұзушылықтарға ұласуына алып келеді[4, 396.].

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отырғандай, сауалнамаға қатысқан отандық жоғары оқу орындарындағы білім алушылар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің жауаптары адам мен азаматтардың ар мен заң алдындағы адалдық ұстанымдары түрлі қылмысқа жол ашатын әрекеттердің алдын алуға сондай-ақ, халықтың сенімін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі фактор бола алатындығын көрсетті. Адам мен азаматтардың бойында өз отанына деген адалдық қағидалары жойылған жағдайда, олар бір-бірімен өзара сөз байласу арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол беруі әбден мүмкін.

Мәселен, білім алушылар елімізде сыбайлас жемқорлық әрекеттері көп кездеседі деп есептейді, бірақ өздерінің сол әрекеттерге байқаусызда (білместікпен) жол беріп қоятындықтарын білмейді. Олардың жемқорлық әрекеттері көп кездеседі деген пікірлерін негізге алмауға болмайды. Оған әсер ететін фактілер – еліміздегі лауазымды тұлғалардың жемқорлыққа қарсы қылмыстары әшкереленіп, ресми БАҚ арқылы және әлеуметтік

Currently, the main functions of the teacher are: organizer, manager, guide, motivator. The training follows a three-stage structure. The dialectic of G. Hegel. According to this dialectical teaching, which says that a person brings all the concepts in his consciousness to the objective level, our concepts consist of three stages: thesis-antithesis-synthesis. If we form any idea of the world, it is a thesis in the process of cognition. The opposite statement is the antithesis.

In order to acquire objective knowledge, we must, through reflection, compare the necessary aspects of the thesis and the antithesis, find the middle meaning-synthesis. Hegel believed that from the intersection of two opposing statements and opinions (thesis-antithesis), true understanding and knowledge arise (synthesis).

Jean Piaget noted that from the experiences of students that determine the peculiarities of children's thinking, their thinking consists of three stages. At the first stage, children present their point of view, at the second stage they advocate the point of view of others, and at the third stage they choose a relative point of view, taking into account simple things. This process is similar to the process of gradual socialization of thought: first pure egocentrism, then socialization, and finally complete objectification. These are three stages show three stages of thinking in our concept: transduction, simple deduction, and complete deduction [3,38 P.]

Zhanpeisova M. explains the three-stage structure of training: the study of each independent topic should consist of three stages: introductory-interest, operational-cognitive and reflexive-evaluation.

In traditional teaching: - adheres to the three-stage structure of the lesson (there may also be changes) in the format of repetition of the past, interpretation of new knowledge, and consolidation. The teacher is limited to the transfer of knowledge. The more information is provided, the more correct it is. In such classes, students are not given the opportunity to form their own ideas and opinions, reflecting on what they have learned in practice, what they can use in everyday life. Only reproductively it can be repeated [4,25 P.].

The project "development of Critical Thinking Through Reading and writing", which has been used in the field of education since 1997, also follows three structural stages of the lesson: - awakening of interest, delineation of meaning, reflection. The structure provides for the involvement of each student in a reflexive dialogue with the teacher, describing how the thought process develops.

In modern educational projects, there are three structural stages of the lesson: first, students are actively engaged in mastering knowledge by remembering what they have learned in the past. Being in a state of cognitive imbalance, they become interested in New Knowledge. (Jean Piaget)

At the second stage, students perform cognitive actions independently.

At the third stage, students reflect on what they have learned, discuss it, and through these actions they form new concepts.

As a result, the main focus in constructive education is not on the subject or program, but on the student personality and the presented knowledge motivates the person to change: when the student changes the acquired knowledge in his own way, the learned knowledge also changes the personality of the student.

Therefore, constructive knowledge is called transformative knowledge. The reason for the so-called constructive knowledge is: - the student independently builds an independent (original) meaning, concept, idea, thought, conclusion from information, facts, rules and principles;

- Constructive knowledge encourages the student to change his personality to self-transformation through reflection;

- Constructive knowledge not only gives the individual clear goals and means of self-transformation, but also absorbs them into the personality and mobilizes them for self-improvement.

Constructive knowledge is an urgent problem of today, because descriptive or explanatory knowledge, no matter how necessary, they cannot change the world, the world can only change through transformative actions of a person, which means that the main focus in teaching should be on the personal qualities of the individual and his active actions, what he can do.

The main characteristic of constructive education is its attractiveness and interest to every student.

How to make a lesson interesting? Only things that a person decides are meaningful to him attract him and arouse his curiosity. An interesting lesson is what is important from the point of view of the "I", which takes into account the interests of the individual. For this reason, all systems of constructive knowledge are concentrated around a life problem or set of problems that are important to each person. The main goal of the teacher is to make him feel that the topic in the lesson is relevant for him, which he considers meaningful.

#### **List of references:**

1. Address of the republic of Kazakhstan president Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "unity of the people and systemic reforms-a solid foundation for the prosperity of the country 01 september 2021.
2. Resolution of the government of the republic of kazakhstan no. 827 state program "digital Kazakhstan" dated december 12, 2017.
3. Alimov A. K. "Interactive teaching methods. textbook / - Astana: centre of pedagogical skills of AOE " Nazarbayev Intellectual Schools", 2014.-186 pages.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

**Байтенова Қаламқас Қыдырбекқызы**

Педагогика ғылымдары магистрі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының expertі,  
(Астана қаласы, Қазақстан Республикасы)  
baitenova\_k@cep.nis.edu.kz

**Аңдатпа.** Бұл мақалада бастауыш білім берудегі өзекті мәселелердің бірі – бастауыш сыныпта тілге бойлау әдісі негізінде бірінші тілі өзге тіл болып табылатын оқушының айтылым дағдысын қазақ тілінде дамыту мәселесі қарастырылады. Канада, Австралия және Эстония мемлекеттерінің тілге бойлау тәжірибесі негізінде айтылым дағдысын қалыптастырудың алғышарттары қарастырылады. Бастауыш сыныпта тілге бойлау әдісі негізінде мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге негізделген қазақстандық қазақ тіліне бойлау жобасын ендіру және эксперименттік жұмыс туралы деректер қолданылады. Мақалада осы зерттеудің кейбір нәтижелері, атап айтқанда оқушылардың ауызша тіл дамуы, айтылым дағдысының қалыптасуы туралы көрсеткіштер ұсынылған.

**Кілт сөздер:** тілге бойлау, екінші тіл, айтылым, тіл шығу кезеңі, қарым-қатынас.

**Аннотация.** В настоящей статье рассматривается один из актуальнейших вопросов начального образования – развитие навыков говорения на казахском языке у учащихся, первым языком которых является другой язык, с помощью метода языкового погружения в начальной школе. На основе опыта Канады, Австралии и Эстонии в применении метода языкового погружения изучаются предпосылки формирования навыков говорения. В основу методики языкового погружения в начальной школе положены результаты реализации проекта погружения в казахский язык и экспериментальной работы, направленный на расширение сферы использования государственного языка. В статье представлены некоторые результаты данного исследования, в частности, показатели развития устной речи и формирования навыков говорения учащихся.

**Ключевые слова:** языковое погружение, второй язык, говорение, период формирования речи, коммуникация.

**Abstract.** This paper considers one of the most topical issues in primary education – the development of speaking skills in the Kazakh language among students whose first language is different, using the method of language immersion in primary school. Drawing on the experience of Canada, Australia, and Estonia in applying the language immersion method, the prerequisites for the development of speaking skills are examined in the context of this study. The methodology of language immersion in primary school is based on the results of implementing the Kazakh language immersion project and experimental work aimed at expanding the use of the state language. The paper presents some results of this research, including indicators of primary students' oral speech development and speaking skills formation.

**Keywords:** language immersion, second language, speaking, speech development period, communication.

### **Кіріспе**

Қазіргі жаһандану заманында ұлтымыздың бірегейлігін сақтап қалу мақсатында қазақ тілін қолданушы азаматтар санын арттыру – өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын жүзеге асыру [1] Елімізде аталған бағдарламаның қолға алынуына себепші факторларды қарастырайық. Халық санағының

ресми мәліметі бойынша 1991 жылы мемлекет азаматтарының 31% -ы ғана қазақ тілін білген. Ал 2015 жылы қазақ тілін білетін азаматтар 76,3%, 2021 жылы 80,1% -ға жеткен. Бірақ күнделікті өмірде қазақ тілін қолданушылардың үлесі 49,3%-ды құрайды. [2] Аталған көрсеткіш азаматтардың мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтудің қажеттілігін көрсетеді. Күнделікті қоғамдық ортада, балабақша мен мектептерге келуші балалар мен олардың ата-аналарынан мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасауға қиналатыны байқалады. Қазақстанда тұратын этнос өкілдерімен қатар ұлты қазақ азаматтардың да мемлекеттік тілді меңгерулеріне қолайлы жағдай жасап, тек қана қарым-қатынас жасау мақсатында емес, қазақ тілін білім алу, еңбек ету мақсатында да қолдануға, бірнеше тілді меңгеріп өзін дамытуға мүмкіндік жасау маңызды. Сондықтан да болар тілдерді дамытудың мен қолдану бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау болып белгіленді. Осы тұста «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы аталған шараға атсалысып, екінші тілді оқытудың әлемдік тәжірибесін зерттеп, тілге бойлау (ағылш. language immersion) әдісінің іс-тәжірибесіне тоқталды. Тілге бойлау әдісі дегеніміз не? Тілге бойлау әдісі екінші тілді үйренуді мейлінше табиғи тәсілмен ұйымдастыру болып табылады. Бұл әдіс тіл үйренуді баланың тіл шығу кезеңдерін ескеріп, сөздік, грамматикалық ережелер жаттау арқылы емес, тілдік орта құру арқылы жүзеге асыруды көздейді.

Тілге бойлау әдісі 1965 жылдан бастап Монреальда (Канада) кеңінен қолданыла бастады. Канада елінде ресми екі тіл болғандықтан азаматтар жұмысқа тұруда, қоғамдық ортада қарым-қатынас жасау барысында қиындықтарға кездесіп отырды. Сол себепті әдістің мақсаты француз тілді Квебек қаласында тұратын ағылшын тілді оқушылардың ресми тілді тез үйреніп алуына және керісінше француз тілділерге ағылшын тілін үйренуге көмектесу болды. Әдіс табысты болып, канадалық мектептерге кеңінен тарады. Бұл тәжірибе өзге елдерге, атап айтқанда Финляндия, Жапония, Австралия, Испания, Америка Құрама Штаттары, Эстонияда тілді дамыту мақсатында оқу үдерісіне енгізілді. Эстония мемлекеті тәуелсіздік алғаннан кейін 1994 жылы Мектеп департаменті орыс тілді оқушылардың эстон тілін нашар меңгеру жағдайына тап болады. «Эстонияда өзге тілді адамдарға эстон тілін оқыту өте нашар ұйымдастырылған. Орын алған жағдай сағат санына байланысты емес, себебі басқа мемлекеттермен салыстырғанда бөлінетін сағат саны артық.» деп Білім және ғылым министрінің кеңесшісі Эпп Ребане тұжырым жасады [3, 116]. Тілді оқытудың жаңа әдісін іздеген эстондық әріптестер Канада елінің тәжірибесімен танысу және білім беру үдерісіне енгізуге дайындық жұмыстарын 1998 жылы бастап, 2000 жылы балабақшалар мен орта білім беру жүйесіне енгізді.

Бүгінгі таңда тілге бойлау мәселесін жүзеге асырудың ұтымды жолын табу, оны ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әр қырынан зерттеген шетелдік ғалымдар қатарында П.Мехисто [4], Х.Ассер, Ф.Женесе, Ж.Болжер, Б.Кармоди, Линду Бойнтон, И.Десрошерса, О.Литл [5] және т.б. кездеседі.

Тілге бойлау орталығының ғалымдары Пеетер Мехисто мен Татьяна Мироненконың жееткшілігімен әзірленген мектеп директорлары мен мұғалімдеріне арналған «Настольная книга о языковом погружении» атты оқу құралының бірінші бөлімінде Монреал қаласындағы McGill Университетінің атақты ғалымы Фреда Женесе тілге бойлау бағдарламасының мақсаты мен ұстанымдарына, тілге бойлау моделінің түрлерін, тілге бойлау бағдарламасын бағалау, тілге бойлау ұғымының тарихи көрінісін қарастырады. Фреда Женесемен қатар Жоржет Болжер, Брюс Кармоди, Линда Бойнтон, Ив Десрошерс және Ольга Литлдер тілге бойлау әдісі бойынша құнды материалдары мен зерттеулері негізінде жасалған тұжырымдарымен бөлісіп, тілге бойлау әдісінің енуіне атсалысқан.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы тілге бойлау әдісін ендірудегі серіктес ретінде эстондық әріптестерге тоқталды. Себебі, тәжірибе алмасу үшін географиялық орны, кеңестік жүйеде бір болуымыз және қарым-қатынас тілі ретінде орыс

тілін қолдану мүмкіндігі уақытты үнемдеуге сеп болады деп саналды. 2012 жылы Эстония мемлекетіндегі тілге бойлау бағдарламасын зерттеу, іс-тәжірибесімен танысу жұмыстары басталды. Отандық зерттеушілер қатарында п.ғ.д., профессор М.Ж.Джадринаның «Қазақ тіліне толық енуге арналған оқу құралы» әдістемелік нұсқаулығында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамып, әлеуметтік міндеттерінің толық мағынада іске асуы – оның қолдану аясының кеңеюінің кепілі. Қыры мен сыры толық зерттеліп үлгермеген бұл мәселенің теориялық тұрғыдан гөрі іс жүзіндегі бастамаларының басым болуы – өмір заңдылығы. Сондай бастамалардың бірі – қазақ тіліне толық бойлау арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру. Орыс тілді оқушының мектеп табалдырығын аттаған сәтінен бастап қазақ тіліне толық бойлауын қамтамасыз ететін оқу ортасын жасаған жағдайда екінші тілді меңгеруі табиғи жолмен жүзеге асады.» деп атап көрсетті [6, 36]. «Әр баланың ана тілін табиғи болмысына сай меңгеруі оның дүниетанымы мен ой-өрісін дамытудағы, табиғат берген бейімділік пен қабілеттің көзін ашудағы рөлі көпшілікке мәлім. Ал екінші, үшінші тілді үйрену балаға жаңа мүмкіндіктер береді: білім мен білігі артады, мәдени деңгейі өседі.» - деп тұжырымдаған профессор М.Джадрина «Қазақ тіліне бойлау жобасын» ұсынды [6, 46].

Бұл «Назарбаев Зияткерлік мектептері» (*әрі қарай - НЗМ*) дербес білім беру ұйымы жүзеге асырған еліміздегі білім беру саласындағы тың бастама болды. Тілге бойлау – бұл білім беру ұйымдарында өзге тілді баланың әлеуметтік ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға ынталандырып, оқу-танымдық әрекет барысында мақсатты тілді игеруінің ұтымды әдісі.

Ерте жастан тілге бойлаудың қазақстандық 2 моделі белгіленді: бірінші модель: тілге ішінара бойлау – балабақшаның кіші және ортаңғы тобында уақыттың 50%-ы мақсатты тілде; екінші модель: тілге толық бойлау – ересектер тобы және 1-сыныптан бастап 100% мақсатты тілде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру. 2012-2013 оқу жылы Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» балабақшасында тілге бойлаудың жартылай және толық модельдері ендірілді. Келесі оқу жылы 2013-2014 оқу жылы Талдықорған қаласындағы мектеппен қатар Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебінде» ата-аналарының келісімімен тілге толық бойлау 1-сыныбы ашылды. Осылайша өзге тілді балалардың қазақ тілін (мақсатты тілді) табиғи жолмен үйренуіне мүмкіндік жасау, ерте жастан тілге толық бойлау қолға алынды.

Тілге бойлау әдісінің негізін құрайтын табиғи тәсілдің негізгі ерекшелігі неде? Табиғи тәсіл баланың тіл шығу кезеңдерін ескере отырып, ана тілін меңгеру тәжірибесіне сүйенеді. Дүниеге келген бала 1 жасқа толғанға дейін тілді қабылдау, яғни сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезеңнен өтеді. Өзіне қарап сөйлегенді біледі, кездейсоқ дыбыс шығарады, үілдейді, жылау арқылы, қалағанын қолымен көрсету арқылы қарым-қатынас жасайды. Адаммен қарым-қатынас барысында сөйлеуді имитация жасай бастайды, әуен, интонация және екпін қойып өзінше сөйлеген болады, эмоцияны жақсы қабылдайды. 1 жасқа толар кезде бала тілді түсіне бастайды. Ал сөйлеу тілі шығу кезеңінде 1-2 жас аралығында баланың ауызша тілі дами бастайды. Ол жеке сөздерді қарым-қатынас үшін қолдануды үйренеді. Бала айналасындағы заттардың атауын тануға және сөзді қайталауға қабілетті. Ескеретін жай бала өзі айтқан сөзіне қарағанда әлдеқайда көп сөздің мағынасын түсінеді. 2 жасқа толған бала сөйлеуді қарапайым фразалар айтудан бастап, біртіндеп үш-төрт сөзден тұратын сөйлеммен сөйлеуге көшеді. Бала қарапайым сұрақ қойып, жауап бере алады. 4 жасқа келгенде кейбір өсімдік атауларын, көптік жалғауды, қосымшаларды қолдана алады. Баланың тілі табиғи жолмен шыққандықтан ол грамматикалық ережелерді білмесе де, оны сөйлеуде қолдануды тәжірибе арқылы меңгереді. Баланың тіл шығуына тікелей әсер етуші фактор **қарым-қатынас жасау** болып табылады. Себебі бала тілді алдымен құрсақта, онан кейін дүниеге келген сәттен бастап тыңдау арқылы қабылдап,

түсіне бастады. Сондықтан да екінші тілді оқытудың коммуникативтік ұстанымы басшылыққа алынады.

Отбасында баланың үйренген, сөйлейтін тілі бірінші тіл деп саналады. Бірінші тілді ана тілі деп те атауға болады. Ал екінші тіл дегеніміз – баланың бірінші тілден кейін үйренетін тілі. Адам екінші тілді меңгеру барысында ана тілінің тәжірибесіне сүйенеді. Екінші тілді меңгеру – ұзақ уақытты талап ететін үдеріс. Екінші тілді меңгеру үшін көп күш жұмсалады, өйткені алдымен сөздік қорды меңгеру, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу тәжірибесін дамыту көзделеді. Екінші тіл ретінде әлемдегі кез келген тілді оқытуға болады. Біздің жағдайымызда өзге тілді балаларға мақсатты тіл ретінде қазақ тілін үйрету жүзеге асырылады.

Тілге бойлау әдісі негізінде тілді үйретуде сөйлеу әрекетінің төрт түрі ішінен алдымен ауызша сөйлеуге дағдыландырудан бастауға басымдылық беріледі. Осы тұста Жүсіпбек Аймауытов «Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, содан кейін оқуға, жазуға үйретілсін» деген ойы тілдерді оқытудағы коммуникативтік ұстанымға негіздеме бола алады [7, 346]. Өйткені ауызша сөйлеу қатысымдық тәжірибе негізінде қалыптасып, тыңдалым мен айтылым әрекеттерін қамтиды. Аталған екі әрекетті бір-бірінен ажыратып, бөлек қарастыру мүмкін емес. Тыңдалым рецептивті дағды: тілдің мағынасын түсіну, сәйкес әрекет ету арқылы тілді қабылдаудың негізін қалайды. Айтылым дағдысы деген не? Айтылым – сөйлеу әрекетінің түрлерінің ішіндегі продуктивті дағдының бірі. Филолог-ғалым, профессор Ф. Оразбаева: «Айтылым – тілдік қарым-қатынас барысында адамның мақсатына сәйкес ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге жеткізуі, санамен қабылданатын сыртқы дүниенің әсерін ауызша айту арқылы білдіретін, қатысымдық бірліктерді қамтитын күрделі процесс» деп анықтама береді [8, 3316]. Қысқаша айтқанда, айтылым дегеніміз – адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойын жеткізу үшін сөздерді қолдану. Ж. Аймауытов: «... тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады. Сөз, сөйлем, әңгіме дегеніміз – жазуша не ауызша кісінің айтқан ойы, не басқалардың сөзі арқылы жасайтын ақылымыздағы жасырын ой. Сөз бен ой бірінен бірі айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе, Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды, Ой жетілуі мен тіл жетілуі қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілдіру мүмкін емес» деп ойды жарыққа шығару құралы ретінде тілдің маңыздылығын атап көрсетті [7, 336]. Ендеше айтылым дағдысын дамытуға арналған материалдар, тапсырма түрлері мен әдіс-тәсілдер бірінші кезекте баланың ойын дамытуға, сол арқылы дүниетанымын кеңейтуге ықпал етуі керек.

Оқушының айтылым дағдысы қалай қалыптасады және дамиды? Бастауыш сынып оқушылары жағдайында айтылым әрекеті күнделікті тіршілікте таныс контексте диалогке түсуден бастау алады. Айтылым – өте маңызды дағды, өйткені оқушы сөйлей алмаса, кітап та оқып, жаза алмайды. Оқушылар ауызша сөйлеудің белгілі бір деңгейіне жеткенде оқу мен жазуды бастауға болады. «Настольная книга о языковом погружении» кітабында сөйлеу әрекетінің түрлерін сабақ барысында кіріктіріп қолданудың маңыздылығы мен шамамен бөлінетін уақыт ұсынылған.

**1-кесте. Бастауыш сынып бағдарламасында оқыту мен бағалауға арналған шамамен (%) уақыты**

Тыңдалым	Айтылым	Оқылым	Жазылым
35%	35%	15%	15%

Ұсынылған кесте бастауыш сыныпта екінші тілді оқытуда төрт тілдік дағдыны дамытуға бағдар болады. Оқу үдерісінде сөйлеу әрекетінің түрлерін кіріктіріп жүзеге асыру барысында мәдени аспекті де қамтылуы тиіс [5, 1576]. Осы тұста тілге бойлаудың алғашқы жарты жылдығында түрлі кесте, сурет, карта, инфографика, сызба, диаграммалардан ақпарат алу – оқылым дағдысы, ойын сурет, модель, сызба, шартты

белгілер арқылы жеткізу – жазылым дағдысының негізі екенін тапсырма құрастыруда ескеру маңызды.

Балабақша мен бастауыш сыныпта айтылым дағдысын дамыту қалай жүзеге асады? Балалармен әңгімені неден бастаймыз? Ж. Аймауытовтың «Жұмыстау негізіне баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын.» деген қағидасын ескеріп, балаға таныс бірінші тілде өзі түсіндіре, ой бөлісе алатын тақырыптары аясында ауызша тіл дамыту жұмысы басталады [9, 356]. Айтылым әрекетін дамыту үшін қарым-қатынасқа түсуді, ауызша сөйлеуге ынталандыратын жағдаяттар мен әңгімелесуді талап ететін тапсырмалар қолданылады. Тілге бойлауды жүзеге асыру үшін баланың қызығушылығын оятып, танымы мен ой-өрісін дамытатын, қарапайым мәселені шешуге бағыттайтын жағдаяттар ұсынылады. Бұл жағдаяттар балаға қарым-қатынас жасауға, сөздік қорын толықтырып, белсендіруіне түрткі болады. «Қарым-қатынас жасау қажеттілігін туындататын шаралар арқылы тиімді қарым-қатынасқа қол жеткізуге болады. Мазмұнды әрі мақсатты әңгімелесу – балалардың тілді саналы түрде қолдана бастауына және түсінігін пысықтаудың негізгі тәсілі. Айтылым тіл үйренуге байланысты барлық іс-әрекеттердің негізі болуы керек» [10, 146]. Сондықтан бала сөйлеуге талпыныс жасауына қажеттілік туындайтын оқу ортасы мен үдерісті ұйымдастыра білу маңызды. Кей балалар тыңдағанын түсініп, бірақ жауабын ым-ишарамен, эмоциясы мен реакциясы арқылы да көрсетеді. Яғни нақты бұл балалар әлі де тіл шығудың сөйлеуге дейінгі кезеңі, нақты айтсақ «үнсіздік кезеңін» бастан кешіреді. Осы тұста балаларға тыңдауға, өзгелермен бірге үйренуге, хормен қайталауға, құрамында қайталанатын сөздері бар әрі шағын ән мен өлеңдерді қимыл қозғалыспен немесе би қимылдарымен орындатуды жүйелі қолдану маңызды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде баланың сөздік қорын дамытуға, үйренген сөздерін түрлі ойын барысында қолдануына жағдай жасай аламыз. Ұсынылған ойын түрлері сөздік қорды дамытумен қатар баланың бақылампаздығын, зейінін, ойлау қабілетін дамытуға септігі тиетіндей ұйымдастырылуы керек. Нақты әрі қысқа сұрақ қою және жауап беруіне қолдау көрсету, біртіндеп баланың түсінуіне, тілмен тәжірибе жасауына, талдауына ықпал етеді. Әсіресе осы кезеңде белсенді сөздік қорды дамыту мақсатында үйренген жаңа сөздерді кіріктірілген оқыту ұстанымы негізінде жан-жақты қарастырып, оқу әрекетін түрлендіруге назар аударылады. Осындай шаралардан соң екінші тілде қарым-қатынас жасау жеке сөздерден «иә», «жоқ», «бар» т.с.с қысқа жауаптарды қамтиды. Бұл заңды құбылыс, өйткені тіл шығудың «бастапқы кезеңінде» балалар тыңдағанын түсініп, оны көрсетуге талпынады. Баланың ойы дамымай, тілі де дамымайды. Сондықтан балаларға күнделікті өмірмен тығыз байланысты, өзіне таныс жағдаяттарды қамтитын шағын оқиғаларды оқып беру, оқығаны негізінде сюжетті-рөлдік ойындар ойнау айтылымды дамытуға ықпал етеді. Кейіпкердің көңіл-күйін, эмоциясын жеткізу арқылы баланың бойында сенімділік пайда болады. Диалогке түсу барысында жеке сөзбен емес сөйлеммен сөйлеу дағдысы қалыптасады. Шағын диалогке түсу барысында тыңдағанын түсінуін тексеру мақсатында «Сен не деп жауап бердің? -деп емес, «Досың\жұбың не деп жауап берді?», «Досың туралы не білдің?» т.с.с нақтылау сұрақтарын қойып, әрі мазмұн айтуға дайындық жұмысы болып табылатын оқу әрекетін үнемі жүргізу маңызды. Кіші жастағы балалардың сүйікті әрекеті – ойын. Балалар ойыннан жалықпайды. Бала ойынын жалқы һәм жалпы ойынға бөлген Мағжан Жұмабаев: «Жалпы ойын жалпы тұрмысқа яғни басқа адамдармен бірігіп тұруға үйретеді. Өзінің сөзін, тілегін біреуге тыңдатып, басқаның тілегін, сөзін өзі тыңдап, қысқасы біріккен тұрмыстың бірінші шарты – жалпы заңдарды орындап, атқарып үйренеді. Ал енді жалқы ойын яғни жалғыз ойнау баланың алаңғасар, еліктегіш болмай, өз ісіне ынталы, тиянақты болуына пайдалы. Бірақ осы екі түрлі ойынның екеуінің де кемдік жағы бар. Ылғи жалғыз ойнап үйренген бала тағы, менменшіл болып, ылғи көппен бірге ойнап үйренген алаңғасар, тиянақсыз, еліктегіш болып шығуға мүмкін. Сондықтан дұрысы – ойынның екі түрін кезекпен ауыстырып отыру.» дейді [11, 966]. Сондықтан біз

өз тәжірибемізде осы ұстанымды ұстанып, жалпы ойындарды сөздік қорды толықтыру, айтылым дағдыларын дамыту үшін, ал жеке орындалатын ойындарды баланың тілдік дағдыларын бекіту, нәтижелерін бақылау, кері байланыс беру, бағалау мақсаттарында қолдандық.

Сонымен баланың айтылым дағдысын дамытуға: ойын, музыка, сахналау, қозғалмалы және моделдеу ойындары ықпал ететініне толық көз жеткіздік.

Тілге бойлау жағдайында айтылым дағдысын дамыту мақсатында қандай әдіс-тәсілдер қолданылады? Ерте жастан тілге толық бойлау моделін ендіру барысында екінші тілді оқытуды терең зерттеген Сан-Хосе штанының Университетінің психология ғылымы саласының профессоры Джеймс Эшердің TPR (Total Physical Response) әдісі кеңінен қолданылды. Бұл әдіс тілді оқытуда түсіну тәсілдемесін қолдануға негізделеді. Тілді оқытудың бастапқы кезеңінде тіл дамыту үшін түсінігін қалыптастыру кезінде тыңдалымның аса маңыздылығын атап, ауызша сөйлеуін талап етпейді [12, 631б]. Қимыл-қозғалыс арқылы сөз, сөйлем мағынасын түсініп қолдануына түрткі болатын бірден-бір тәсіл – TPR әдісі. Тілді үйретудегі қимыл-қозғалыс әдісі сөздің мағынасын физикалық бейне арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс баланың табиғи тіл шығу үдерісіне негізделген [12, 632б]. Әдістің негізін түсіну үшін тілі шықпаған кішкентай баламен ата-аналар қалай қарым-қатынас жасайтынын еске түсірейік. Айтқанын бала түсінуі үшін қимыл-қозғалыс, ым-ишара, нақты бір белгілерді қолданады. Мысалы, шайнектің ыстық екенін көрсету үшін ересектер қолын шайнекке жақындатып, күйіп қалған кездегі дыбыс қосып «пыш» деп, оған қосымша ауыратынын түр-әлпетімен, эмоциясымен көрсетеді. Қауіптің алдын алу мақсатында жиі қолданатын сөздердің бірі «болмайды», ал бұл сөзді қол қозғалысы арқылы көрсетеді. Осылайша әр сөздің мағынасын түсіндіру үшін көптеген мысалдар келтіруге болады. Екінші тілді оқыту барысында педагогтер осы әдісті қолдану арқылы тілді үйренуге табиғи жағдай жасайды. Баланың бір мезгілде көру-есту және кинестетикалық сезімдерін белсендіру арқылы тілді біртіндеп түсінуіне көмектеседі. TPR әдісінің өзі көптеген тәсілдерден (стратегия) тұрады. TPR әдісін топпен немесе сынып ұжымымен қолданудың бір мысалын келтірейік. Ойыншықтар тақырыбы бойынша жаңа сөздер: доп, мысық, ұшақ, қуыршақ. Педагог балаларды өзінің айналасына шеңбер бойлай отырғызады. Күнделікті қолданылатын орнынан тұр, отыр, көрсет, қайтала, айт сияқты нұсқау сөздерді қолдана береді. 1-кезеңде *тірек сөздермен танысу* жүзеге асырылады. Педагог балаларға көрінетін көлемде дайындалған суреттер негізінде сөздерді таныстырады. Педагог сөздерді баяу әрі нақты бірнеше рет дыбыстауы керек. Әр жаңа суретті қосар алдын алдыңғы сөздерді суретті нұсқап, ретімен қайталатып отыруы маңызды. Балалар педагогпен бірге сөздерді қайталап хормен айтады. 2-кезеңде *мағынаны түсіну* үшін педагог сөзді қимыл-қозғалыс, ым-ишара, дыбыс шығару арқылы бұйрық райлы етістікті қатыстырып жай сөйлем құрамында айтады. Бала сөз мағынасын ғана емес, сөйлемді грамматикалық құрылымымен қабылдауға дағдыланады. Балалар нұсқауды тыңдау, педагогтің әрекетіне еліктеу арқылы сөйлем мазмұнын түсінуге мүмкіндік алады. Мысалы, «Допты теп.» сөйлемін аяқпен футбол тебу қимылы арқылы көрсету. «Мысықты сипа.» сөйлемін алдымен мысықтың қимылын салып, онан соң оны сипау қимылын көрсету. «Ұшақпен ұш.» сөйлемін екі қолын қанат ретінде жазып, ұшудың имитациясын жасау сөйлем соңына «ыж-ыж-ж -ж» дыбысын қосып айту. «Қуыршақты құшақта.» сөйлемін алдымен қуыршақ сияқты бейне жасап, екі қолын жанына қойып, алақаны мен саусақтарын сыртқа қаратып, оң және сол жаққа қозғалып барып, құшақтау қимылымен көрсету. Педагог жаңа сөйлемді енгізбес бұрын, алдыңғы сөйлемді қайталайды. Балалар педагогке ілесе қимылмен көрсетіп, әр сөйлемді бірнеше рет қайталайды. Балаларға қабылдауға жеңіл болу үшін сөйлемдердің ретін сақтап айту маңызды. Осы кезеңде балалардың сөйлемге сәйкес әрекетті орындауын бақылап, оларға сөйлемді қайталатудың қажеттілігі бар ма екенін педагог шешеді. Егер балалардың көбі сөйлемді ілесіп қайталай алмаса немесе сөйлем мағынасын түсінбей қимылмен көрсетуді



кешігіп бастап, өзіне сенімсіздікпен айналасындағы достарына қарап жасап тұрса, онда мұғалім эмоциямен қимыл-қозғалыс арқылы тағы да қайталату үшін сөйлемдерді айтуы қажет болады. Педагог баланың қажеттілігін дер кезінде қанағаттандырып, үйренуге жеткілікті уақытты бөлуге назар аударып, іс-әрекетіне өзіндік рефлексия жасауды әдетке айналдыруы керек. Сонда ғана баланың тілді қабылдауы мен меңгеруіне ықпал ететін орта құрай алады. Балалардың жасы мен тілді қабылдау деңгейіне қарай сөйлем құрамын күрделендіруге болады. Мысалы, Аулада доп теп. Сүйкімді мысықты сипа. Астанаға ұшақпен ұш. Кішкентай қуыршақты құшақта, т.с.с. Келесі кезеңде педагог балалардың сөйлемнің *мағынасын түсінгенін бақылау* мақсатында сөйлемдерді айтады. Ал балалар қимылмен көрсетеді. Балалар сөйлем мағынасын түсініп, шатаспай көрсетуі көзделеді. Осыдан кейін сөйлемдердің ретін ауыстырып айту арқылы сөйлем мағынасын түсінуі бақыланады. Балалардың сөзді дұрыс қабылдағанына көз жеткізген соң, педагог сөйлеу жылдамдығын арттырып яғни сөйлемдерді кездейсоқ ретпен жылдам айтады. Балалар сөйлемге сйкес қимылды жасайды және шапшаң қимылдау арқылы ойын ермекпен айналысып, өздерін көңілді сезінеді, еркін ұстайды. Осындай эмоциялық қолайлы ортада тілді түсінуге қол жеткізеді. Келесі кезеңде *тілді қабылдауын бекіту және бағалау* жүзеге асырылады. Педагог бұл кезеңді бірнеше тәсілмен ұйымдастыра алады. Мысалы, педагог қимылды көрсетеді, ал балалар сөйлемді хормен айтады. Балалардың оқу үдерісіндегі белсенділігін арттыру, жауапкершілік алуға баулу мақсатында жұптық жұмыс форматында да ұйымдастыруға болады. Балалар бір-біріне кезекпен бір қимылды көрсетеді, екіншісі сөйлемді айтады. Келесі нұсқа мұғалім алдын ала балаларға 4 суреттен үлестіріп береді. Балалар педагог айтқан сөйлемді тыңдап, сәйкес суретті көтеріп, көрсетеді. Бұл әрекет мұғалімге сол мезетте кімнің қате жібергенін анықтауға мүмкіндік береді. Өзіндік жұмыстың тағы бір нұсқасы педагог алдын ала сөйлемдердің аудиожазбасын жазып алады. Әр балаға өтілген төрт сөйлемге сәйкес суреттен тұратын жұмыс парағын дайындайды. Бала аудионы тыңдап отырып, суретіне реттік нөмірін жазу немесе нүктелермен (бірінші тыңдаған сөйлеміне сәйкес суретке бір нүкте, екінші тыңдаған сөйлеміне екі нүкте, т.с.с.) белгілейді. Осылай баланың жаң сөздің мағынасын түсініне, ауызша тілі дамуына қолайлы жағдай жасалады. TPR әдісі арқылы етістіктерді, кейбір сын есімдер мен үстеулерді де үйретуге болады. Өтілген тақырыпқа қатысты суреттер, инфографикалар сынып немесе топ бөлмесіндегі қабырғаларға ілінеді. Балаларға көрінетін тұста суреттердің ілулі тұруы, сөздерді қайталауға қолайлы болады. Айтылымды дамытуға бағытталған оқу ортасын құрудың бұл тәсілі «Сөйлеу қабырғалары» (ағылш. talking walls) деп аталады.

Қазақ тіліне бойлау жобасы ендірілген Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы балалар мен оқушылардың айтылым дағдысын бақылап, педагогтерге тиісті әдістемелік көмек көрсету мақсатында зерттеу жүргізу ісі қолға алынды. Тілге бойлаудың көрсеткіші ауызша тіл дамуы болғандықтан, айтылым дағдысына диагностика жүргізу міндеті қойылды. Тілге бойлау тобы мен сыныптарымен қатар бақылау топтары/сыныптары белгіленді. Баланың тілге бойлау жағдайында бастпақыда «үнсіздік кезеңі» болатынын ескере отырып, зерттеуді бірінші және екінші жартыжылдықтың соңында өткізу уақыты белгіленді.

Диагностика мақсаты: тілге бойлау топтары/сыныптары оқушыларының қазақ тілін қаншалықты деңгейде меңгеруін, айтылым дағдысының деңгейін анықтап, диагностика құралдарын жүргізудегі ықтимал кедергілер мен қосымша толықтыруларды қажет ететін тұстарды айқындау. Диагностиканың басты міндетінің бірі балалардың қазақ тіліндегі айтылым дағдысының даму деңгейін анықтау және тіл даму деңгейін бақылау; жалпы топтың/сыныптың және мектеп ұжымының, ата-аналардың моральдік-психологиялық ахуалын қадағалау. Диагностика жүргізу барысында мынадай педагогикалық талаптар сақталды:

– диагностика жүргізудің даралық сипаты. Әр баланың нәтижесі өз алдына қадағаланады. Баланың оқу үдерісіндегі нәтижелерді ұжымдық жұмыс қорытындыларымен байланыстыруға көңіл бөлінеді.

– диагностика жүргізудің жүйелілік сипаты. Диагностика оқу жылында екі рет өткізіледі. Диагностикада қолданылатын тапсырмалар бірізділікпен беріледі. Әр кезеңде де диагностика жүргізу түрлері, мақсаттары және тапсырмалардың мазмұны мен сипаты бірдей болады.

– диагностика жүргізудің әртүрлілік сипаты. Диагностика жүргізудің бірнеше түрлері, атап айтсақ, сабақ үдерісінде айтылым дағдысын бақылау, жеке оқушымен сұхбат, ата-аналардан сауалнама алу, тәрбиеші/мұғалімдермен әңгіме жүргізу қолданылады.

– диагностика жүргізудің жан-жақтылық сипаты. Диагностика құралдарындағы тапсырмалар тек айтылым дағдысын ғана емес, сонымен қатар танымдық, ой-өрісінің дамуы, мәдени-эстетикалық тұрғыдан даму деңгейлері туралы да мәлімет алуға мүмкіндік береді.

– диагностика жүргізудің шынайылығы. Диагностика жүргізуде субъективті және қате пікірлер мен қорытындыларға жол берілмеу үшін жабық түрде өткізіледі. Яғни, диагностиканың қорытындысы белгілі уақыт аралығында ата-аналар мен қоғам үшін жабық болады. Диагностика барысында жүргізілген сұхбат видеоға түсіріледі.

Баламен жеке сұхбат жұмысын ұйымдастыру, диагностика құралдарын әзірлеу мақсатында шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдаулар жасалынды. М.А.Васильеваның редакциясымен әзірленген «Балабақшадағы тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы» бойынша сөйлеуін дамыту диагностикасы оқу құралында балабақшаның кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық тобы балаларының сөйлеу дағдыларының дамуын анықтауда сөздік қорын айқындау, сөздегі дыбыстарды дұрыс талдау, тілдің грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу критерийлері бойынша бақылау тапсырмаларын ұсынған [13]. Яғни біз екінші тілді меңгеру барысында баланың қазақ тілінің төл дыбыстарын дыбыстауда артикуляциясының дұрыс қалыптасуы, сөздік қоры дамуы, тілдің грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін меңгеруі және байланыстырып сөйлеу барысында қолдана білу дағдыларын тексеруді әрі қарай бастауыш сыныпта да жалғастыруға тоқтам жасалып, диагностиканың өлшем бағыттары анықталды.

Диагностика өлшемдері:

1-тапсырма. Тыңдағанын түсіну;

2-тапсырма. Қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс дыбыстау;

3-тапсырма. Сөздік қорының дамуы;

4-тапсырма. Тілдің грамматикалық құрылымын меңгеру;

5-тапсырма. Байланыстырып сөйлеу.

Осы көрсеткіштер бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр топ пен сынып үшін үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сай тапсырмалар әзірленді. Сөздік қор «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану» пән мазмұндарын қамтиды. Диагностика құралдары түрлі ақпарат көздерінен деректер алу, салыстыру, талдау және бағалау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Тапсырма құрастыру барысында балалардың күнделікті өмір тәжірибесі мен қызығушылықтары ескеріліп, сюжетті суреттер мен шағын оқиға/әңгімелер таңдалып алынды. Бағалау өлшемдерінің пайыздық шегі тілге бойлау үдерісіне ену уақытына және үлгілік оқу бағдарламасындағы білім мазмұнының күрделенуіне байланысты деңгейлер арасында пайыздық айырмашылықпен берілді.

## **2-кесте. Қазақ тілін меңгеру деңгейлерін бағалау өлшемі**

<b>Балабақша</b>	<b>Бастауыш мектеп (1-5 сынып)</b>
------------------	------------------------------------

Орта, ересек топтар	Жоғары – 75%-дан жоғары; Жақсы – 50%-74% Орташа – 31%-49% Төмен – 30%-дан төмен	1-2-сынып	Жоғары – 75%-дан жоғары; Жақсы – 50-74% Орташа – 31% - 49% Төмен – 30%-дан төмен
		3-5-сынып	Жоғары – 85%-нан жоғары; Жақсы – 65%-84% Орташа – 64%-45% Төмен – 44%-дан төмен


Дереккөз: *Талдықорған және Көкшетау қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде» Тілге бойлау жобасын ендіру үдерісінің есебі, 2017ж.*

Тіл дамуын диагностикалау нәтижесі бойынша бірнеше мысалдар келтіре кетейік. Оқушылардың аты-жөні құпиялық сақтау мақсатында берілмейді.

**3-кесте. Талдықорған қаласы «НЗМ», 2012-2013 және 2016-2017 оқу жылдары аралығы**

**№1 оқушының тіл дамуын диагностикалау нәтижесі**

<p><b>№1 оқушы</b>          Ұлты: орыс          Туылған күні, айы, жылы: 22.07.2007ж          Сыныбы: 4 «В»</p>						
	<b>Көрсеткіштер</b>	<b>2012-2013</b>	<b>2013-2014</b>	<b>2014-2015</b>	<b>2015-2016</b>	<b>2016-2017</b>
	<b>Тыңдағанын түсінуі</b>	56	25	75	83	68
	<b>Дыбысты дұрыс айту</b>	80	72	77	57	89
	<b>Сөздік қор</b>	46	49	70	53	81
	<b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>	68,5	62	74	100	87
	<b>Байланыстырып сөйлеу</b>	41,5	66	79	100	87
	<b>Жалпы %</b>	58,4	59	75	78	82



№1 оқушы тілге бойлау жобасына 2012-2013 оқу жылы балабақшадан бастап қатысады. Тілге толық бойлаудың алғашқы екі жылы сөйлеу тілі дамуына көп еңбектенуді талап етті. Айта кету керек балабақша балаларының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында диагностиканы тәрбиеші немесе сол топқа таныс логопед, психолог сияқты мамандар жүргізуі қарастырылған. Оқушы 2013-2014 оқу жылы 1-сыныпта диагностика жүргізу барысында сыртқы адамның сөзін қабылдауға қиналып, бастапқыда психологиялық жайсыздық сезінді. Нәтижесінде «Тыңдағанын түсіну» көрсеткіші төмен нәтиже берді. №1 оқушы тілді үйренуге ынталы. Сабаққа белсенді қатысатыны, сыныптастарымен қазақ тілінде қарым-қатынас жасайтыны байқалды. 3-сыныпта пәндік сөздік қоры 53 пайызды көрсетті. Оқушыға сөздік қорды бекітуге арналған тапсырмаларды саралау арқылы қолдау көрсету жолдары ұсынылды. Оқушы отбасында ата-анасымен орыс тілінде қарым-қатынас жасайды. Ата-анасы баласының қазақ тілін жақсы меңгеріп кетуіне қолдау көрсету мақсатында қазақ тіліндегі телебағдарламалар мен мультфильмдерді көрсетуге көңіл бөледі [14, 446].

**4-кесте. Көкшетау қаласы «НЗМ», 2014- 2015 және 2016-2017 оқу жылдары аралығы**

**№2 оқушының тіл дамуын диагностикалау нәтижесі**

<b>№2 оқушы</b>				
Ұлты: орыс				
Туылған күні, айы, жылы: 12.03.2008ж				
Сыныбы: 3 «А»				
	<b>Көрсеткіштер</b>	<b>2014-2015 жж</b>	<b>2015-2016 жж</b>	<b>2016-2017 жж</b>
	Тыңдағанын түсінуі	100	75	75
	Дыбысты дұрыс айту	66,7	77	82,5
	Сөздік қоры	42,8	57	89
	Тілдің грамматикалық құрылымы	62	87	74,5
	Байланыстырып сөйлеу	50	83	87,5
	<b>Жалпы %</b>	<b>64</b>	<b>76</b>	<b>81</b>



№2 оқушы қазақ тілін меңгеру, тіл даму деңгейі негізінен бірқалыпты ілгерілеуді көрсетеді. Әсіресе сөздік қорды дамыту мақсатында жүйелі жұмыстар 1-2 сыныпта жүйелі жалғасты. Нәтижесінде 3-сыныпқа келгенде оқушының сөздік қоры жоғары деңгейге көтерілді. Бала тілді меңгеруге ынталы, ашық. Оқушы үйінде ата-анасымен ана тілі – орыс тілінде сөйлеседі. Қазақ тіліндегі телебағдарламалар мен мультфильмдерді өз тандауы бойынша көреді [14, 476].

Қорытындылай келе оқушылар алғашқы 1,5-2 жыл аралығында тілді түсінуге, ауызша тілін дамытуға көбірек уақыт жібергенімен, 3-жылға қарай олар оқу бағдарламалары талаптарына сай білім мазмұнын толық игеруге қабілетті. Тілге бойлау сынып оқушылары өз ойларын жай сөйлеммен ғана емес, құрмалас сөйлемдермен жеткізуге, көрген-естігені туралы өзіндік пікір айтуға, әлеуметтік-тұрмыстық контекстен бөлек жаратылыстану бағытындағы тақырыптарды талдау және тәжірибе жүргізу барысында көзқарастарын айтып, қорытындылау және бағалау деңгейіне дейін көтерілді.

Оқушылардың мақсатты тілді меңгеріп, білім алуына жағдай жасай білген педагогикалық ұжым және соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбегі орасан зор.

Тілге бойлау экспериментатор мұғалімі Сабдина Айнұр Амантайқызының естелігі оқушылардың тілге бойлау үдерісінде айтылым дағдысының қалыптасуы туралы құнды мәлімет береді: «Көкшетау қаласындағы қазақ тіліне ену сыныбына алғаш рет 1-сыныпқа 20 оқушы қабылданды. Оның ішінде 9 оқушы – қазақ, 5 оқушы – орыс, 3 оқушы – татар, 1 оқушы – украин, 1 оқушы – өзбек, 1 оқушы – ингуш ұлтынан еді. Сынып оқушыларының 85 пайызы қазақ тілін білмей келді. 15 пайыз оқушы қазақша сөйлемегенімен, айтқан сөзді түсініп, жеке сөзбен жауап қайтара алды. Тілге бойлау әдісінің ерекшелігі оқушыларды мәжбүрлемей, қазақ тілін психологиялық жағымды, қолайлы орта құру арқылы оқыту. Сондықтан мектепке келген уақыттан бастап үйлеріне кеткенге дейінгі аралықта қазақ тілді орта құрылды. Мектеп ұжымы да күнделікті сәлемдесу, хал-жағдай сұрау, сұрану үлгілерін қолданып, тек қазақ тілінде қарым-қатынас жасады. Әрбір күн таңертеңгілік шаттық шеңберінен басталады. Бұл сәтте балалар өткен сабақты қайталап, амандасудың түрлерімен, өздерінің көңіл-күйлері туралы айта отырып, сабаққа деген зейіні артты. Жаңа сөздерді, сөйлемдерді қайталау әдісі арқылы оқушылардың тыңдау қабілеттері, дыбыстау аппараты және сөзді дұрыс айту дағдылары дамуына жағдай жасалды. Сабақтар белсенді оқыту әдістері, сонымен қатар дидактикалық ойындар, топсаяхат, жобалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылды. Оқушылар сабақта белсенділік танытып, бар жауапкершілікпен тапсырмаларды орындайды. Өздерін еркін ұстайды. Білмеген кезде бір-бірінен сұрайды.

Бастапқыда тіпті орысша да қосып айтып жіберетін кездері болды. Сабақта рөлдік ойындардың алатын орны ерекше. Балалар бұндай сабақта ашылып, өздерін басқа қырынан көрсете алады. Мысалы, «Дәмхана», «Әмбебап», «Емхана» рөлдік ойындарында балалар үйлерінен керекті заттарды алып келіп, тек ойын түрінде ғана емес, тіпті шынайы сатушы, тұтынушы, дәрігер ретінде сөйлесіп, ауызша тілін жаттықтырды. Кейде бір-бірін түзеп, дұрыс сөйлем құрастыруға үйретіп те тұрды. Оған ешкім ренжіп немесе түйіліп қалған жоқ. Сөйлемді басқаша айтып, дұрыс үлгіні көрсетіп отыру үнемі ескерілді. Түзетулер көп жасалса, баланың тіл үйренуге деген ықыласы бәсеңдеуі мүмкін. Ең бастысы, бала тілді түсінсе болды, одан кейін біртіндеп сөйлейді.» [15, 56]

Диагностика барысында ата-аналардың пікірін білу, кері байланыс алу мақсатында сауалнама жүргізіліп, дөңгелек үстелдер де ұйымдастырылды. Ата-аналардың бірінің пікірі ұсынылады.

«...Скажу, нам просто повезло!!! Желание посещать школу, получать новые знания, просто встретиться со своим любимым учителем и друзьями. Все это растёт в нашем ребенке с каждым днем.

Нам не просто повезло, нам посчастливилось, что у нас самый замечательный, талантливый педагог и профессионал своего дела, а еще и наш воспитатель с детского садика. Поэтому нашему ребенку легко было адаптироваться в первом классе. Рауан Муратовна – уникальный и высококвалифицированный учитель. Легкая подача нового и сложного материала становится простой и доступной для восприятия каждому ребенку. Дети быстро усваивают материал и применяют его в действие. Рядом с нашими детьми настоящий друг! Сейчас мы замечаем успехи в изучении языка: ребенок самостоятельно выполняет домашнее задание, общается с друзьями на государственном языке, употребляет все чаще казахские слова в быту. Наша семья не ощущает сложности в обучении. Все это благодаря кропотливой работе нашего учителя! А также, Рауан Муратовна проводит работу и с родителями: постоянные беседы, работа в интернете, держит в курсе всех событий. А еще, мы чувствуем мощную поддержку со стороны администрации школы: для родителей открыты курсы по изучению языка, проводятся тренинги и собрания. Теплое и доброжелательное отношение всего педагогического коллектива рассеяло все наши страхи и сомнения. Хочется пожелать в будущем, что бы этот эксперимент увенчался успехом, и чтобы следующие дети и родители шли смело за нами! Пусть больше детей получают такой шанс изучить с «любовью» наш язык! Творческих вам успехов и процветания!»*Е.В. АнНЗМ ФМН, Талдықорған қ, 2 «В» сынып* [14, 796]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U11000001104>.
2. <https://turkystan.kz/article/197508-halykty-n-kansha-payyzy-kazaksha-biledi/>
3. 12 лет языкового погружения, Keelekümbusprogramm, Таллин, 2012
4. Mehisto, Peeter 1999. Ulevaade keelekumblusest ja keelekubluse projektist. Rahvuste integreerumise eeldused eesti uhiskonda Ida-Virumaal 26-28.11.98. Konverentsi materjalide kogumil. Koost. Piirimagi Arne, Aleksandr Dusman, Iia Laaniste, Jelena Korshunova/ Nallinn, lk.44-45.
5. «Настольная книга о языковом погружении». Таллин, 2009.
6. Джадрина М.Ж. Қазақ тіліне толық енуге арналған оқу құралы. Астана, 2012.
7. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы./Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013
8. Оразбаева Ф., 2019:331
9. Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары. – «Қазақ баспасы», -1929
10. First Steps: Oral Language Developmental Continuum, p. 14
11. Жұмабаев М. Шығармалары 2-том. Алматы: «Жазушы», -2013

12. Richards, Jack C.; Rodgers, Theodore S. (2001). Approaches and Methods in Language Teaching (2nd ed.). Cambridge, New York: Cambridge University

13. Диагностика развития речи по программе Васильевой | Тест по развитию речи (младшая, средняя, старшая, подготовительная группа) по теме: | Образовательная социальная сеть (nsportal.ru)

14. Талдықорған және Көкшетау қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде» Тілге бойлау жобасын ендіру үдерісінің есебі, 2017ж.

15. Байтенова Қ.Қ Қазақ тіліне бойлаудағы алғашқы қадам: көмекші құрал. «НЗМ» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2015 Астана.

\

## ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ

**Оралбекова А.К.** – Phd, и.о. асоц.профессора, Университет имени Ж.А.Ташенева, Шымкент/Қазақстан, ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-7724-1345> e-mail: ali.ya84@mail.ru

**Арзымбетова Ш.Ж.** – к.п.н., и.о. профессор, Университет имени Ж.А.Ташенева, Шымкент/Қазақстан, ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-5484-5936>

**Дмитриев Ю.А.** – д.п.н., профессор, Московский педагогический государственный университет, Москва/Россия, ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-7124-0277> e-mail: 4230000@rambler.ru

**Аннотация.** Статья посвящена особенностям процесса интеграции и инклюзии в образовательную среду детей с особенностями в развитии. Раскрываются основные наиболее эффективные методы и приемы современной диагностики, коррекционного обучения, особой культуры и поддержки и помощи ребенку в решении задач развития, обучения, воспитания, социализации. Анализ тенденций развития инклюзивного образования в Казахстане подчеркнул, что важно продвигать доступ к инклюзивному образованию, социальную интеграцию и предотвращение дискриминации в отношении лиц с особыми образовательными потребностями. В этой связи становится явной необходимость пересмотра национальной концепции инклюзивного образования и проведения эмпирических исследований, направленных на интеграцию детей из уязвимых групп населения в общеобразовательную систему Казахстана с целью обеспечения полноценного доступа к инклюзивному образованию для детей с особыми образовательными потребностями.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, интеграция, обучение, дети с ограниченными возможностями

**Аңдатпа.** Мақала ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру ортасына біріктіру және қосу процесінің ерекшеліктеріне арналған. Қазіргі заманғы диагностиканың, коррекциялық тәрбиенің, ерекше мәдениеттің және баланы дамыту, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтену мәселелерін шешуде қолдау мен көмек көрсетудің негізгі тиімді әдістері мен әдістері ашылды. Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту тенденцияларын талдау инклюзивті білімге қол жеткізуге, әлеуметтік инклюзияға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға қатысты кемсітушілікке жол бермеуге жәрдемдесу маңызды екенін атап өтті. Осыған байланысты инклюзивті білім берудің ұлттық тұжырымдамасын қайта қарау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың инклюзивті білім алуға толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында халықтың осал топтарындағы балаларды Қазақстанның жалпы білім беру жүйесіне интеграциялауға бағытталған эмпирикалық зерттеулер жүргізудің нақты қажеттілігі туындады.

**Кілт сөздер:** инклюзивті білім беру, интеграция, оқыту, мүмкіндігі шектеулі балалар

**Abstract.** The article is devoted to the features of the process of integration and inclusion of children with special needs in the educational environment. The main most effective methods and techniques of modern diagnostics, correctional education, special culture and support and assistance to the child in solving the problems of development, training, education, socialization are revealed. An analysis of trends in the development of inclusive education in Kazakhstan emphasized that it is important to promote access to inclusive education, social inclusion and the prevention of discrimination against persons with special educational needs. In this regard, there is a clear need to revise the national concept of inclusive education and conduct empirical research aimed at integrating children from vulnerable groups into the general education system



of Kazakhstan in order to ensure full access to inclusive education for children with special educational needs.

**Key words:** inclusive education, integration, training, children with disabilities

**Андатпа.** Мақалада *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілері лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистика тоғысуындағы пайда болған лингвистикалық концептология парадигмасы аясында талданады. Когнитивті лингвистика мен лингвоконцептологияның негізгі элементі болып табылатын концепт көп қатпарлы түсінік береді. Отандық тіл білімінде этномәдени, лингвомәдени, әлеуметтік, т.б. сипаттарына қатысты алуан түрлі когнитивті ұғымдар, ақпараттар жинақталған концептілік зерттеулерді арқау еткен ғылыми еңбектер көптеп саналады. Дегенмен этностың танымдық, когнитивтік болмысын тереңнен ашып көрсететін концептілер зерттеуде әлі де ашылмаған, зерттелмеген тақырыптық топтары баршылық. Біз зерттеп отырған *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілерінің тұрақты тіркестер мен теңеулерде, мақал-мәтелдердегі ғаламның тілдік бейнесін танытудағы мағыналық өрісі алуандылығымен құнды. Мақалада *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілерінің көркем мәтіндердегі мағыналық өрісі семантикалық тұрғыдан талданған. Сонымен қатар, поэтикалық мәтіндердегі *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілерінің вербалдану ерекшеліктері айқындалған. Дүние бейнесін жасауда *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілерінің мағыналық өрісін анықтау барысында адамның бүкіл болмысы, қабылдаудан бастап ойлау, өзін дүниенің бір бөлшегі ретінде сезіну сияқты барлық когнитивтік процестер қамтылды. Зерттеу барысында *еңбекқорлық//жалқаулық* концептілері лингвомәдени тұрғыда сипаттауда мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, теңеулер басты назарға алынды

**Кілт сөздер:** паремия, концепті, лингвомәдениеттану, когнитология, метафора, теңеу, фразеология, тілдік бірлік

**Аннотация.** В статье анализируются концепты «трудолюбия//лень» в рамках зарождающейся парадигмы лингвистической концептуологии на стыке лингвокультурологии и когнитивной лингвистики. Концепт, который является ключевым элементом когнитивной лингвистики и лингвоконцептуологии, дает многоуровневое понимание. В отечественной лингвистике много научных трудов, положивших начало концептуальным исследованиям, в которых обобщены различные познавательные понятия, информация, относящаяся к этнокультурному, лингвокультурному, социальному и др. свойствам. Тем не менее, существуют еще не раскрытые, неисследованные тематические группы концептов, которые глубоко раскрывают познавательную природу этноса. Изучаемые нами концепты «трудолюбия//лень» ценны многообразием смыслового поля в выражении языковой картины вселенной в устойчивых выражениях и сравнениях, пословицах и поговорках

В статье семантически проанализировано семантическое поле концептов «трудолюбия//лень» в художественных текстах. Кроме того, выявлены особенности вербализации концептов «трудолюбия//лень» в поэтических текстах. В процессе определения смыслового поля концептов «трудолюбия//лени» в создании «образа мира» были охвачены все когнитивные процессы, начиная от восприятия и заканчивая

мышлением, ощущением себя частью мира. В ходе исследования в лингвокультурном описании концептов «трудолюбия//лень» основное внимание уделялось пословицам, фразеологизмам, сравнениям.

**Ключевые слова:** паремия, концепт, лингвокультурология, когнитология, метафора, сравнение, фразеология, языковая единица

**Abstract.** The concepts of "diligence//laziness" are analyzed within the framework of the paradigm of linguistic conceptology that emerged at the intersection of linguistics and cognitive linguistics is indicated in this article. The concept, which is the main element of cognitive linguistics and linguoconceptology, provides a multi-layered understanding. Ethnocultural, linguistic, social, etc. in domestic language education. There are many scientific works based on conceptual studies, which collect various cognitive concepts and information related to their characteristics. However, there are still undiscovered, unexplored thematic groups in the study of concepts that deeply reveal the cognitive and cognitive essence of the ethnos. The semantic field of the concepts "diligence//laziness" that we study is valuable for its diversity in regular phrases and comparisons, in proverbs, in the representation of the linguistic image of the universe. In the article, the semantic field of the concepts "diligence//laziness" in literary texts is analyzed from a semantic point of view. In addition, the features of the verbalization of the concepts "diligence//laziness" in poetic texts are determined. In the process of defining the semantic field "diligence//laziness" concepts in the creation of the "image of the world", the whole existence of a person, all cognitive processes from perception to thinking, feeling oneself a part of the world were considered. included. During the study, the main attention was paid to proverbs, phraseological expressions, comparisons when describing the concepts "diligence//laziness" in a linguistic and cultural context.

**Keywords:** paremia, concept, linguistic and cultural studies, cognitology, metaphor, simile, phraseology, linguistic unity

### **Кіріспе**

Профессор В. А. Маслованың пайымдауынша, концепт – есте сақтаудың оперативтік мағыналы бірлігі, психикалық лексика, мидың концептуалды жүйесі мен тілі, адам психикасында бейнеленген дүниенің тұтас бейнесі [1, 46-б.] – деген болса, Д.С. Лихачев концептінің ұғымы бойынша адамның жазбаша сөйлеуінде әрекет ететін мағынаның алгералық көрінісі деп біледі [2]. Отандық ғалымдардың ішінде Ж. Қошанова өз зерттеулерінде концепт – адам санасындағы дүниені бейнелейді, концептуалдық жүйені құрайды, адам тілінің белгілері бұл жүйенің мазмұнын сөзбен кодтайды, [3, 7-б.] – деп тұжырымдаған. Мақал-мәтелдердің танымдық қызметін зерттеген Б.Динаева ұлттық тілде бейнеленген концептілер біздің санамыздың психикалық немесе психикалық ресурстарының бірліктерін және адамның білімі мен тәжірибесін көрсететін ақпараттық құрылымды түсіндіруге қызмет ететін термин [4, 1237-б.] – деген пікірлерді сараптай отырып, концепт – ақиқат дүниенің адам санасында сәулеленген құбылыстарды мәдени фонда жеткізетін тілдік бірліктер деген тұжырымға келеміз.

Тіл, таным, мәдениет сабақтастығы антропологиялық парадигма аясында зерттелуі алғашқы когнитивтік лингвистиканың, кейінірек лингвистикалық концептологияның немесе лингвоконцептологияның қалыптасуын едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Бұл жөніндегі ғалымдар пікірлерін саралап өтсек «...концептология тіл мен мәдениет негізіндегі адамның тілдік санасының құрамдас бөлігі – концептіні зерттейтін» [5], «өмір құбылыстарын ментальді-когнитивті түрінде таңбаланған концептілерді модельдеу лингвоконцептологияның маңызды бағыттары болып табылады» [6].

**Зерттеу әдістері.** Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары отандық тіл білімінде когнитивтік лингвистика бағытының белең алуынан пайда болған соңғы лингвистикалық ғылыми парадигманың үлесінде мәтін талдаудың концептуалдық тәсілі бар. Мәтіндердегі әлемнің тілдік бейнесін анықтау барысында жеке адамның өзін қоршаған орта жайлы



көзқарасы, жинаған білім қоры мен дүниетаным мәселесі адресаттың назарын маңызды болып табылатын лексикалық бірліктерді зерттеу үшін лексика-семантикалық тәсілдер қолданылды. Мақаланы жазу барысында алтын, күміс компонентті тілдік деректер коммуникативті бірлік ретінде қаралса, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Д. Әлкебаева, Г. Мұратова сынды ғалымдардың іргелі еңбектері мақаланың әдіснамалық негізін құрады.

Мәтін түзуші ұлт мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін лингвомәдени дениремаларды талдау жолында концептуалдық талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, мақаланың тұжырымдарын жасауда, когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық.

Талдау мен нәтижелер

Тілімізде **еңбекқорлық пен жалқаулық** сөздеріне байланысты айтылатын мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, теңеулер болсын мағыналық жағынан астарлы мәнде айтылатынымен халық лексикасында көптеп орын алған. Жалқаулық ұғымына байланысты айтылатын тұрақты тіркестер эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Мысалы: *көк жалқау, көкауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан. Сондай-ақ, ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, ас ішкенде пайда бол адам, арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, әзір асқа аяғын ала жүгіретін, әзір асқа тік қасық, бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, жалқау, жалқау-жампоз, жанбақты, жатаған, жатыпшыер, жұмысқа қолы бармайтын, кәсіпсіз, кезегесі кейін тартқан, кезіп, керенау, көк жалқау, көк желкесінен тартқан, қазан үстінен күн көрген, қолын құсырған, қолынан боқ та келмейтін, құр нан соғар, қылт-сылты көп, масыл, мойны жар бермейтін, нансоғар, нәуетек, омалып отыратын, он салса да, бір баспайтын, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [құрайдың] басын сындырмаған* сынды еңбексіз жату, өмірін бекершілікпен өткізу сынды түсініктермен байланысты айтылған. Ал, ақындар поэзиясында:

*Тілеуің, өмірің алдыңда,*

*Оған қайғы жесеңіз.*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,*

*Еріншек, бекер мал шаппақ,*

*Бес дұшпаның білсеңіз, - деген* Абай өлеңдерінде «жалқаулық» концепті *өтірікші, өсекші мақтаншақ, бекер мал шаппақ* секілді бейнелер арқылы берілуі жалпыадамзаттық сипаты байқалады.

Тұрақты тіркестерде жалқау сөзімен жасалынатын тіл бірліктері халқымызды бұл сөзді жағымды эмоциясын, ішкі әлемінің толғанысын беруде, концепт жасауда, мәдени семантиканы танытатын тілдік таңбаларды жинақтау, тілдік көрінісін анықтауда өзіндік ерекшеліктері бар

Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыз *Қол қуатты болсын, Еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын* –Берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. *Қол қайыр* –жеңіл желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұран сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кезімен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта-*қолғабыс тигізді, қол жалғады, қол ұшың берді, қол қанат* болды, Қолынан келгенше, деп атаса керек [7, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс,* сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Еңбекқорлық концептісіне байланысты «Еңбегімен ел сыйлы, Өнбегімен жер сыйлы. Еңбегіне қарай құрмет, Жасына қарай ізет. Еңбегін егіз болса, байлығың сегіз болады. Еңбек пен бақыт егіз» сынды мақал-мәтелдерімізде халқымыз еңбекті барлық ізгілік атаулысының баспалдығы деп білген. Сол үшінде «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деп адамды әрдайым ширақ болуға, аянбай еңбектенуге шақырып, еңбектену арқылы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болу т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының аолғышарты деп түсіндіреді. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам материалдық һәм рухани жетістіктерге жететініне бек сенген.

Адамзат дамуының барлық кезеңдерінде әрбір ұлттың төл мәдениеті ұрпақтар сабақтастығының қайнар бұлағынан осы күнге дейінгі өркениетке бұзылмай жетуі ата-бабаларымыздан қалған аманат [8]. Сондықтан тіл мен таным сабақтастығындағы зерттеулердің қарқынды дамуы ең алдымен мәдени-рухани өмірімізге тірек болатын құндылықтарды арттырады. Осы айтылғандардан ұғатынымыз халық танымында *еңбек пен жалқаулық* ұғымдарына деген түсінігі, сан алуандылығымен, жағымды эмоциялы концептілер боямасымен орын алатынын байқауға болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары отандық тіл білімінде когнитивтік лингвистика бағытының белең алуынан пайда болған соңғы лингвистикалық ғылыми парадигманың үлесінде мәтін талдаудың концептуалдық тәсілі бар. Мәтіндердегі әлемнің тілдік бейнесін анықтау барысында жеке адамның өзін қоршаған орта жайлы көзқарасы, жинаған білім қоры мен дүниетаным мәселесі адресаттың назарын маңызды болып табылатын лексикалық бірліктерді зерттеу үшін лексика-семантикалық тәсілдер қолданылды. Мақаланы жазу барысында тілдік бірліктер деген тұжырымға келеміз. Тілімізде **еңбекқорлық пен жалқаулық концептілеріне қатысты** тілдік деректер коммуникативті бірлік ретінде қаралса, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Д. Әлкебаева, Г. Мұратова сынды ғалымдардың іргелі еңбектері мақаланың әдіснамалық негізін құрады.

Мәтін түзуші ұлт мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін лингвомәдени дениремаларды талдау жолында концептуалдық талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, мақаланың тұжырымдарын жасауда, когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық

Антропоцентристік бағыт аясындағы зерттеуімізде *еңбек пен жалқаулық* концептілерін тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның байланысында тұжырымдалды. Адам қоршаған ортаны қабылдаған сәттен бастап ой қазанында қайнап жатқан құбылыстарды көркем бейнеге, белгілі бір тілдік үлгіге түсіреді. Адамзаттың шындық болмысты танып-білуі – барлық халыққа ортақ, себебі таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Ал осы адам танымының нәтижелері тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Мәдени концептілердің беретін ұғымын, семантикалық мазмұнына талдау жасау арқылы халықтың, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын түсінуге, мәдениет пен әдебиетінің даму деңгейін ұғынуға көмектеседі. Мәдени концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай күйін білеміз.

Зерттеу нәтижесі барысында ғасырлар бойы халқымыздың тіл арқылы сақталған ұлттық мәдениетінің сарқылмас кен бай мұраларын, ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді *еңбек пен жалқаулық* концептілерін дүниетанымдық негізде құраушы құрал ретінде талдағанда әлемнің тілдік бейнесін танимыз. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде *еңбек пен жалқаулық* концептісінің қазақ тілінің когнитивті кеңістігіндегі ментальді формадағы мағыналық өрісі көптеген мәдени коннотациялармен берілген. Бұл тілдік бірліктер ұлттық мәдени ерекшеліктер мен халықтық дүниетаным нәтижесінде ғасырлар

бойы тілімізде жинақталған ақпараттар болып табылатындықтан қазақ концептосферасында семантикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерімен маңыздылыққа ие.

Жоғарыда талдаған тілдік деректер *еңбек пен жалқаулық* концептілеріне тірек болатын танымдық, ақпараттық тіл бірліктері болып табылады. Семантикалық тұрғыдан сараптағанда *еңбек пен жалқаулық* концептілерін сипаттайтын тіл бірліктері әртүрлі мағыналық қатынаста ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен көркем әдебиетте кең өріс алғандығын жағымды құбылыс тудырушы ретінде әлемнің тілдік бейнесін құрайды.

Сонымен, жаңа ғылыми парадигма-лингвоконцептология бағытында концептілердің айқын мәдени маңыздылыққа ие болған тілдік қорлар вербалдану ретінде ұғынылады. *Еңбек пен жалқаулық* концептілерін танытуға бағытталған құрылымдар: когнитивті үлгі, яғни дүниенің ассоциациялық, таптаурындық, символдық, бейнелік үлгілері арқылы мәдени кодтарды анықтауға бағытталған лексемаларды топтастыра келе когнитивті үлгісін ұсындық.

Ұлт мәдениетінің негізгі бастауы – бұл дұрыс сөйлеу, образды, бейнелі, айшықты ойды жеткізу әдебін меңгеруде біз талдаған *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілерін сипаттайтын тіл бірліктері үлкен маңыздылыққа ие. Концепт қалыптастыруда жазушы, ақындарымыздың рөлі ерекше. Сол қаламгерлеріміздің еңбектеріндегі *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілері мәтін тудырушы авторлардың өмір тәжірибесіне орай әртүрлі формада көрініс тапқандығын нақты мысалдармен дәлелдедік.

*Еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілерін фразеологиялық тіркестердегі семантикалық мазмұнын ашқанда концептістерді анықтау арқылы ментальдық модельдерді көрсетілді. Бейнелік, ұғымдық, құндылық өлшемдерін бойына жинағна фразеологизмдік концептілер *алтын, күміс* ұғымын түсіндіруде лингвокреативтік, прагматикалық және лингвомәдени факторларға байланысты өзгешеліктері анықталды.

### **Қорытынды**

Әлемнің тілдік бейнесін тануда айналадағы қоршаған орта құбылыстарын түсіндіруде, заттың сыни қасиеттерін бағалауда *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілері түр-түстер атауларымен де қабаттаса келе сөйлеуші тіліне экспрессивті-эмоционалды реңк беретінін түсіну қиын емес. Ұлттық концептологияда концептілік құрылымдардың вербалдану ерекшеліктерін танытуда ұлт тіліндегі ақын-жазушыларымыздың еңбегі орасан. Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесін талдау арқылы қаламгердің тілдік тұлғасы бояуы қанық, астарлы, символдық мағынадағы тілдік бірліктерді қолдана білуінен көрінеді. Көркем шығармада халықтың ғасырлар бойы жинақтаған дүниетанымдық білімін сол тілді жасаушы халық үніне орай образды салыстыруларда *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілерінің бейнелілік сипаттамасы ретінде кең тараған тіл бірліктері ретінде белсенді пайдаланылады. Халық танымындағы *еңбекқорлық пен жалқаулық* сөздерінен жасалған сөз оралымдары халықтың тарихы мен мәдениетінен хабар бере отырып, тілдің сөз байлығын дамытуда үлкен маңыздылыққа ие. Қорытындылап айтар болсақ, бүгінгі зерттеуіміздің нәтижесінде *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілерінің поэтикалық, көркем мәтіндердегі мәдени коннотациясы айқындалды. Халықтың рухани, материалдық мәдениетінен ментальді-когнитивті түрде таңбаланған *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептілерінің дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық мәдени сипатты анықтаушы лингвомәдени бірліктер ретінде алғаш зерттеліп отыр.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику. – Москва: Издательство «Флинта», 2007. – 296 с.
2. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка. Известия РАН. Серия лит. и яз. 1993, №1.– 147-165 с.
3. Қошанова Ж. «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты

мен қызметі: ф.ғ.к.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 10.02.02. – Алматы, 2009. – 34б.

4. Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивті аспектісі: монография.– Астана, 2013. – 162 б.

5. Красавский Н. А. Эмоциональные концепты в немецкой и русской лингвокультурах. Волгоград: Перемена. 2001. – 493 с.

6. Карасик В. И., Стернин И.А Антология концептов. Волгоград: «Парадигма», 2005. –352с.

7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 711б.

8. 14. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: "Алматыкітап" баспасы, 2012.

**МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР****Қалыбеков Б.Е.**

Ж.А.Тәшенев атындағы университетінің аға оқытушысы, ф.ғ.к.

**Байболова Айжан**

Ж.А.Тәшенев атындағы университетінің аға оқытушысы

bolatkalybekov@e.mail

**Аңдатпа.** Тілді зерттеу, оның дамуы, сондай-ақ жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі адамның танымдық іс-әрекетін қарастырудағы ғылымның басты проблемасына айналды. Сондықтан, ауызша сөйлеуді дамытудың жүйелік емес түрінен морфология мен лексиканы зерттеудің жүйелік әдістеріне өту үшін, мүмкін болса, тілде жиі және сирек қолданылатын сөздерді таңдау керек. Ол үшін оқулықтардың тілі бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіп, салыстырмалы талдау арқылы сөздерді қолдану арасындағы айырмашылықты анықтау керек. Біздің мақсатымыз-белгілі бір кезеңдегі оқушылардың сөздік қорының өсу динамикасын анықтау. Зерттеудің лингвостатикалық әдістері құрғақ тілдік фактілерді тізімдеп қана қоймай, ықтимал және дедуктивті гипотезаларды жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін 6-10 жас аралығындағы балалардың сөйлеу лексикасы мен морфологиясы бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіп, бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған оқулықтар мен көркем әдебиеттердің тілін егжей-тегжейлі зерделеу керек. Айта кету керек, кейбір жағдайларда оқулық авторының тілі көбінесе балалардағы тілді меңгеру деңгейімен сәйкес келмейді. Мәтін үшін лексикалық бірліктерді таңдау кезінде жаңа мағыналары бар сөздер ескерілмейді. Бұл жағдайда балалардың пассивті лексикасына және оларға бейтаныс сөздерге назар аудару керек. Зерттеу жұмысының негізгі ережелері және зерттеу нәтижесінде дайындалған жиілік сөздіктері оқушылардың сөздік қорын байытуда, сондай-ақ ана тілін меңгеруде қолданылуы мүмкін.

**Кілт сөздер:** лексикалық бірліктер, пассив лексика, жиілік сөздіктер, морфология

**Аннотация.** Исследование языка, его развитие, а также его роль в формировании личности стала главной проблемой науки при рассмотрении познавательной деятельности человека. Поэтому, чтобы перейти из несистемного вида освоения устной речи к системным способам изучения морфологии и лексики, по возможности необходимо подобрать наиболее часто и редкоупотребляемые слова в языке. Для этого следует проводить статистические исследования по языку учебников, выявлять различие между словоупотреблениями путем сравнительного анализа.

Наша цель – определить динамику роста словарного запаса учащихся определенного периода. Лингвостатистические методы исследования не просто перечисляют сухие языковые факты, а предоставляют возможность разработать вероятные и дедуктивные гипотезы. Для решения данной задачи следует проводить статистические исследования по лексике и морфологии детской речи в возрасте 6-10 лет, детально изучить язык учебников и художественной литературы для детей младшего школьного возраста.

Следует отметить, что в некоторых случаях язык автора учебника часто не совпадают уровнем владения языком у детей. При подборе лексических единиц для текста не учитываются слова с новыми значениями. В данном случае следует обратить внимание к пассивной лексике детей и к ним незнакомым словам.

Основные положения исследовательской работы и подготовленные в результате исследования частотные словари могут быть применены в обогащении словарного запаса учащихся, а также при освоении родного языка.

**Ключевые слова:** лексические единицы, пассивная лексика, частотные словари, морфология

**Abstract.** The study of language, its development, as well as its role in the formation of personality has become the main problem of science when considering human cognitive activity. Therefore, in order to move from a non-systemic type of mastering oral speech to systematic ways of studying morphology and vocabulary, it is necessary to select the most frequently and rarely used words in the language, if possible. To do this, it is necessary to conduct statistical studies on the language of textbooks, to identify the difference between word usage by comparative analysis. Our goal is to determine the dynamics of the vocabulary growth of students of a certain period. Linguostatic research methods do not just list dry linguistic facts, but provide an opportunity to develop probable and deductive hypotheses. To solve this problem, it is necessary to conduct statistical studies on the vocabulary and morphology of children's speech at the age of 6-10 years, to study in detail the language of textbooks and fiction for younger school children.

**Keywords:** lexical units, passive vocabulary, frequency dictionaries, vocabulary, morphology.

БСО лексикалық қолданыстарды реттеу мәселесі осы мақсатпен сабақтасып жатқан тағы бір зәруліктерді туындатады. Ол - оқулық мәтіндеріндегі кейбір келеңсіз құбылыстарды реттестіру мәселесі. Қарастырған мектеп оқулықтарындағы осы олқылықтардың біразы соңғы жылдары түзетілгенімен, бірқатары әлі де бір тиянақты шешім таппай келеді. Біз қарастырған БСО тілдік норманың бұзылуына әкеліп соғатын мұндай құбылыстардың реттестірілуі зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болмағанымен, лексикалық жүйенің сұрыпталып, оқулықтар тілінде қолданылуында статистикалық нәтижелердің де ескерілуін негіздеуге тырыстық. Оқулықтардағы бұл секілді ерекшеліктерді дублет сөздер мен кейбір кірме сөздердің қолданылуынан, кейбір тілдік терминдердің қолданылу өрісі мен омонимдердің аз қолданылуынан айқын аңғардық. Енді осы ерекшеліктерді жеке-жеке топтастырсақ, мына мәселелердің әлі күнге өз шешімін таба қоймағандығын көреміз:

- 1) БСО дублет сөздердің қолданылуы;
- 2) Кірме сөздердің қолданылуы;
- 3) Лингвистикалық терминдердің қолданылуы;
- 4) Үндестік заңының бұзылуы.

Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді байытып, ұстарта білу — үлкен өнер. Ал тіл мәдениетінің мәртебесін айқындайтын көрсеткіштің бірі — жазудағы бірізділік. Осы талаптар тұрғысынан алғанда, халықты тіл мәдениетіне үйрететін баспасөзге, ғылыми-көпшілік әдебиет пен оқулықтарға аса маңызды міндеттер жүктеледі. Қазіргі қазақ тілін нормаландыру үрдісі әдеби тілдің жергілікті тіл ерекшеліктерімен толығып жатқан халықтың сөйлеу тіліне кеңінен ықпал етуі бағытында жүргізіледі [1; 2; 3,171-186]. Демек, сөз қолданыстарды нормаға сай реттеу — бұл тіл фактілерін белгілі бір жүйеге, ғылыми-практикалық жағынан бірізділікке әкелу, қажетті материал ретінде ойды білдірудің ең тиімді формаларын қалыптастыру болып табылады [1; 2; 4,18]. Бұл зәрулікті шешудің Мектепке арналған текстерінде кездесетін дублет сөздердің әдеби тіл нормасына сай тек біреуін ғана қолдануды нақтылы шешу және үлгі ретінде ұсынумен байланысты біздің зерттеу жұмысымызға да қатысы бар. Ә.Ахабаевтың айтуы бойынша дублет сөздер формаларының қайсысы негізгі, нормаға лайық деген мәселені анықтау өте қиын, өйткені іс жүзінде, практикада қолданылуы бірдей дәрежедегі сөздердің варианттары кездеседі де, тілдік норма ретінде олардың қай вариантын қолдану керектігін анықтауға қажетті бақылау критерийін табу қиын. 50 ж. мектепке арналған текстердегі дублет сөздердің статистикалық сипаттамасын анықтау барысында бізге де бұл проблема кездесті. Бұл мәселені

шешуде әдеби шығармашылық жұмыстардың озық үлгілерін кеңінен тарату ерекше маңызға ие, өйткені жазушылық шеберлік, жазушылар мен публицистердің тілі халықтың ғасырлар бойы жасаған тілдік үлгілерінің сақтаушысы ғана емес, сонымен қатар оның таратушысы да. Уақыт өте, көптеген сөздер өздерінің семантикалық бояуын әлсіретсе, ал енді біреулері жаңа мағынаға ие болады. Бұл біз қарастырып отырған мектепке арналған текстерне де тән. 50 жылдардың баспасөз оқулықтарындағы айрықша назар аударарлық нәрсе - ауызша және жазба тіліміздегі дублет сөздер, олардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық варианттары. Бұл варианттардың біреуін ғана әдеби тіл нормасы ретінде таңдап, қабылдауымыз қажет. Әсіресе орфографиялық сөздіктер арқылы мұны реттеуге болады. Көптеген сөздер осы күнге дейін әдеби тілден берік орын ала алмай жүрсе, бірқатар сөздер екі-үш вариантта айтылып, солай жазылып жүр. Бұлардың ішінде екіұштылары да жоқ емес. Мысалы, аталмыш оқулықтарда кездесетін *жиылыс — жиналыс, әтеш — қораз, сұрау — сұрақ* сөздерінің қай сыңары да әдебиетімізде жиі қолданылады. Профессор М.Балақаев тіл мәдениетінің маңызын айқындай келе, "тілдің икемділік қасиетін жойып, сірідей сірестіріп қоюды көздемейміз, тілдің икемділік қасиетін арттыруды көздейміз. Тіл материалдары сұрыпталып, бүкіл халыққа түсінікті әрі ұтымды, дәл, анық ету арқылы ғана тілдің икемділігін арттыруға болады" деген болатын [2; 5,28]. Ал филология ғылымының докторы С.Мырзабектің айтуы бойынша "тіл мәдениеті сөздердің жазылуында бірізділіктің болуын қалайды. Мақсат арнайы сөздіктерді басшылыққа алғанда ғана орындалады. Әзірше жазуда бірізділік жетпей жатса, ол — сөздікке атүсті қараудың нәтижесі" [2; 6,13]. Дублет сөздердің үлгі ретінде бірін ұсыну үшін біз бағалау нормасының бірі ретінде олардың статистикалық сипаттамасын есепке алдық. Зерттеулер көрсеткендей, жиілік сипаттамасы — сөздердің өзімен дублет болатын сыңарымен салыстырғандағы фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жағынан басымдығының көрсеткіші болып табылады. Дублет сөздердің бірін таңдауда олардың жиілік сипаттамасы "критерий болу керек" деген ойдан аулақпыз. Біздің пікіріміз - мұндай сөздердің бірін таңдауда олардың жиілік сипаттамасы ескерілсе деген Ә.Ахабаевтың ұсынысын қолдау екенін айтқымыз келеді. Профессор М.Балақаев айтқандай "сауатты деп есептелетін әдеби тілде сұлулық пен ой тереңдігі, суреттеудің дәлме-дәлдігі, шешендік өнер, бейнелі әрі айшықты сөз қолданыстар мен жоғары мәдениеттілік болу қажет" [7,6]. Дублет сөздердің бірін әдеби тіл нормасы ретінде ұсыну мақсатында біз оқулық мәтіндері материалдарына статистикалық талдау жүргіздік. Сөздерді сұрыптау және оларды оқытудың өлшемдік бірлігі өзара байланыста болғандықтан, дублет сөздердің белгілі бір вариантын сұрыптап таңдап алу бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында сөздердің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін талдау және жинақтаудың нәтижесінде іске асырылды. Жоғарыда айтылған дублет сөздерді пайдалану — оларды орфография ережесіне ендіруде, әдеби тілімізде қолдануда да қиындық келтіреді. Мысалы, *топталып — топтанып, үлгерді — үлгірді, бөлек — бөлік, егін — егіс, сөзііл — сөзшең, қала — шаһар, картинка — сурет, қожанәсір — хожанәсір, тамак, — ас, жауын— шашын - боран—шашын* секілді сөздердің қолданылуы 50 ж. оқулықтары мен балалар әдебиетінің ахуалын танытса керек. Жазба тілімізде осы дублет сөздердің бірін қолдануды реттеу — арнайы зерттеулер мен ғылыми-практикалық шешімді қажет етеді. Енді осы пікірімізді тіл біліміне қатысты кейбір терминдердің қарастырылған БСО қолданылу ерекшеліктеріне тоқтала отырып, әрі қарай өрбітейік деп отырмыз. Тіліміздің байлығы оның өмірдің түрлі саласына байланысты қолданылатын жан-жақтылығымен сипатталады. Осы түрліше салалардың бірі ретінде терминдік лексиканы атауымызға болады. Ғылыми ұғымдарды түсіндіру үшін әдетте тіл байлығына сүйеніп, ғылыми терминдерді түсіндіруге, дәлме-дәл беруге болатын сөздерді іздеп табамыз. Терминдер сөйлеу практикасындағы ұғым-түсініктерді білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар

олардың арасындағы белгілі бір байланыстарды қалыптастырушы, өзара байланысты терминдерге негізделген ақпаратты берудің және қабылдаудың негізгі құралы болып табылады. Термин жасаудың әр түрлі жолдары белгілі. Дегенмен де олардың бәрі де жалпы халықтық тіл негізінде жасалған. Лингвистикада жаңа сөздер мен терминдер жасалуы тілдің ішкі дамуының жалпы заңдылықтары негізінде жасалады [8,63]. Термин жасау барысында мынаны ескеру қажет - терминдер белгілі бір ұғымдарға тән белгілерді ғана емес, осы ғылымның өзге де ұғым-түсініктері мен белгілі бір деңгейдегі байланысын білдіруі керек. Д.С.Лотте айтқандай: "Ғылыми терминология сөздердің жәй ғана жиынын емес, белгілі бір дәрежеде өзара байланыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің жүйесін де білдіреді" [9,72]. Осылайша, белгілі бір жүйеге кіретін кез келген ғылыми термин осы саладағы терминологияның жүйелілік талабын қанағаттандырады. Сондықтан да жекелеген терминдерге баға беру кезінде оларды берілген жүйені құраушы бөлшектер ретінде қарау керек. Лексикамыздың термин сөздермен толығып, баюына кесел жасайтын кейбір көзқарастар туралы профессор Қ.Жұбанов "Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер" [10,279] атты еңбегінде айта келіп, оларды қабылдауда басшылыққа алынатын 11 ұстанымды талдап берген болатын. Мұнда әсіресе Қ.Жұбановтың қазақ алфавитінің құрамына *ф*, *х* әріптерін енгізу туралы ұсынысын айтуға болады. Профессор Ө.Айтбаев "Термин және оның дәуірлік сипаты" еңбегінде терминдік сипат ала бастаған сөздердің күнделікті қолданыстағы болмысын ғылыми таразыға салуға мүмкіндік жасалғанын айта келіп, баспасөз материалдарын, публицистикалық әдебиетті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын үнемі қадағалап қарастырып, жаңа қолданыстарды терминком талқысына салып отыруды дәстүрге айналдыру қажеттігіне тоқталады [11,160]. Профессор Н.А.Баскаков термин жасауда негізге алатын басты-басты бес принциптерді ұсынады: 1) аударма, 2) калька арқылы, 3) сипаттама аударма, 4) күрделі сөз, 5) қосымшалар арқылы [12,5-71]. Зерттеу жүргізіліп отырған мектепке арналған текстердің терминдеріне талдау жасау кезінде біз де осы принциптерге сүйенеміз. Мектепке арналған текстерде терминдердің қолданылуын реттеу үшін бізге мынадай міндеттерді орындау қажет:

1. Терминдер мен олардың беретін ұғымдарын оқыту тәжірибесімен үштастыра зерттеу;
2. Қазақ тіліндегі жекелеген терминдер мен олардың ұғымдарының пайда болу көздерін анықтау;
3. Терминдердің статистикалық және салыстырмалы түрдегі сипаттамаларына сүйеніп, жасалған ұсыныс, пікірлердің дұрыстығын тексеру. Терминдер мен олардың ұйым-түсініктерін және іс-жүзінде практикада қолданылуын қарастыра отырып, біз бұл салаға қатысты барлық мәселелерді түгелдей қарастыруды мақсат тұтпақ емеспіз. Біздің мақсатымыз - Мектепке арналған текстердегі кейбір терминдердің қолданылуына статистикалық талдау жасау арқылы оларды дұрыс қолдану принциптерін жетілдірудің жолдарын ұсыну. Өзіндік бағыт-бағдары, зерттеу нысанасы бар әр ғылым саласының белгілі бір ұғымдар жүйесі, зерттеу нысаны болатыны мәлім. Ғылым тереңдеп, салмақтанған сайын, оның терминдері де байып, саралана түспек. Әр ғылым саласындағы терминдерді жіктеп, бір арнаға салудың және сөздіктер құрастырудың практикалық мәні де зор. Қазақ тілінің ғылыми термин жағынан толығыуының көптеген жолдары бар. Солардың бірі - түркі халықтарының сөздік қорын пайдалану. Бұл көне түркі сөздерінен бастап қазіргі тілдерді қамтиды. Ал түркі тілдерін ең алғаш рет классификация жасаған ғалым - М.Қашғари. Ол түркі тілдерін таза және аралас тілдер деп екіге бөледі: "Таза, басқа тілдердің ықпалына түспеген, тек түркі тілдерінде сөйлейтін тілдер қатарына М.Қашғари яғма, тухси, қырғыз, қыпшақ, оғыз, шігіл, ығрақ, парук тайпаларын және бұларға жақындау иамақ, башкүрт, бұлғар, печенек, сувар тілдерін жатқызса, басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсіп (соғды, қатай -тибет тілдерімен) бұзылған тілдер қатарына сұғдақ, қанжақ, арғу, худан, таңғұт, тибет және ябаку, татар, басмық



тайпаларының тілін енгізеді" [13,17-134]. Міне осы түркі тілдерінің даму сатысында бір жағынан, көпшілік түркі тілдеріне негізделген жалпыға ортақ әдеби тілмен бірге ("Құдатғу білік", "Хибат-ул хакайк"), ислам дінінің ықпалымен араб-парсы элементтері көптеп ене бастап, екінші жағынан оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар арасы алшақтай түсіп, өзіндік тілдік ерекшеліктері айқын көріне бастайды. Қазіргі ұлттық тілдердің лексикалық құрамы мен фонетикалық, грамматикалық жағындағы өзгерістердің болуы жоғарыда айтылған түркі тілдерінің негізін құраған ру-тайпалардың алшақтай түсіп, жеке-жеке ұлт тілдерінің қалыптасуына негіз жасауында. Жаңа қоғамдық формация, мәдени-экономикалық қарым-қатынастар жаңа ұғымдарды дүниеге келтірді. Кезінде олардың көбісінің қай тілде болмасын атауы жоқ сөздер болатын. Міне, осындай өміршең талаптан туған зәрулікті қанағаттандырудың екі түрлі жолы бар. Оның бірі — әр тілдің өз ішкі заңдылықтарына сүйене отырып жаңа сөздер жасау да, екіншісі - басқа тілдерден әзір тұрған сөздерді қабылдау немесе сөзбе-сөз (калька арқылы) аударып алу. Бұл сөз еткелі отырған БСО лексикасындағы терминдер осы екеуінің соңғысына көбірек келіңкірейді. Енді тілімізде қолданылып жүрген осы терминдердің кейбіріне тоқталайық:

1. *Сөз* (слово) - азербайжанша *соз*, өзбекше *суз*, түрікше *соз*, қырғызша *соз*, татарша *суз*, ұйғырша *соз*, түрікменше *соз*, башқұртша *һуз*.

2. *Мағына* (значение) - азербайжанша *мана*, өзбекше *mano*, түрікше *анлам*, қырғызша *ман*, татарша *мана*, ұйғырша *мана*, түрікменше *ман*, башқұртша *мағана*.

3. *Сөздік* (словарь) - азербайжанша *лұғат*, өзбекше *сузлик*, түрікше *созлик*, қырғызша *созлик*, татарша *сузлик*, ұйғырша *лұғат*, түрікменше *созлик*, башқұртша *һузлик* т.б.

Бұдан көріп тұрғанымыз — бірқатар сөздер кейбір фонетикалық өзгешеліктері болмаса, жалпы түркі тілдерінде бірдей аталады екен. Төңкерістен кейінгі дәуірде лексика саласының дамуындағы үлкен бір арна - орыс тілінен, не орыс тілі арқылы басқа тілдерден сөз алу болса, жоғарыда келтірілген мысалдардан шығатын қорытынды — өзінің тарихи даму сатыларында көптеген түркі тілдеріне тән ортақ нәрсе — бұлардың лексикалық қорына басқа тілдерден терминдер қабылдауы бір деңгейде болды. Десек те бұл тұжырым оңтүстік түріктерге (әзірбайжан, түрік, өзбек) қарағанда көне түркі, қыпшақ, қазіргі алтай, саян, сібір түріктеріне тән деуге болады [; 13,18-130]. Мектепке арналған текстердегі терминдердің басым бөлігін қазақтың төл сөздері құрайды. Мысалы: *түбір* сөзі (149 с/қ) лингвистикалық термин болуымен бірге, екінші бір мағынасында өсімдіктердің жер астындағы бөлшегі деген мағынаны да білдіреді. Ал *жұрнақ* сөзі терминдік мағынасына қоса *қалдық* немесе "заттың бір шағын бөлшегі" ұғымын да білдіреді. Мектепке арналған текстерне тән нәрсенің бірі — *лық* жұрнағының варианттары арқылы жасалған терминдердің көптеп кездесуі. Оқулық мәтіндеріндегі мұндай терминдердің саны - 9 (564 с.к.). Мысалы: *атау сентік* (319 с.к.), *есімдік* (12 с.к.), *жіктік жалғауы* (9 с.к.), *үндестік заңы* (4 с.к.) т.б. Кейбір лингвистикалық терминдер түркі халықтары үшін ортақ болып табылады. Мысалы: *әдеби тіл* термині азербайжан тілінде *адаби дил*, өзбекше *адаби тил*, түрікше *едеби дил*, қырғызша *адаби тил*, татарша *адаби тил*, ұйғырша *адаби тил*, түрікменше *адаби дил*, башқұртша *адаби тил*. Сондықтан да кейбір терминдерді қазақ тілінде аударуда қиындықтар болса немесе дұрыс аударылмаса, онда бұл терминнің түркі тілдеріндегі аудармаларын ескерген жөн деп есептейміз. Мектепке арналған текстердегі лингвистикалық терминдердің көпшілігі калька арқылы жасалған (12 сөз, 795 с.к.) Мысалы: *дыбыс - звук* (254 с.к.), *есім сөздер - именные слова* (36 с.к.), *жақ - лицо* (286 с.к.) т.б. Кейбір терминдер оның сол арқылы аударылып отырған тілдегі эквивалентімен алынған: *сөз - слова* (1190 с.к.), *буын - слог* (130 с.к.) т.б. *Дефис* деген сөзден басқа барлық лингвистикалық терминдер қазақтіліне аударылған және өзгеріссіз қолданылған. Біздіңше, егер қазақ тіліне басқа тілдерден енген терминдердің дәл осы мағыналық ұғымын беретіндей қазақ тіліндегі эквиваленті болмаған жағдайда оны өзгеріссіз сол қалпында қалдырған жөн секілді. Біз бұл зерттеулерімізде қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдерге қатысты барлық мәселелерді жан-жақты

қарастыруды мақсат тұтқан жоқпыз, тек оны толықтыру жолдарына қатысты өз ойымызды білдірдік. Жоғарыда келтірілген мысалдардан мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Лингвистикалық терминдердің жасалуы негізінен қазақтың байырғы лексикасын пайдалану арқылы іске асып отыр.

2. Қолданылып жүрген терминдерді белгілі бір жүйеге келтіріп, реттеу үшін БСО мен оқу құралдарын құрастыру барысында дұрыс деп есептелетін терминдерді сол күйінде қалдырып, ал аударылған тілден қажетті эквивалентін сұрыптау барысында сол терминнің таралу, яғни кеңінен қолданылу жағын ескерген дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қалыбеков Б.Е. 50 жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. Алматы. 2004.

2. Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. Монография. Алма-Ата: Наука, 1978, -183 с.

3. Кеңесбаев С.К. Ысқаков А.Ы., Мусабаев Г.Г., Сыздыкова Р.Г. О нормах казахского литературного языка // Вопросы развития литературных языков народов СССР. Алма-Ата, 1964, -С. 171-186.

4. Ахабаев Ә. Статистический анализ лексико-морфологической структуры языка казахской публицистики (на материале газетных текстов 1965-66 г.г.). Автореф. дисс. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1971, -23 с.

5. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы: Қазақстан, 1965, -48-50 б.

6. Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. Алматы: Қазақ университеті, 1991, -39 б.

7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы: Мектеп, 1989, -6 б.

8. Айтбаев Ә.А. Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1988, -207 б.

9. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. М., 1961, -72 с.

10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, -279 б.

11. Айтбаев Ә.А., Сарыбаев Ш.Ш., Әрекенова Р.А. Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986, -165 б.

12. Баскаков Н.А. Современное состояние терминологии в языках народов СССР // Вопросы терминологии. М.: Наука, 1961, -С. 5-71.

13. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. Алматы: Қазақ университеті, 1992, 117-134 б.

14. Орфография казахского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР, М., 1973, -110 с.

## МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалыбеков Б.Е.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
bolatkalybekov@e.mail

**Аңдатпа.** Тілді зерттеу, оның дамуы, сондай-ақ жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі адамның танымдық іс-әрекетін қарастырудағы ғылымның басты проблемасына айналды. Сондықтан, ауызша сөйлеуді дамытудың жүйелік емес түрінен морфология мен лексиканы зерттеудің жүйелік әдістеріне өту үшін, мүмкін болса, тілде жиі және сирек қолданылатын сөздерді таңдау керек. Ол үшін оқулықтардың тілі бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіп, салыстырмалы талдау арқылы сөздерді қолдану арасындағы айырмашылықты анықтау керек. Біздің мақсатымыз-белгілі бір кезеңдегі оқушылардың сөздік қорының өсу динамикасын анықтау. Зерттеудің лингвостатикалық әдістері құрғақ тілдік фактілерді тізімдеп қана қоймай, ықтимал және дедуктивті гипотезаларды жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін 6-10 жас аралығындағы балалардың сөйлеу лексикасы мен морфологиясы бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіп, бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған оқулықтар мен көркем әдебиеттердің тілін егжей-тегжейлі зерделеу керек. Айта кету керек, кейбір жағдайларда оқулық авторының тілі көбінесе балалардағы тілді меңгеру деңгейімен сәйкес келмейді. Мәтін үшін лексикалық бірліктерді таңдау кезінде жаңа мағыналары бар сөздер ескерілмейді. Бұл жағдайда балалардың пассивті лексикасына және оларға бейтаныс сөздерге назар аудару керек. Зерттеу жұмысының негізгі ережелері және зерттеу нәтижесінде дайындалған жиілік сөздіктері оқушылардың сөздік қорын байытуда, сондай-ақ ана тілін меңгеруде қолданылуы мүмкін.

**Кілттік сөздер:** Жиілік, статистика, бала тілі, ықтималдық, гипотеза, сөздік қор

**Аннотация.** Исследование языка, его развитие, а также его роль в формировании личности стала главной проблемой науки при рассмотрении познавательной деятельности человека. Поэтому, чтобы перейти из несистемного вида освоения устной речи к системным способам изучения морфологии и лексики, по возможности необходимо подобрать наиболее часто и редкоупотребляемые слова в языке. Для этого следует проводить статистические исследования по языку учебников, выявлять различие между словоупотреблениями путем сравнительного анализа.

Наша цель – определить динамику роста словарного запаса учащихся определенного периода. Лингвостатистические методы исследования не просто перечисляют сухие языковые факты, а предоставляют возможность разработать вероятные и дедуктивные гипотезы. Для решения данной задачи следует проводить статистические исследования по лексике и морфологии детской речи в возрасте 6-10 лет, детально изучить язык учебников и художественной литературы для детей младшего школьного возраста.

Следует отметить, что в некоторых случаях язык автора учебника часто не совпадают уровнем владения языком у детей. При подборе лексических единиц для текста не учитываются слова с новыми значениями. В данном случае следует обратить внимание к пассивной лексике детей и к ним незнакомым словам.

Основные положения исследовательской работы и подготовленные в результате исследования частотные словари могут быть применены в обогащении словарного запаса учащихся, а также при освоении родного языка.

**Ключевые слова:** частота, статистика, детский язык, вероятность, гипотеза, словарный запас

**Abstract.** The study of language, its development, as well as its role in the formation of personality has become the main problem of science when considering human cognitive activity. Therefore, in order to move from a non-systemic type of mastering oral speech to systematic ways of studying morphology and vocabulary, it is necessary to select the most frequently and rarely used words in the language, if possible. To do this, it is necessary to conduct statistical studies on the language of textbooks, to identify the difference between word usage by comparative analysis. Our goal is to determine the dynamics of the vocabulary growth of students of a certain period. Linguostatic research methods do not just list dry linguistic facts, but provide an opportunity to develop probable and deductive hypotheses. To solve this problem, it is necessary to conduct statistical studies on the vocabulary and morphology of children's speech at the age of 6-10 years, to study in detail the language of textbooks and fiction for younger school children.

**Keywords:** frequency, statistics, children's speech, probability, hypothesis, vocabulary.

Оқулық мәтіндерінің морфологиялық құрылымына автоматты түрде талдау жасау лингвистикалық операцияның ерекше маңызды және қажетті кезеңдерінің бірінен саналады. Жекелеген сөз формаларына автоматты түрде морфологиялық талдау жасау арқылы морфемалардың бастапқы грамматикалық сипаттамаларының алынуы мен жеке сөздерден сөз формаларының морфемалық негізі бөлінуі қамтамасыз етіледі. Морфологиялық талдау сөздердің парадигмалық арақатынасы фактілерін зерттеу және синтаксистік деңгейде зерттеуге қажет болатын сөздер мен олардың тіркестерін байланыстырушы грамматикалық көрсеткіштерді анықтау үшін қолданылады. Мектепке дейінгі кезеңде игерілген грамматикалық материалға әдеби нормаға сай түзету, ал соңынан бұл жүйені кеңейтуге негізделген біздің зерттеулеріміз грамматика саласындағы бастауыш мектепте оқытуды жақсартуға бағытталған лингвистикалық мақсат болып табылады. Оқулық мәтіндерінің құрастырылуы мен нақты грамматикалық жағынан толықтығы ана тіліміздің грамматикасын оқытуды ұйымдастырумен бір деңгейде аса маңызды роль атқарады. Осыған байланысты бұл бөлімнің нақты міндеттері ретінде мына төмендегі мәселелерді айтпақпыз:

- Мектепке арналған текстердегі сөз формаларының ішкі құрылымын, негіздер мен аффикстер арқылы сөз тудырудың әр түрлі мүмкіндіктерінің жолдарын анықтау және зерттеу;

- статистика-морфемалық сипаттамаларды айқындау үшін сөз топтары мен грамматикалық категорияларды бөле қарау;

- есім сөздер формаларының морфологиялық құрылымын анықтау;

- БСО квантитативті өңдеу нәтижесінде алынған сандық нәтижелерге лингвостатистикалық талдау жүргізу және оқулық мәтіндерінің квантитативті-грамматикалық жүйесінің даму динамикасын айқындау;

- бастауыш мектеп жасындағы балалардың ана тіліміздің грамматикасын игеруін қолға алу және нормаға келтірудегі оқулықтар әсерінің дәрежесін бағалау. Бұл міндеттер негізінен есім сөздер материалдарына (зат есімдер) негізделіп шешіледі. Өйткені, біріншіден, біз қарастырған мәтіндерде қазақ және үнді-еуропа тілдеріндегі есім сөздер мәтіннің 67-73 % қамтиды, екіншіден, сәбидің даму үстіндегі интеллектуальды-логикалық санасында сыртқы дүниедегі ол үшін әлі жаңа объектілерді бейнелеу құралының бірі осы атау мәнді сөздер болып табылады. Морфема ұғымы 50 жылдардан бастап лингвистикалық әдебиеттерде қолданыла бастады. Осы уақыттан бастап ол сөздерді түбір мен аффикстерге ажырату барысында қолданылып келеді. Келесі зерттеулерде ғалымдардың назары морфеманы грамматикалық жүйенің басты өлшемі ретінде қолдануға алып келген қиындықтарға ауды да, нәтижесінде бұл жүйені құрайтын ең түпкі өлшемдік бірлікті табу қажеттігін туындатты [1; 2; 3-5]. Қазір бұл өлшем бірлігі

морфема болып танылуда [2; 6,9]. Сөз құрамындағы морфемалар екіге бөлінеді: негізгі (лексикалық) және көмекші (грамматикалық) морфемалар. Негізгі морфемалар әдетте сөздердің лексикалық мағынасын білдіреді [2; 7,401]. Біздің зерттеуімізде 50 ж. мектепке арналған текстердегі осы негізгі морфемалардың құрылымына лингвостатистикалық талдау берілді. Негізгі морфемаларға, түбір негіз және туынды түбірлер жататыны белгілі. Зерттеу барысында біз осы негізгі морфемаларға жататын, 50 ж. мектепке арналған текстернің 50%-ын құрайтын ең жиі қолданыстағы 200 сөздің (93046 сөз қолданыстағы 132522 буын) ерекшеліктеріне талдау жасалды. Мұнда бір буынды негіз немесе түбір сөздердің 7 түрі анықталды:

Г=10319 сөз қолданыс (7,79%) М: *e*

СГ=45608 сөз қолданыс (34,41%) М: *де*

ГС=12700 сөз қолданыс (9,58%) М: *ол*

СГС=61929 сөз қолданыс (46,73%) М: *бол*

ГСС=135 сөз қолданыс (1,02%) М: *айт*

ССГСС=414 сөз қолданыс (0,31%) М: *сынып*

СГСС=197 сөз қолданыс (0,15%) М: *тарт*

Көріп отырғандай, мұнда ең жиі қолданыстағы форма СГС (дауыссыз+дауысты+дауыссыз және СГ дауыссыз+дауысты) варианттары екендігін байқаймыз. Ал екі буынды түбір (негіз) сөздердің 9 түрлі форма-варианты кездесті. ГСГ (*екі*), ГГС (*аяқ*), СГСГ (*неше*), ГСГС (*ағаш*), ГССГ (*істе*), СГСГС (*керек*), СГССГ (*қаниша*), ГССГС (*артық*), СГССГС (*қандай*). Бұлардың ішінде ең жиі қолданылатыны СГСГС (8321 с.қ.=28,6%), СГСГ (7404 с.қ.=25,4%) және ГСГС (4144 с.қ.=12,5%) форма-варианттары. Бұлардан кейінгі орындарда қолданылу жиіліктері бойынша мына форма-варианттар келеді: ГСГ (9,61%), СГССГ (7,93%), СГСС (6,49%), ГССГС (3,44%), ГГС (0,82%). Ал енді үш буынды түбір (негіз) сөздерге келсек, біздің таңдамамызда олардың 11 түрі кездесті:

СГССГСГ=970 с.қ. (20,19%) *бірнеше*

СГСГССГ =634 с.қ. (13,19%) м: *бірінші*

ГСГССГ=865 с.қ. (18%) м: *екінші*

СГСГСГ=465 с.қ. (9,67%) м: *машина*

СГСГССГС=348 с.қ. (7,24%) м: *құрастыр*

СГССГССГ=298 с.қ. (6,20%) м: *тапсырма*

ГССГСГ=270 с.қ. (5,62%) м: *әңгіме*

СГГСГС=269 с.қ. (5,59%) м: *пионер*

ГСГСГ=311 с.қ. (6,47%) м: *оқушы*

ГСГССГС=191 с.қ. (3,97%) м: *ж.ұзындық*

ГГСГС=183 с.қ. (3,84%) м: *уақыт*

13. Хасбиуллина Р.Г., Кушаева Е.Ж. Приморье еліндегі қорғану деңгейіне байланысты соя өнімділігі. Майлы дақылдар. Бүкілресейлік майлы дақылдар ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-техникалық бюллетені. Іс. 2 (139), (2008 ж.)
14. Методика государственного сортоиспытания. М.- В.1. - 1985 [https://gossortrf.ru › uploads 2019/08 › metodica\\_1](https://gossortrf.ru › uploads 2019/08 › metodica_1).

15. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). Учебно методическое пособие //Изд. 5-е доп. и перераб. - М.: Агропромиздат, 1985. -351 с.

16. Созонова А.Н. Хозяйственно-биологическая и селекционная ценность скороспелых сортов сои в лесостепной зоне Зауралья Автореф. дис.... канд. с.-х. наук / А.Н. Созонова. – Тюмень, 2020. – 18 с.

17. Sushil T., Ammar B., Rajan G., Qingwu X.,... Managing Micronutrients for Improving Soil Fertility, Health, and Soybean Yield Sustainability, (2021). – Vol. 13(21)

18. Arumingtyas E., Savitri E. Purwoningrahayu, R., Protein Profiles and Dehydrin Accumulation in Some Soybean Varieties in Drought Stress Conditions, //American Journal of Plant Sciences, Vol. 4 No. 1, 2013, pp. 134-141.

19. Красовская А.В. Кормовые бобы и соя на зерно и семена в ООО «Сибиря» /А.В. Красовская, В.Л. Уляшев, Е.Е. Ташланова// Аграрный вестник. 2016. № 11. С. 54-55.

**ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАРДЫҢ ҚАНТ ДИАБЕТІ КЕЗІНДЕГІ ҚАНЫНЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ**

**Құрманбай Ү. К.** – а/ш.ғ.к.,

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті АҚ, Шымкент қаласы. Қазақстан

**Биғара Т. С.** – а/ш.ғ.к.,

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті АҚ, Шымкент қаласы. Қазақстан

**Нарымбаева З. К.** – х.ғ.к.

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті АҚ, Шымкент қаласы. Қазақстан

**Мустияр Т.** – а/ш.ғ.к.,

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті АҚ, Шымкент қаласы. Қазақстан

**Аңдатпа.** Біз егеуқұйрықтарға тәжірибе жасадық және аллоксан диабетінің үлгісін алдық. Мұны келесі көрсеткіштер көрсетеді: гликемия, глюкозурия, қандағы инсулиннің тез төмендеуі. Бұл егеуқұйрықтарға аллоксан енгізгеннен кейін 30 күннен кейін қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне әкелді. Аллоксанды енгізгеннен кейін егеуқұйрықтарға 5 күннен кейін қандағы глюкоза мен лимфа мөлшері тез өсті, 30 күннен кейін глюкозурия пайда болды, қандағы және лимфадағы инсулин деңгейі төмендеді, бұл өз кезегінде толық қажет ететін аллоксан диабетінің үлгісін алуға мүмкіндік берді

**Кілт сөздер:** егеуқұйрықтар, аллоксан, қант диабеті, инсулин, биохимиялық көрсеткіштері

**Аннотация.** Мы провели эксперименты на крысах и получили модель аллоксанового диабета. Об этом свидетельствуют следующие показатели: гликемия, глюкозурия, быстрое снижение содержания инсулина в крови. Это вызывало изменения биохимических показателей плазмы крови через 30 дней после введения аллоксана крысам. После введения аллоксана крысам через 5 дней быстро увеличивалось количество глюкозы в крови и лимфе, через 30 дней появлялась глюкозурия, снижался уровень инсулина в крови и лимфе, что в свою очередь позволило получить модель аллоксанового диабета, требующую полного инсулин.

**Ключевые слова:** крысы, аллоксан, диабет, инсулин, биохимические показатели

**Abstract.** We conducted experiments on rats and obtained a model of alloxan diabetes. This is evidenced by the following indicators: glycemia, glucosuria, rapid decrease in insulin levels in the blood. This caused changes in the biochemical parameters of blood plasma 30 days after the administration of alloxan to rats.

After administration of alloxan to rats, after 5 days the amount of glucose in the blood and lymph quickly increased, after 30 days glucosuria appeared, the level of insulin in the blood and lymph decreased, which in turn made it possible to obtain a model of alloxan diabetes that requires full insulin.

**Keywords:** rats, alloxane, diabetes, insulin, biochemical indicators

Біз егеуқұйрықтарға тәжірибе жасап, аллоксан диабетінің үлгісін алдық. Оны келесі көрсеткіштер дәлелдейді: гликемия, глюкозурия, қандағы инсулиннің құрамының тез арада төмендеуі. Егеуқұйрықтарға аллоксанды енгізгеннен соң 30 күннен кейінгі қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне себепші болды.

Бүгінде қант диабеті ауруының қарқынды өсуі әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының жаһандық мәселелерінің біріне айналып отыр. Қант диабеті адамдарды мүгедектікке және өлімге алып келетін аурулардың үштігіне (басқа екеуі – атеросклероз және рак) кіреді [1].

Елімізде қант диабетімен ауыратындардың нақты саны ресми мәліметтерден жоғары.

Қант диабеті ағзада инсулиннің толық немесе салыстырмалы жеткіліксіздігінен дамиды зат алмасуларының бұзылыстарымен, қан тамырларының, жүйкелердің және әртүрлі ағзалар мен ұлпалардың дерттік өзгерістерімен сипатталатын ауру [2].

Әдеби деректерде келтірілгендей жұмыстың негізгі бөлігі экспериментальді қант диабетінде зерттеліп, анықталған. Бұл аурудың дамуының бастапқы кезеңдері биохимиялық тұрғыдан нашар сипатталған.

Қант диабеті туралы негізгі мәліметтер жануарларға тәжірибе жүргізу барысында белгілі болды. Меринг пен Минковский (1889) иттің ұйқы безінің көп бөлігін (9/10) алып тастау арқылы ең алғаш экспериментальды модельді алған [3].

Қазіргі кезде экспериментальды диабетінің моделін алудың бірнеше жолы бар: аллоксан, дитизон, стрептозотацин енгізу арқылы алуға болады.

Біз егеуқұйрықтарда экспериментальды қант диабетін аллоксанды қолдана отырып тудырдық.

Аллоксан – күшті бос қышқылды ортада зәр қышқылын тотықтыра отырып алынатын химиялық зат. Аллоксанды 1817 жылы Бруньятелли ашқан.

Ең алғаш С.М.Лейтес жануарларға аллоксанды жібергенде аралшық ұлпаларының бұзылып, аллоксанды диабет дамығанын байқаған [4].

Егеуқұйрықтардағы аллоксан диабетінің үлгісін өңдеуге арналған мәліметтер және оның даму барысындағы (аллоксан диабеті) лимфа мен қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштері мен лимфа ағысына жасалған зерттеулер келтірілген.

Егеуқұйрықтардың 2 тобына тәжірибе жасалды: 1-ші бақыланатын (12 егеуқұйрық), 2-ші тәжірибе жасалынатын (38 егеуқұйрық). Екінші топтың тері астына аллоксан жіберілді (15 мг/100г). Барлық егеуқұйрықтардан эфир наркозымен аш қарынға ішек лимфатикалық тамырлардан лимфа, ал қуықтан несеп алынып, глюкозаның құрамы анықталды.


2-ші топтың егеуқұйрықтарының құйрық күре тамырынан қан алынғаннан соң аш қарынға қандағы глюкозаның деңгейін анықтадық, одан кейін оларды 3 тәулік тамақтандырмау үшін торшаға отырғыздық. Осы уақыт ішінде егеуқұйрықтарға тері астына аллоксан енгіздік. Аллоксан диабетінің пайда болуын бағалау белгілері қан мен несептегі глюкозаның көрсеткіштері мен қандағы инсулиннің деңгейі болды. Биохимиялық зерттеулердің әдістемесі 2 бөлімде келтірілген.

Зерттеу нәтижелері аллоксанды енгізгеннен соң 5 күннен кейін қандағы глюкозаның құрамы бақылау тобында  $5,9 \pm 1,2$  ммоль/л тәжірибе тобындағы  $10,9 \pm 2,7$  ммоль/л дейін өскенін, лимфада бақылау тобында  $6,4$  ммоль/л; тәжірибе тобында  $13,6$  ммоль/л дейін өскенін көрсетті. 30 күннен соң қандағы глюкозаның құрамы  $16,7 \pm 2,5$  ммоль/л, лимфада  $17,9 \pm 3,2$ , ал несепте  $7,2 \pm 1,5$  ммоль/л болды. Аллоксанды енгізгеннен соң 45 күннен кейін қандағы глюкозаның құрамы  $20,5 \pm 2,7$  ммоль/л, лимфада  $22,9 \pm 3,5$  ммоль/л, ал несепте  $8,5 \pm 2,3$  ммоль/л болды, ол 1- кесте көрсетілген (сурет 1).

Кесте 1 – Аллоксанды диабеті кезіндегі егеуқұйрықтың қанындағы, лимфасындағы және несепіндегі глюкозаның мөлшері

Көрсеткіштер	Аллоксанды енгізгеннен кейінгі әртүрлі мерзімдердегі глюкозаның мөлшері (ммоль/л)			
	Енгізгенге дейін	5 күннен кейін	30 күннен кейін	45 күннен кейін
Қан	$5,9 \pm 1,2$	$10,9 \pm 2,7^*$	$16,7 \pm 2,5$	$20,5 \pm 2,7^*$
Лимфа	$6,4 \pm 0,8$	$13,6 \pm 1,3$	$17,9 \pm 3,2$	$22,9 \pm 3,5$
Несеп	0	0	$7,2 \pm 1,5$	$8,5 \pm 2,3^*$






Сурет 1 – Қан плазмасындағы, лимфадағы және несептегі глюкоза мөлшерінің өзгеру динамикасы

Ұйқы безінің Лангерганс аралшықтарының  $\beta$ -жасушалары инсулин гормонын бөледі, оның гипогликемиялық қасиеті бар. Біздің тәжірибеміздегі бақыланған егеуқұйрықтардың қан плазмасында инсулиннің мөлшері  $20,5 \pm 1,8$  мкМЕ/мл болды. Лимфада оның мөлшері төменірек болған  $7,7 \pm 0,8$  мкМЕ/мл. Екінші топтағы егеуқұйрықтарда аллоксанды енгізгеннен соң 5 күннен кейін қандағы инсулиннің мөлшері төмендеді және 45 күннен кейін  $6,0 \pm 0,7$  мкМЕ/мл жетті, 1 суретте көрсетілген. Лимфада, сондай-ақ инсулиннің мөлшері азайды және 45 күннен кейін ол –  $3,0 \pm 0,6$  мкМЕ/мл жетті (кесте 1, сурет 2).

Осылайша, келтірілген мәліметтерден аллоксан диабетінің үлгісін алдық. Бұған қан мен лимфадағы глюкозаның деңгейінің жоғары болуы, глюкозурияның пайда болуы, сонымен қатар қандағы инсулиннің қалыпты құрамының 3,5 есе төмендеуі дәлел бола алады. Бұл көрсеткіштер инсулинді абсолютті түрде жетіспейтін аллоксанды диабеттің үлгісінің алынғандығын көрсетеді.

2-ші топтағы егеуқұйрықтарда 30 күннен кейін аллоксанды енгізген кезден бастап жасалған өлшеулер дене салмағының 10-12% төмендегенін көрсетті. Интактты егеуқұйрықтардың орташа дене салмағында  $235 \pm 15$  г аллоксанды диабетпен ауыратын 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың орташа есеппен дене салмағы  $210 \pm 12$  г дейін төмендеген. 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың бір бөлігі өлді. Бастапқы егеуқұйрықтардың санының 10% өлімге ұшырады.




Ординат осі бойынша – инсулиннің мөлшері мкМЕ/мл. Абсцисса осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – 5 күннен кейін, 3 – 30 күннен кейін, 4 – 45 күннен кейін.

Сурет 2 - Қан плазмасындағы инсулин мөлшерінің өзгеру динамикасы

Егеуқұйрықтарға аллоксанды енгізгеннен соң 30 күннен кейін ішек лимфатикалық тармағының лимфа ағысы  $0,20 \pm 0,02$  мл/сағ құрады, ол бақылаудағы егеуқұйрықтардың деңгейінен төмен болды  $0,32 \pm 0,04$  мл/сағ. Лимфа ағысының 30% - ға азайғаны байқалды. Күре тамырының қысымы сынап бағынасында 90-100 мм.шамасында болды, яғни бақылау көрсеткіштеріне сәйкес келді.

Екінші топтағы аллоксан диабетімен ауыратын егеуқұйрықтарда 30 күннен кейін гематокритті көрсеткіштер бойынша қанның қызыл түйіршіктерінің (эритроциттердің) көлемі артты және 45 күннен соң 51-ге жетті. Плазманың көлемі кішірейді. 3 суретте плазманың көлемі  $51 \pm 3,22$  дейін кішірейгені, ал гематокриттің  $49 \pm 1,5$  дейін жоғарлағаны көрсетілген. Бақылаудағы егеуқұйрықтарда гематокрит бойынша эритроциттердің көлемі  $47 \pm 2$ , ал плазманың көлемі  $53 \pm 3$  болды. Аллоксанды енгізген соң 45 күннен кейін гематокрит 51-ге жетті. Оның төмендеуі несептегі глюкозаның пайда болу кезеңімен сәйкес келеді, ол диурездің күшеюімен сәйкес келді. Несептің бөлінуінің күшеюі қанның плазмалық бөлігінің төмендеуіне және оның қоюлануына алып келеді. Екінші топтағы егеуқұйрықтардың қаны мен лимфасының қоюлану уақыты қысқарды (2 кесте). Қан мен лимфаның тұтқырлығы (жабысқақтығы) жоғарлады. Лимфаның тұтқырлығы қанға қарағанда төмен болды, ол лимфадағы ақуыздардың құрамының аз болуы және тромбоциттердің жоқ болуына байланысты. Сонымен қатар лимфадағы фибриногеннің деңгейі төмен болды. Сандық көрсеткіштер 2 кестеде көрсетілген.



Абсцисса осі бойынша: 1 – бақылау тобы және 2 – Аллоксан диабетімен ауыратын топ


Сурет 3 – бақылаудағы гематокритті және аллоксанды диабет кезіндегі көрсеткіштер. Екінші топтағы егеуқұйрықтардың қанының қоюлану уақыты қысқарды (2 кесте). Қанның тұтқырлығы (жабысқақтығы) жоғарлады.

Кесте – 2. Қалыпты жағдайдағы және аллоксанды диабетпен ауырған егеуқұйрықтардың қанының физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Тәжірибе тобы	
		30 күннен кейін	45 күннен кейін
Гематокрит:			
Эритроциттер көлемі	$47 \pm 2$	$49 \pm 1,5$	$51 \pm 2,0$


Плазма көлемі	53±3	51±3,2	50±4,1
Қанның үю уақыты с.	3,0±0,2	2,8±0,4	2,3±0,3*
Қанның тұтқырлығы	4,2±0,4	5,0±0,8*	5,4±0,6*
Ескерту: алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігінің өзара айырмашылықтары *- p<0,05.			

Екінші топтағы егеуқұйрықтарда аллоксанды алғаннан соң 30 күннен кейін қан плазмасындағы, мочевианың мөлшері  $5,7 \pm 0,4$  ммоль/л дейін азайды (бақылаудан 33 % төмендеді), ал креатинин  $57,8 \pm 3\%$  дейін төмендеді, бұл төмендеу бақылаудан 14 % құрады (сурет 4, кесте 2).



Сурет 4 – Қалыпты жағдайдағы (I-топ) және аллоксан диабеті енгізілген (II-топ) егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы мочевиана мөлшері, ммоль/л

1-ші және 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы АЛТ (аланин трансаминаза) және АСТ құрамын анықтадық. 2-ші топтың плазмасындағы АЛТ құрамы  $1,02$  ммоль/л дейін, ал АСТ  $1,63$  ммоль/л дейін көтерілді (сурет 5).



Сурет 5 – Қалыпты жағдайдағы (I-топ) және аллоксан диабеті енгізілген (II-топ) егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы АЛТ және АСТ ферменттерінің активтілігі

Бұл көрсеткіштер бақылау көрсеткіштерінен 2-2,5 есе жоғары болды, ол бұл жануарлардың бауыр мен асқазан асты безіндегі цитологиялық процесстердің белсенді болғанын дәлелдейді

Біздің тәжірибеміздің қорытындыларынан қан плазмасындағы жалпы ақуыздардың құрамы бақылаудағымен салыстарғанда 22% және 21% есе төмендегені байқалады.

Егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы жалпы ақуыздың төмендеуі бауырдағы ақуыз синтезінің азаюымен байланысты болғанын жорамалдауға болады және де бұл сүзілу мен сіңірілу процесстерінің төмендеуіне алып келді. Қан плазмасындағы мочевиана мен креатиннің шамасы 33 және 14 % төмендеді, ол да ақуыздың жасалуы мен алмасуының азаюымен байланысты (кесте 3).

Жоғарыда көрсетіліп өткендей, егеуқұйрықтардың аллоксан диабеті кезінде қан плазмасындағы АЛТ пен АСТ-тың деңгейі бақылаудан 2-2,5 есе жоғары болған (сурет 3).

Осыған ұқсас жағдайды аллоксан диабеті кезіндегі егеуқұйрықтардың бауыр қызметінің бұзылуын басқа авторлар сипаттаған. Авторлар егеуқұйрықтардың аллоксанды диабеті бос радикалды патологияның бір мысалы деп есептейді. Билирубиннің құрамы айтарлықтай және нақты өспеді (12%), ал тимолды сынама 42% өсті (кесте 3). Бұл көрсеткіштер аллоксан диабеті кезіндегі бауыр қызметінің төмендеуіне дәлел болады. АЛТ пен АСТ-ғы цитологиялық ферменттер мен құрамында азоты бар зат алмасу өнімдерінің қозғалысы мен құрамы бауыр қызметінің бұзылғандығын айқындап тұр. Сонымен қоса авторлар сары аурудың еш белгісі жоқ бауырдың қызметінің бұзылуы АЛТ пен АСТ-тың жоғарлауының ерте болатындығынан деп атап көрсеткен [5].

Кесте 3 – Аллоксан диабетіне шалдыққан егеуқұйрықтардың қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Тәжірибе тобы
Жалпы белок г/л		
Қан плазмасы	68,3±2,3	54,2±3,28*
Мочевина, ммоль/л	8,3±0,3	5,7±0,4**
Креатинин, ммоль/л	64,4±5	57,8±3*
Жалпы билирубин, мкмоль/л	10,4±0,7	11,7±0,9
Тимолды сынама, бір.	0,7±0,02	1,0±0,6*
АЛТ, ммоль/л	0,51±0,1	1,02±0,2**
АСТ, ммоль/л	0,65±0,1	1,63±0,2**
Ескерту: алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігінің өзара айырмашылықтары *p<0,05, *-p<0,01.		

Осылайша, біз егеуқұйрықтардың аллоксан диабетінің үлгісін алдық. Оны келесі көрсеткіштер дәлелдейді: гликемия, глюкозурия, лимфадағы глюкозаның деңгейінің артуы және қандағы инсулиннің құрамының тез арада төмендеуі. Егеуқұйрықтарға аллоксанды енгізгеннен соң 30 күннен кейінгі қан плазмасы мен лимфаның биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруі лимфаның қалыптасу процесстерінің төмендегенін көрсетеді, ол лимфоағыстың төмендеуіне себепші болды.

Лимфа жүйелерінің тасымалдау қызметтері мен лимфа қалыптасу процесстерінің төмендеуі аллоксан диабетінің өтуін күшейтеді.

Егеуқұйрықтарға зерттеу жұмысын жүргізу барысында қалыпты және аллоксан диабеті кезіндегі лимфа қан плазмасының биохимиялық көрсеткішін зерттедік.

Осылайшы, зерттеу жұмысын жүргізу барысында, мынадай қорытынды жасадық:

1. Егеуқұйрықтарға аллоксанды енгізгеннен кейін, 5 күн өткен соң қан мен лимфадағы глюкозаның мөлшері тез арада жоғарлады, 30 күн өткен соң глюкозурия пайда болып, қан мен лимфадағы инсулиннің деңгейі төмендеді, ол өз кезегінде мүлдем инсулинге мұқтаж аллоксан диабетінің моделін алуға мүмкіндік берді.

2. Асқазан асты бездерінің β-жасушалары инсулинді жасайды және шығарады, оның гипогликемиялық қасиеті бар. Біздің тәжірибелеріміздегі бақыланған егеуқұйрықтардың қан плазмасында инсулиннің құрамы 20,5±1,8 мкМЕ/мл болды. Лимфада ол төменірек болған 7,7±0,8 мкМЕ/мл. 2 – ші топтағы егеуқұйрықтарда аллоксанды енгізгеннен соң 5 күннен кейін қандағы инсулиннің құрамы төмендеді және 45 күннен соң 6,0±0,7 мкМЕ/мл жеткенін байқадық. Осылайша біз аллоксан диабетінің даму барысында лимфа мен қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштерін алдық,

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лейтес С.М., Якушева Т.С. Влияние АКТГ гормона гипофиза и кортизона на гликемию, глюкозурию и кетонурию при экспериментальном диабете // Проблемы эндокринологии. – 1953. - Т.2, №9. - С. 47-56.
2. Клиническая биохимия. / Под ред. В.А. Ткачука. – 2е изд., испр. и доп. - М.: «Гэотар-Мед». – 2004 г. – 512 с.
3. Сатбаева Х.Қ, Нілдебаева Ж.Б. Өтепбергенов Ө.А. Адам физиологиясы. Алматы «Білім» 1995ж- с.
4. Рымжанов Қ.С. Төленбек И.М. Адам және жануарлар физиологиясы. Алматы 2000ж.

## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕЛІК МӘДЕНИЕТ

**Садовская В.С., Байгунова Д.М., Мәшір П.І.**

Педагогика ғ.д., профессор МӨММУ, Москва, РФ

магистр, аға оқытушы, «Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы, «Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент, Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ұлттық дәстүрдің-кез келген ұлттың тарихи даму үрдісінде қалыптасатындығы және дәстүрлер белгілі ұлттық психикалық ұғымын қалыптастыра отырып, этникалық орталық ерекшеліктеріне ықпалын көрсететіндігі, осыдан барып, халықтық этникалық айырмашылық пайда болатындығы сөз болған. Ол айырмашылықтар ең әуелі ұлттық дүниетанымға негізделген, рәміздік сипат алған мәдени әрекеттерден орын алатындығы және ғылымда қалыптасқан таным бойынша адамзат дүниетанымы мифологиялық, этикалық және философиялық сипатта дамитындығы терең қарастырылған. Қазақ мәдениетінде дүниетанымдық ұстанымының аталған үшеуі де үйлесімді орын тауып отырғандығы да аталып өткен. Оған айғақ қазақ мерекелік мәдениеті деп зерттеген. Өйткені қазақ мерекелерінде қоршаған ортасын /адам, табиғат/ қарым-қатынасын, тұрмысын, шаруашылығын реттеп үйлесімділікті орнату үшін атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға алмасып келе жатқан наным-танымға киелі мән беріліп, қадір тұтатын ұлттық идея – мифологиялық-этикалық ұстанымға сай келеді деп қарастырған.

**Кілт сөздер:** ұлт, мереке, шығармашылық, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, рәсім, қарым-қатынас, тіршілік, үйлесімділік, шаруашылық

**Аннотация.** В данной статье речь идет о том, что национальная традиция-формируется в процессе исторического развития любой нации, и традиции, формируя определенное национальное ментальное понятие, оказывают влияние на особенности этнического центра, отсюда и возникает народное этническое различие. Он глубоко рассматривается в том, что различия исходят, прежде всего, от культурных действий, основанных на национальном мировоззрении, носящих символический характер, и что по познанию, сложившемуся в науке, человеческое мировоззрение развивается мифологически, этически и философски. Отмечается, что в казахской культуре все три из перечисленных мировоззренческих позиций нашли гармоничное место. - Я не знаю, - сказал он. Ведь именно национальная идея – мифолого-этикал придает сакральное значение обычаям, которые передаются от отца к ребенку, от поколения к поколению, от века к столетию, чтобы на казахских праздниках установить гармонию в регулировании окружающей среды /человека, природы/ отношений, быта, хозяйства.

**Ключевые слова:** народность, праздник, творчество, культура, традиции, обычаи, мировоззрение, ритуал, отношения, жизнь, гармония, хозяйство

**Abstract.** In this article, it was stated that the national tradition is formed in the process of historical development of any nation, and traditions reflect the influence on the peculiarities of the ethnic center, forming a certain national mental concept, hence the ethnic difference of the people. It is deeply considered that the differences arise primarily from cultural actions based on the National worldview, which have acquired a symbolic character, and according to the knowledge established in science, the worldview of humanity develops mythological, ethical and philosophical. It was noted that in the Kazakh culture, all three of these worldview positions found a harmonious place.

**Key words:** Nation, holiday, creativity, culture, traditions, customs, worldview, ritual, communication, existence, harmony, economy

## Кіріспе

Қазіргі таңда дәстүрлі мәдениеттің теориялық мәселелеріне деген қызығушылық артып отыр. Бұл заңды нәрсе. Бұл мәдениеттің жалпы қоғам аясында қызмет етуінің заңдылықтарын, басқа әлеуметтік мәдени құрылымдарымен байланысын ашып көрсететін теориялық жүйені жасап қарастыру әлі толық жүзеге аса қойған жоқ. Аталған мәселені философиялық және мәдениеттанушылық тұрғыдан зерттеу дәстүрлі мәдениеттің қызмет ету теориясы үшін аса маңызды.

Дәстүрлі мәдениетке қатысты еңбектердің көп болғанымен, бірақ соларды топтастыратын, бұл саланың жаңа теориялық қырларын ашып көрсететін тұжырымды еңбектердің болмауы жоқтың қасы. Дәстүрлі мәдениетті зерттеудегі жаңа ғылыми ізденістерді қолдану аясы көрсетіліп, жаңа универсалийлер тұрғысынан зерттелу аясы айқындалып, маңызды теориялық аспектілері көрсетілуде. Дәстүрлі мәдениет негізінде қалыптасатын дәстүрлі ой-сана, дүниетаным, субмәдениеттердің ішкі потенциалына байланысты. Дәстүрлі мәдениеттің көптеген элементтерінің қазіргі дүниеде өмір сүріп, қызмет етуі өзге субмәдениеттің өміршеңдігіне, даму мүмкіндіктеріне тәуелді. Дәстүрлі мәдениетте тиісті дүниетанымның қалыптасуы қоғамдағы материалдық жағдайға да байланысты. Дәстүрлі дүниетанымда оның күнделікті, діни және философиялық аспектілері бір-бірімен тығыз байланысады. Бұл өзара байланыста тиісті өмір сүру салты қалыптасады. Дәстүрлі дүниетаным сол этносқа тән мінез-құлық нормаларын өмірлік позицияларды тұрмысты қалыптастырып айқындайды. Бұл дүниетанымның идеалды, нормативтік қырынан басқа практикалық аспектісі бар. Осылайша оның екі жақтылығы көрінеді. Бір жағынан ол дүниенің қандай екендігін, ал екінші жағынан қандай болу керектігін көрсетеді. Идеалды нормамен шынайы практиканың арақатынасы дәстүрлі мәдениеттің дамуындағы маңызды аспектісі. Сыртқы және ішкі дүниенің біртұтас бейнесі көп жағдайда әлгі субмәдениетте қалыптасқан танымды құралдар арқылы жүзеге асады. Дәстүрлі мәдениет белгілі бір этностың адамдарына тән болмыс туралы тұжырымдалған ой-пікірлер жүйесі. Дәстүрлі дүниетаным философия, әдебиет, мифология, идеология және т.б. көріністер арқылы өзін-өзі көрсетеді. Мұндай сананың ерекшеліктерін адамдардың мінез-құлқысынан да байқауға болады. Сондықтан этностың күрделі және өзгермелі дүниетанымдық жүйесі этномәдени детерминанттардың негізінде қызмет етіп, дәстүрлі мәдениетті тануға оларды бір-бірімен салыстыруға мол мүмкіндік береді. Қазіргі мәдениеттануда дәстүрлі мәдениетті «субмәдениет», «этнос», «дүние көрінісі» универсалийлері негізінде зерттеу маңызды теориялық мәселеге айналып отыр. Бұл тұрғыдан дәстүрлі мәдениетті және дүниетанымды зерттеу өте тиімді методологиялық амал деп тануға болады.

Өркениетті елдер қатарынан көрінуі үшін өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлерімізді, мерекелерімізді, ұлттық абыройымызды биікке көтеріп, алдыңғы елдер қатарынан көрінуге талпынуымыз қажет. Салт-дәстүр, мерекелер ұлттың тыныс-тіршілігін, рухани өсуін, мәдениетін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты дәстүрлердің озығы мен тозығын ғылыми түрде танып, талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету еді. Сонымен бірге қазақ мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жөніндегі орыс достарына ғылыми мағлұмат беруді көздеді.

**Теориялық талдау.** Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрпы, мерекелері бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты. Ата-бабаларымыздың ұзақ ғасырлар бойы ұзын-ұзын көш-керуені арқылы ұрпақ алмасқан сайын үзілмей жалғасып кешеден бүгінге асыл аманаттай ардақты қалпында ұласып отырған. Олар - халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан сол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері айқын танылады. Сонымен қатар, салт-сана, дәстүр

қатып қалған, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес, елдің экономикасының, мәдениетінің өркендеуімен бірге, олардың озықтары одан әрі дамып, жаңғыра түседі, тозықтары қолданыстан қалып, ұмыт бола береді.

Дәстүрлі мәдени-тынығу жұмысы дегеніміз түптеп келгенде ұлттық болмысты басқалардан алабөтен айрықшалап, даралап тұратын ішкі бір айна іспеттес. Онсыз халық болмайды. Кешегісіз бүгінде, ертеңде тұл. Дәстүрді адамның қай ұлтқа жататындығының бір басты белгісі ретінде қарастырған жөн. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды деген сөздер кең мағынада адам мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтар. Демек, дәстүрлі тынығу әрекеттері тез өзгеріп, немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс, ол ұзақ дәуірлер бойы екшеліп, сұрыпталып қалыптасқан қазына. Оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы зор, халықтың мінез-құлқы мен мен іс-әрекетінің рухани негізі. Қоршаған ортасымен гармониялық қарым-қатынасты қалыптастырып, үйлесімді өмір сүру, шаруашылық игеру және жүргізудің дәстүрлі реттеушілік амалдарына сүйене отырып кәсіби бағдар берумен қатар шаруашылықтың мифологиялық-этикалық нормаларын атқару, отбасылық қарым-қатынаста әр адам құндылығын арттыру мақсатымен әлеуметтендіру рәсімдерін ұйымдастыру мәдени-тынығу жұмысының ұлттық дәстүрі ретінде сабақтастығын жоймайды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеген философ Н.Сәрсенбаев: «әр ұлттың психикалық түзілісі ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр және ұлттық мінез-құлық түрлері ішкі факторлар ретінде осы ұлт топтарының рухани ерекшеліктері мен қасиеттері ретінде, ал ұлттық салт пен дәстүрлер сыртқы факторлар ретінде, қоғамдық пікірлер күші ретінде осы ұлт өкілдерінің қоғамдық тәртібін бір қалыпқа келтіретін материалданған идеялар ретінде байқалады», - деп есептейді. Бұған қарап салт-дәстүрлердің біріншіден, ұлттық психикаға байланысты біраз тұрақты немесе тұрақтанған нәрсе екенін аңғарсақ, екіншіден, ұлттық мінез-құлқын, қоғамдық кейпін байқататын құрал екенін, сол мінез-құлықтың көріну амалдарының бірі екенін көреміз.

Мәдени-тынығу жұмысы дәстүрлерінің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі - адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын рухани өмірді тұрақты түрде ретке келтіріп отыру. Тұрақтылық болмаса, даму да болмайды. Демек дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы өзгеруі де мүмкін емес. Тұрақтылықты реттей отырып, дәстүр қоғамдық болмыстың ең маңызды негізін түзейді. Бос уақыт құндылығын тиімді пайдалана отырып, қоғамдық рухани қатынастар тарихи дамудың әрбір жана сатысында сақталып қана қалмастан өзгеріп, жаңара береді. Сөйтіп, мәдени-тынығу дәстүрлері арқылы рухани даму байланыстары қайта жаңғырып жүзеге асады, ескі мәдени әрекеттер түрлерінен қазіргі және болашақтағы мәдени-тынығу түрлері келіп шығады.

**Тәжірибелік бөлім.** Ұлттық дәстүр - кез келген ұлттың тарихи даму үрдісінде қалыптасады. Дәстүрлер тек сол адамдар ортақтығына тән, көптеген белгілерімен басқа ұлттардан ерекшеленеді. Дәстүрлер белгілі ұлттық психикалық ұғымын қалыптастырады, этникалық орталық ерекшеліктеріне ықпалын көрсетті. Осыдан барып, халықтық этникалық айырмашылық пайда болады.

Ол айырмашылықтар ең әуелі ұлттық дүниетанымға енгізілген, рәміздік сипат алған мәдени әрекеттерден орын алады. Ғылымда қалыптасқан таным бойынша адамзат дүниетанымы мифологиялық, этикалық және философиялық сипатта дамыған. Қазақ мәдениетінде дүниетанымдық ұстанымының аталған үшеуі де үйлесімді орын тауып отыр. Оған айғақ қазақ мерекелік мәдениеті. Өйткені қазақ мерекелерінде қоршаған ортасын /адам, табиғат/ қарым-қатынасын, тұрмысын, шаруашылығын реттеп үйлесімділікті орнату үшін атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға алмасып келе жатқан наным-танымға киелі мән беріліп, қадір тұтатын ұлттық идея - мифологиялық-этикалық ұстанымға сай келеді. Ал осылардың барлығы – жамандықтан аулақтататын, жақсылық жолын ашатын, соларға сүйене отырып адамның үйлесімді өмірін орнату аңсарын көпсалалы мәдени әрекеттер арқылы өміртірлігін қарастыруы - философиялық ұстаным.



Ата-бабаларымыз үшін шекара тұтастығын, халық бірлігін сақтау көздеген басты мұрат болғандықтан, соған лайықты өмір тәртібін де орната білген, ұрпағына айнымас мұра етіп қалдырған қасиеті. Сонымен бірге, қазақ халқының ұстанған ішкі даму саясатының бірі- жеке тұлғаны қастерлеп, оның бойындағы адами қасиеттерді дәріптеу, үлгі тұту, ұрпағына өнеге ету. Бұл әлеуметтік күрделі мақсатқа жету үшін де халықтық той- мерекелер мен салт-дәстүрлер қалыптастырылған. Ел ырысын сақтау үшін, оны сырт шапқыншыларға таптатып, ата-баба қанын есіл етпеу үшін де батырлық, елдік, ерлік сабағынан өткізер салт-дәстүр мен жөн-жоралғылар пайда болған. Осы рухани құндылықтарды сақтап, елдік қасиеттерді дамыту үшін қазақ халқының басты қажеттіліктері өмір үйлесімділігін сақтау қабілетіне байланысты болған.

Дербестікті сақтап, өзіндік орта құру, оның өзгелер алдында абыройлылығы жеке тұлғалық қасиеттерге байланысты екенін, адам дүниедегі ең алып та алпауыт күш екенін біліп- байқаған бабаларымыз, адам бойындағы қабілет-қасиеттерді қалыптастыруға арналған салт-дәстүрлер ойластырып, философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғымдары айқын далалық ғылым негізін қалыптастырған.

**Нәтижелер мен талқылау.** Көшпелі халықтың өзгелермен қарым-қатынас жасап, тіл табысуы тек өз аты емес, елге танылар жасқа келген ұл-қызы үшін да абырой жолына бастама болғандықтан, өзге халықта кездеспейтін көші-қоны салт-дәстүрлерінің пайда болу тамыры жатыр.

Әр халықтың өмір салтын қалыптастырушы шаруашылық бағыты. Қазақтың ішер-жері, киер киімі, қоныс-мекенінің жабдығы, үй болып отандасу үшін қалыңын төлеп, той қамын жасауы, ел аралап жер көруі, тіпті бәйгіге шауып мақтан тұтары да -мал. Шаруашылық көзі, тіршілік нәрі - бәрі мал шаруашылығына байланысты. Сол себептен де қазақ салт-дәстүрлері ішінде мал шаруашылығына байланыстылары, оның ішінде шаруашылыққа бейімдеу мен тәрбиелеу үлгілерін тарату мақсатында қалыптасқандары дараланып тұрады. Ал ең бастысы, осы аталған бағыттардың қай-қайсысында да қоғамдық- мәдени даму кезеңдерінің бәрінде де адам өміріндегі басты уақығаларды атап өту қажеттігі салт-дәстүрлер мен той-мерекелерді туындатты. Ол табиғат құбылыстарының өзгеруі, еңбек табыстары, көңіл-күйдің салтанатты қуанышы мен қайғылы-қасіретті кезеңдеріне байланысты ұйымдастырылған. Осындай эмоционалдық талпыныстан дәстүрлік мәдениет бастау алып, салт-дәстүрлер мен мерекелер қалыптасуына ықпал етіп, әлеуметтік-мәдени өмірдің басты формаларының біріне айналған.

Қоғам дамуы барысында мерекелер әлеуметтік өмірдің тұрақты компоненті болып енді. Мерекені уақытша жұмақ кезеңі деп ұғынуы да сондықтан шығар. Аль Беруни мерекені «адам өміріндегі маңызды кезең»- десе, Махмуд Қашғари – «бұхаралық қуаныш пен ойын- сауық күні»,-деп атаса, Омар Хайям «жұмақты уақыт»,- деп айтқан.

Мерекелер этностың өмір салтына айналып, өмір мәнін, бақыт туралы халық ұғымын образдық формада сипаттайды.

Археологтар, тарихшылар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар пайымдауынша мереке мәдениеттің ең көне формаларының бірі. Мәдениет тарихын зерттеуші, атақты ғалым М.М.Бахтин ойынша «мереке қандайы да болмасын - адамзат мәдениетінің алғашқы формасы». Ал Генкин Д.М. - «мерекелердің терең тамыры адамзаттың балалық шағынан бастау алады»,- деген дәлел айтады. Мерекелердің туындау көзін қарастырған кезде тек қана бір этнос тарихын зерттеп ұғыну мүмкін емес, өйткені біз тарих тереңіне бойлаған сайын халықтар арасындағы белгілер мен айырмашылықтардың іздері де сол ғұрлым өше береді. Сондықтан белгілі бір халықтың, ұлттың, этностық мерекелерінің бастауын, қайнар көзін тұтас тарих тереңінен және тарихи тағдыры ортақ немесе жақын халықтардың тарихынан іздестіру қажет.

Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін жартас суреттерінен шаттана билеп жүрген қауымның, шалқи үн қатқан сыңайындағы адамның небір таңғажайып кескіндерін

көруге болады.

Гомердің «Одиссейінде» Аспазия деп аталатын көшпенділер жерінің «биенің сүтімен қоректенетін» тұрғындарының өмірі, тіршілігі жайлы мәліметтерді кездестіруге болады. Бұндай мәліметтерді көне грек тарихшысы, тарих атасы атанған Геродоттың еңбектерінен, Страбонның географиялық жазбаларынан, тіпті көне Грецияның мифтері мен аңыздарынан кездестіруге болады. Гомердің «Одиссейінде» Әму-Дария мен Сыр-Дария аралығында жасайтын скифтер жайлы, массагеттердің тұрмысын түсіндіру әрекеттері жасалынған. Қытай шежірелерінде көшпелі түркілердің мәдениеті жайлы деректер бар.

XIII-XV ғасырлар арасында қазақ даласын басып өткен Плато Карпини, Гильом де Рубрук, Марко Поло сияқты саяхатшылар жазбаларында көшпелілердің өмірі, тұрмыс-тіршілігі, ойын-сауықтары баяндалған.

Плато Карпини мен Гильом де Рубруктің жасаған саяхаты Қазақстанды мекендеген халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері жайлы өз заманына сай тың мәліметтер береді. Осылардың төркініне үңіліп, көптеген құнды да маңызды мәліметтер алуға болады. «Дунайдан тартып күншығысқа қарай созылып жатқан скифия жерінің» тұрғындарының үйлену, әмеңгерлік, дінге табыну рәсімдерін, шаруашылыққа және басқа да әлеуметтік уақиғаларға байланысты мерекелік дәстүрлерін сипаттап көрсетті. Парсылардың және Орта Азиядағы Соғды, Хорезмді мекендейтін халықтардың мерекелері жайлы тарихи дерек көзі ретінде энциклопедист-ғалым әл Берунидің /X-XI ғасыр/ еңбектерін ерекше атап өту қажет. Мұнда Орта Азия халықтарының, атап айтқанда соғдылықтыр, хорезімдіктердің мерекелері, олардың қалыптасуы, тойлану рәсімі, дамуы жайлы жан-жақты да нақты мағлұматтар келтірілген.

Ұлттық мерекелердің туындау түп-төркінін қарастырғанда, оның туындау төркінін іздестіруді мифтер мен аңыздарда, әсіресе тарихшылардың келтірген деректерінен бастауға әсте болмайды. Мұндай дерек көздері тарих үшін синхронды мәнге ғана ие. Себебі ешбір халықтың рухани мәдениеті еш уақытта сырт жолаушыға мақтану үшін жасалмайды. Демек, батыс, шығыс жолаушылары, тарихшылары қалдырған деректеріне сол кезеңнің бір айғағы ретінде ғана назар аударуға болады.

Мерекелердің даму жолдары көне халықтар тарихынан анық байқалады. Алғашқы мерекелердің бірі болып аңшылар ойыны аталады. Олар аң аулауға дейін де, оның сәтті аяқталғаннан да кейін салтанатты-қуаныш іс-шара ретінде атаған.

Орта Азия кеңістігінде полеолит дәуірінің соңғы кезеңдерінде алғашқы діни салалар қалыптасуына байланысты түрлі нанымдар пайда болады: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия т.б. Олар түрлі рәсімдер арқылы тіршіліктен орын алған: қуаңшылықта - тасаттық жасау, күнге табыну, сәтсіздік сәттерде құрбандық шалу, ауру-сырқауда бәдік айтыс немесе зікір салу т.б. Көне салт-дәстүрлерден бастау алған халықтық мерекелер алғашқы қауым тұрғындары сияқты қарапайым болса да, әр тайпа өмірін реттеуші, қалыптастырушы данагөйлік көрсеткішіне іспеттес. Ол күнделікті тіршілік әрекеттерін құрастырушы, қоршаған ортамен қарым - қатынас жасау, рухани үйлесімдік табудың құралына айналған. Салт-дәстүрлік әрекеттер мәдени демалыс ұйымдастыруда, рухани баюда, өз заманының адамдарын тәрбиелеуде аса құнды әлеуметтік-мәдени жүйе ролін атқарды. Салт-дәстүрлер мен той-мерекелер негізінде халық шығармашылығының түрлері дамып шыңдалды, сол жиын- тойларда айтылып, орындалып ауызша жатталып, әр тарапқа тарқайды: ән, жыр, күй, терме, би, айтыс т.с.с.

**Қорытынды.** Аталған бағыттағы салт- дәстүрлер толығымен бүгінгі күнге дейін жетуі мүмкін емес еді. Бұл ұқыпсыздықтан туындаған жағдаят емес, ол өмір заңдылығы. Мәдени мұраның сақталу тәртібі. Сана мен мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениеті мен тұрмыс салты өзгеруіне байланысты реттеуші құралдар да өзгеруі тиісті.

Салт-дәстүрлік әрекеттердің қалыптасып, өміршең болуының тағы бір себебі оның рухани-эстетикалық орта мен ұлтты дараландыратын, танымы мен тағлымын танытатын

рәміздік рәсімдер мен белгілер. Ұлттың дүниетанымы мен рухани құндылықтарының басты белгілері ретінде наным-сенімдер мен қатаң тиюлар арқылы сақталу тәртібі жойылмай келген мұра.

Дүниетаным жалпы ұғымын дүниеге көзқарас жүйесі және адамның сол дүниеден алатын орыны деп анықталады. Сонда дүниетанымның негізгі ұғымдары «дүние» мен «адам» болмақ. Өмірді рухани–практикалық жүйесі тұрғысынан игеру осы қос ұғым аясында қалыптасады. Дүниені рухани-практикалық игеру білім мен өмірлік көзқарас, адамгершілік қасиеттер, әлеуметтік мінез-құлықтарды реттеу, психологиялық және эстетикалық талғамдар арқылы көрініс табады. Дүниетанымда аталған танымдық әрекеттерден басқа түсіну, қарым-қатынас жасау, өткенді ұғыну сияқты дүниені практикалық тұрғыдан игеру жолдары да бар. Солардың ішінде бабалар қалдырған рухани мұраны игеру жолының бірі мерекелер мен салт-дәстүрлерде тұрақты орын алған дүниетанымдық элементтерге талдау жасап, олардың әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырудағы тұрақты белгілерін анықтау мақсатын қойып отырмыз. Қазақ салт-дәстүрлерінің барлық саласында орын алған тұрақты дүниетанымдық элементтер мақсаткерлік, жамандықтың алдын алу, жамандықпен күресу және жеңу, үйлесімділікті сақтау деп білеміз. Дүниетаным заман ағымына сай өзгерістерге ұшыраса да, табынушылықтан ғылыми дәлелдемелерге бетбұрыс жасалып, көбінің мән-мағнасына өзге сипат берілсе де, дәстүрлі мәдени-тынығу жұмыстарының көбі тіршілік айналымынан орын алып келе жатқаны да сондықтан деп түсінуге болады.

Дәстүрлі мәдениеттің барлық салаларында: ойнау, қарым-қатынас жасау, шаруашылықты игеру, өнермен айналысу, мерекелеу мен барлық тіршілік әрекеттерін рәсімдеу арқылы өмір үйлесімділігін реттеу үлгілерінде қазақ дүниетанымын сипаттайтын элементтері айқын. Олар әрекеттік, вербалдық, атрибутивтік, материалдық элементтері. Аталған элементтердің символдық мәні өмір тіршіліктің гармониясы сақталуына кесел келтірер, кедергі болар жаманшылықты болдырмау және жамандықпен күресіп жеңу, үйлесімділікті сақтауға арналған ишараттарды тұрақтандыру, сол арқылы мәдени құндылықтарды баянды ету, ұрпаққа жеткізу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. Құралов Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы, 2001
2. Сарыбеков Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрып, салт-саналарының табиғат қорғаудағы маңызы. // Қазақстан мектебі, 1995, №12.
3. Ақатаев С. Көне түркілердің бесік құдайымы - Ұмай. - Дала, 2000, №6
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы, 1997.
5. Құдайбергенова А. Сырдарияның төменгі ағысында тұратын қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері. // Қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері кітабында. - Алматы, 2001.

## КОНТУРЛЫҚ ТІГІСТЕРДІ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ТІГІН МАШИНАСЫН ЖОБАЛАУ

**Таукебаева Кунсулу Сатхановна техника ғылымдарының кандидаты**  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Жаскеленова Айнұр Ермаковна техника ғылымдарының кандидаты**  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Шокалакова Сауле Бектуровна педагогика ғылымдар магистрі**  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Мақалада қазіргі заманғы жеңіл өндірісінде негізінен жиекті тігісті орындауға жалпы тағайындалған тігін машиналарды зерттеу, жиекті тігістерді орындау жолдарын зерттеп логикалық талын жасау, бұл мақалада ұсынылып отырған құрылым жаңа жасалған әдіске негізделген, Бұйымды бағдарлап тасымалдау әдісін іске асыру үшін базалық 330 кл тігін машинасының тасымалдау механизмі жаңартылды, ол инеге қатысты оңға немесе солға бұру арқылы дайындамалардың шетіне тігістер салу кезінде контурдың өзгеруіне автоматты түрде жауап бере алатындай етіп жаңартылды. Осылайша, эквидистантты тігісті қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта бұл тақырып өзекті, жеңіл өнеркәсіп өндірісіне жоғары технологияларды енгізу мақсатында шағын өндіріс жағдайында аяқ киім өндірісінде бөлшектерді автоматтандырылған контурлық өндеуге арналған жаңа жоғары тиімді әдістер мен жабдықтарды әзірлеу.

Түйінді сөздер: жеңіл өндірісі, тігін машинасы, жиекті тігістер, нарықтық, экономика, тасымалдағыш роликтер, фрикционды құрылым,

**Аннотация.** В статье исследуются швейные машины общего назначения для выполнения краевого шва в легкой промышленности, изучаются способы выполнения контурной обработки, предлагаемая в данной статье, основана на новом разработанном методе, базовом 330 модернизирован механизм транспортирования так, что он имеет возможность, автоматический реагировать на изменения контуров во время прокладывания строчек по края заготовок, поворачивая последнего то вправо или влево относительно иглы. Тем самым, обеспечивая эквидистантную строчку

В настоящее время данная тема актуальна, в целях внедрения высоких технологий в производство легкой промышленности разработка новых высокоэффективных способов и оборудования для автоматизированной контурной обработки деталей при изготовлении обуви в условиях минипроизводства.

Ключевые слова: легкое промышленность, швейная машина, краевые швы, рынок, экономика, модернизация, механизм транспортирования, фрикционная конструкция, оборудования.

**Annotation.** The article examines general-purpose sewing machines for performing edge stitching in light industry, studies methods for performing contour processing, proposed in this article, is based on a newly developed method, the basic 330 has upgraded the transportation mechanism so that it has the ability to automatically respond to contour changes during stitching along the edges of workpieces, turning the latter then to the right or left relative to the needle. Thus, providing an equidistant line Currently, this topic is relevant, in order to introduce high technologies into the production of light industry, the development of new highly efficient

methods and equipment for automated contour machining of parts in the manufacture of shoes in a mini-production environment.

Keywords: light industry, sewing machine, edge seams, market, economy, modernization, transportation mechanism, friction structure, equipment

### **Кіріспе**

Ғылыми жұмыстың тақырыбын негіздеу

Қазіргі заманғы жеңіл өндірісінде негізінен жиекті тігісті орындауға жалпы тағайындалған тігін машиналарын қолданады. Мұнда технологиялық процесс оператордың қатысуымен орындалады. Жиекті тігісті орындау оператордан үлкен мұқияттылықты, шыдамды, шеберлікті, процестен көзалмай үнемі қадағалауды талап етеді. Өйткені жиекті тігіс бұйымды біріктіріп қана қоймайды, ол бұйымның сапасын да анықтайды. Сәл технологиялық шарттан ауытқу, мысалы бұйым жиегінен 0,1 мм ауытқу бұйымды жарамсыз етеді. Мұндай жұмыс адамды қажытады. Ұзақ уақыт жұмыс істеген адам кәсіби ауруға ұшырайды. Мұндай жұмыстан үлкен өнімділік талап ету мүмкіндігі жоқ.

Жеңіл өндірісінде бұл операция көптеп қолданылады, мысалы жинау тігісі  $10^{10}$  операцияда орындалады, оның 60% бұйымның жиегімен түседі .

### **Зерттеу әдістері. Жиекті тігістерді орындау жолдарының зерттеп логикалық талын жасау**

Белгілі жиекті тігістердің орындалуы тәртіптерін зерттеп мынадай тұжырымға келуге болады , жалпы жиекті тігісті мүмкін орындау жолдарын логикалық бұталы тал түрінде келтіруге болады , сурет 1. Мұнда тал бұталары мүмкін болған жиекті тігістердің орындалу әдістерін, жиектің формаларын, бұйымның қозғалу сипатын көрсетеді. Талдың тамырынан жиекті тігістің профилі - бірінші рангты бұта шығады: L - түзу сызықты; R( $\phi$ )- доға кесінді; R( $\phi$ ), L - кесінділер композициясы, ол түзу сызықты және доға кесінділерден тұрады; R( $\phi$ ), L, $\gamma$ - комбинациялы сынық жиектер; екінші рангты бұталар қозғалыс жылдамдығын сипаттайды ( $\omega_1\omega_2$ ); үшінші рангтаға бұталар – жиекпен қозғау әдісін ( $V_1V_2$ ); төртінші рангты бұталар – бұйымды қозғау әдісін көрсетеді (A,B,V). Әр бұтаның төбесінде қай операцияда берілген өндеу әдісін қолдануға болатындығы көрсетілген.

Көп технологиялық операциялардың арасында бұйымды жинау операцияларының орны ерекше, оларды автоматтандыру еңбек сапасы мен өнімділігін арттырары сөзсіз.

Бұл операциялардың күрделілігі сонда, ол жиектен 1,0÷1,5 мм [1] жерден өтуі тиіс, ал қателік мөлшері модельді аяқкіім үшін  $\pm 0,1$  мм [2].

Бұл операцияларды орындайтын көптеген құрылымдар белгілі. Бірақ олар жиекті тігісті арнайы даярлаған программа бойынша орындайды.

Арнайы әдебиеттердегі деректерді зерттеу барысында, бұл тақырып бойынша тігісті автоматты түрде орындау мақсатына қолданылатын құрылымдар құны 50-60 мың АҚШ доллары көлемінде екен. Бірақ олар бір тігіс түрінде ғана арналған. Егер тігіс түрі, бұйым өлшемі, фасоны өзгерсе прогораммаларды қайта жасау керек болады, бұл үлкен уақыт және қаржы шығынын талап етеді.


Ал ізшіл жүйелерді қолданып, тігісті автоматты түрде орындайтын құрылымдар тиісті дәлдікпен жұмыс істемейді, өйткені олар инертті, дер кезінде тоқтай алмайды, тез бұрыла алмайды, сөйтіп тігіс қателігін тудырып, бұйым сапасыз болып шығады.

Техникада қатаң программа бойынша (жұдырықша, копир, шаблон т.б.) жұмыс істейтін құрылымдар белгілі. Бұлар да тігіс түрі, өлшемі, бұйым фасоны өзгерсе қатаң программаны құрылымдарды қайта жасауды керек етеді, бұл қымбат жұмыс.

Тігісті автоматтандыру мәселесімен Қазақстанда басқа ғылыми орталықтар шұғылданбайды, тек Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық

институты «Бастапқы әскери дайындық және шығармашылық мамандықтар» кафедрасының ғалым-мамандары ғана 2008 жылдан бері шұғылданады.

ТМД елдерінде бұл мәселемен шұғылданатын Россия, Украина, Белоруссия, Молдова, Грузия, Әзербайжан т.б. елдерімен кафедраның тығыз байланысы бар. Ондағы ғалым-мамандармен ылғи творчестволық қарым-қатынасты үзген емес. Бірақ бұл елдерде және шалғай шетелдерде кедергі эффектісіне негізденген құрылымдарды зерттеу және жасау қолға алынбаған. Біздің ұсынатын құрылымның құны 600 доллар көлемінде ғана, демек шетел аналогынан 100-150 есе арзан деген сөз.




Сурет 1. Жиекті тігістерді орындау жолдарының логикалық талы.

### 1.3. Бұйымды жиекті тігіспен өңдеу әдісінің жазбасы

Бұл жұмыста ұсынылып отырған құрылым жаңа жасалған әдіске негізделген.

Мұнда жиекті тігіс орындалатын бұйымды бағдарлап қозғалту көлденең тігіс бағытымен қозғалатын инемен В, сурет 2, түзу сызық 1-1, өзгермейтін мөлшерге  $v_B$  және қос роликті қозғағыш С,  $v_C$ , өзгергіш шамаға қозғайды. Мұнда  $v_B < v_C$  /егер жиек қисығы ішке қарай бағытталса/, немесе  $v_B > v_C$  /егер жиек қисығы сыртқа қарай бағытталса/. Осы қозғалыс әдісі, бұйымды лездік айналу орталығы (ЛАО) Р арқылы бұрады, да жиекті 2- 2 нормалында, В,С нүктелері арқылы жүргізілген горизонталь 3-3 сызығына қатысты,  $\alpha$  бұрышымен орналасқан тірегіш А апарып түйістіреді. Осы әдіс бойынша кез келген жиекті бұйым бір циклда міндетті түрде тірегішке түйіседі. Оны роликті тасымалдағыштың жетекші механизмде орналасқан солқылдақ құрылымның көмегімен іске асырады. Бұл құрылым жиектің қисықтығына қарай, жоғарыда көрсетілген қозғалыс шамасының  $v_B$ ,  $v_C$  айырмашылығын қамтамасыз етеді. Демек оның жұмысына жиектің қисықтығы программа болады.



Сурет 2. Бұйымды бағдарлау процесі.

**Автоматтандырылған құрылымның структуралық схемасын негіздеу**  
 Жоғарыда көрсетілген бағдарлап тасымалдау әдісін іске асыру үшін базалық 330 кл. машинасы негізінде жаңа құрамданған автоматтандырылған [1] машинасы жасалған. Ол: тігіс бағытымен қозғалатын инеден, қос роликті қозғағыш, бұйым шетін тежейтін тіректерден тұрады, сурет 3.

Төменгі қозғағыш ролик  $C_1$  тігіс қадамын өзгеткіш қорап арқылы айналмалы қозғалысқа келеді. Білік 2 – де айналдырғыш дегене 3 фрикциялы муфта 4 арқылы жалғанған, бұл роликкі жұмыс кезінде жиектің қисықтығына қарай қажетінше қозғалыс жасау мүмкіндігін береді. Жоғарғы тасымалдағыш ролик  $C_2$  қозғалысты білік 5 тісті дегенелер 6 және 4 муфта сияқты жұмыс істейтін солқылдақ буын 9 тұрады. Ине В тігіс бағытымен қозғалысты эксцентрікті рычагтар жүйесі арқылы алады, ауытқу мөлшері рычаг 11 сектор саңылауымен бұрып, гайка 16 – мен бекіту арқылы орындалады (рисунок 3), ал сурет 3 бойынша, рычаг 17, гайка 16.


**Автоматты машинаның жұмыс істеу реті.** Бұйым Д қозғау роликтер  $C_1$ ,  $C_2$  және ине В арқылы орындалады. Роликтермен қозғалту шамасы  $V_C$ , инемен қозғалту мөлшерінен  $V_B$  кем болғандықтан бұйым жиегі ЛАО (Р) арқылы бұрылып, А тірегіне келіп түйіседі де,  $\Delta$  мөлшеріне жиек мыжылады. Жиектің тірегішке мыжылу күші, алдын ала материал түріне қарай солқылдақ құрылымның серіппесінің 4 және 7 (сурет 3) қысымын реттеу арқылы таңдалып қойылады. Ол  $C_1$  и  $C_2$  роликтерінің әртүрлі тайғанау мөлшеріндегі қозғалыс моментін қамтамасыз етеді, сурет 5 қараңыз. Осылардың арқасында жиектің артық мөлшерде мыжылмауы қамтамасыз етіледі. Сурет 4, 5-де 9,16 бұрандалар.

Жиек тірегішке А түйіскен соң сызықты жылдамдықтар  $V_C$ ,  $V_B$  өзара теңеседі. Бұйым теке қозғалады, ал жиек тірегіштен сәл (0,1 мм) шамасына тірегіштен алшақтаса, солқылдақ құрылым қайтадан роликтер мен иненің қозғалыс шамаларының айырмашылығын тудырады, да бұйым қайта жиегімен тірегішке түйіседі. Осы түйістіру процесі – жиекті тірегішке қатысты бағдарлау әр тасымалдау циклында қайталанады, сөйтіп үздіксіз бағдарлау әрекетінің арқасында жиекті тігістің орындалуы бұйым жиегіне эквидистантно – біркелкі болуы қамтамасыз етіледі.


**Абдураимова Н.**, – магистр биологических наук, ст. преподаватель, abduraimova-nurhamal1970@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-3192-997>

**Мамытова А.**, – магистр педагогических наук, ст. преподаватель, Kentau123@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-6733-5343>  
г. Шымкент, Республика Казахстан  
Университет имени Ж.А. Ташенева, г. Шымкент, Республика Казахстан

**Аннотация.** В организме овец отложилось от 2,98г до 7,87 г кальция, что составляет 22,8-35,6 процентов от переваренного кальция. В организме животных в начале опыта отложилось фосфора 21,54-23,20 %, в середине – 25,2-26,4 %, в конце – 29,3-32,4 %. Лучшие результаты по использованию кальция и фосфора животными были получены в группе с применением уровня витаминов А и Е на уровне 125 процентов от их нормы.

**Ключевые слова :** овцематки, суягность, кормление, использование кальция и фосфора

**Андатпа.** Қойдың денесінде 2,98 г-нан 7,87 г-ға дейін кальций жиналды, бұл қорытылған кальцийдің 22,8-35,6 пайызын құрайды. Жануарлардың денесінде тәжірибенің басында фосфор 21,54 - 23,20 %, ортасында – 25,2 - 26,4 %, соңында – 29,3 - 32,4% жиналды. Жануарлардың кальций мен фосфорды пайдалануы бойынша ең жақсы нәтижелері А және Е дәрумендері деңгейі нормадан 125 пайызын құраған топта анықталды.

**Кілт сөздер:** қой, малазығы, азықтандыру, кальций мен фосфорды пайдалануы

**Abstract.** 22.8-35.6 percent of the digested calcium. Phosphorus was deposited in the animals at the beginning of the experiment by 21.54-23.20%, in the middle – 25.2-26.4%, at the end – 29.3-32.4%. The best results on the use of calcium and phosphorus by animals were obtained in the group with the use of vitamins A and E at the level of 125 percent of their norm. sheep, pregnancy, feeding, use of calcium and phosphorus

**Key words:** sheep, pregnancy, feeding, use of calcium and phosphorus

В овцеводстве, где обеспеченность питательными веществами и витаминами находится в тесной взаимосвязи с сезонностью питательности пастбищ, важную роль играет содержание витамина А и Е в пастбищных кормах.

Особенно в осенний период, который совпадает с периодом суягности овец, количество витаминов в кормах снижается, а животные особо нуждаются в витаминном питании.

Известно, что при применении витамина А совместно с витамином Е, усвояемость их организме увеличивается, что приводит к улучшению обменных процессов и увеличению продуктивности животных. [1,2,3,4].

Наряду с витаминами в обменных процессах животных важную роль играют минеральные вещества т.к. их функции тесно связаны.

Поэтому усвояемость минеральных веществ рациона животными является важным показателем, характеризующим обмен веществ в организме и зависит от ряда факторов: уровня питания, физиологического состояния, состава рациона, соотношения кислотно-щелочных элементов, наличия витаминов и т.д. [5]

**Методика.** Научные эксперименты проводились в крестьянском хозяйстве «БагМир», Южно-Казахстанской области на овцах гиссарской породы в возрасте 3 лет, живой массой 70 кг. Изучение переваримости и усвояемости минеральных веществ, изучали на овцематках, по периодам суягности: в начале- 45дней, середине – 90 и конце - 130 дней. Для проведения физиологических опытов в каждом периоде суягности маток формировали по 3 группы (I, II, III) по 3 головы в каждой, которые получали разные уровни витаминов А и Е.

Рационы кормления подопытных животных составляли, согласно детализированных норм ВИЖа (2003).[6] (табл 1).

Таблица 1 – Состав и питательность основных рационов для курдючных суягных овцематок в стойловый период, на голову в сутки

Показатели	Периоды суягности		
	начало	середина	конец
Эфемерово-разнотравно- злаковые пастбища, кг	3,7	2,5	2,0
Сено злаково-бобовое, кг	1,0	1,8	2,3
Дерть ячменная, кг	0,200	0,250	0,300
Комплекс минеральных подкормок, кг	0,04	0,05	0,06
В рационе содержится: сухого вещества, кг	2,06	2,18	2,30
обменной энергии, МДЖ	17,2	18,9	20,7
ЭКЕ	1,72	1,89	2,07
кормовых единиц	1,56	1,83	1,92
сырого протеина, г	196,8	268,9	309,4
переваримого протеина, г	140,8	172,1	213,5
сырого жира, г	84,3	101,6	116,3
сырой клетчатки, г	499,6	629,5	768,4
сахара, г	108,1	122,7	156,2
крахмала, г	120,3	145,1	176,9
кальция, г	8,20	12,0	13,6
фосфора, г	5,30	6,93	7,83
натрия, г	5,80	6,4	7,70
калия, г	10,2	12,0	14,1
магния, г	1,15	1,60	1,95
серы, г	4,25	1,60	1,95
меди, г	17,5	18,3	19,7
цинка, г	52,0	59,7	66,0
марганца, г	87,0	99,6	107,1
кобальта, г	0,80	0,96	1,07
железа, мг	311,6	417,0	514,9
йода, мг	0,70	0,85	0,96
каротина, мг	16,0	23,0	28,0
витамина А, МЕ	6400,0	9200,0	11200,0
витамина Д, тыс. МЕ	527,6	620,4	696,1
витамина Е, мг	62,0	66,0	70,0
КОЭ, МДж/кг СВ	8,35	8,67	9,00

В состав основного рациона включали дополнительно - кормовой диаммоний фосфат  $(\text{NH}_4)_2 \times \text{HPO}_4$ ; - сернокислый кальций  $(\text{Ca SO}_4 \times 2\text{H}_2 \text{O})$ ; сернокислая медь  $(\text{Cu SO}_4 \times 5 \text{H}_2\text{O})$ ; сернокислый цинк  $(\text{Zn SO}_4 \times 7 \text{H}_2\text{O})$ ; сернокислый марганец  $(\text{Mn SO}_4 \times 5\text{H}_2\text{O})$ ; хлористый кобальт  $(\text{Co CL} \times 2\text{H}_2\text{O})$ ; сахарная патока; комплекс витаминов А и Е.

Соединения микроэлементов перед скармливанием взвешивались и растворялись в дистиллированной воде (каждый элемент в отдельности) и задавали с концентратами в один прием, предварительно производя равномерное орошение кормов с помощью лейки. Рацион кормления подопытных животных различался по уровню витаминов А и Е, так овцы I группы получали уровень витаминов А и Е до 100% от нормы, II – 125% и III группы - 150% от нормы.

**Результаты и обсуждение.** Для определения переваримости и усвояемости минеральных веществ были проведены балансовые опыты. В результате проведенных экспериментов было установлено, что во время суягности в организме овцематок баланс кальция был положительным. (табл.2).

За время эксперимента в организме овец отложилось от 2,98г до 7,87 г кальция, что составляет от 1,79-4,89 процента от принятого количества или 22,8-35,6 процентов от переваримого кальция.

Таблица 2

**Баланс и использование кальция, г**

Периоды суягности	Группы	Принято с кормом	Выделено		Отложено в теле	% использования	
			с калом	с мочой		от принятого	от переваримого
Начало	I	6,82±0,53	7,83±0,49	0,11±0,02	7,04±0,34	1,79±0,22	22,8±0,55
	II	6,80±0,75	5,68±0,61	0,14±0,01	4,92±0,29	1,89±0,33	26,1±1,20
	III	7,00±0,79	6,95±0,58	0,28±0,01	5,13±0,41	1,87±0,15	23,2±0,78
Середина	I	10,6±0,61	7,29±0,73	0,14±0,02	7,53±0,50	3,14±0,18	26,1±1,11
	II	10,8±0,66	6,80±0,82	0,16±0,01	7,16±0,49	3,69±0,20	29,4±0,77
	III	10,1±0,79	6,63±0,69	0,10±0,01	6,93±0,40	3,30±0,29	28,9±1,19
Конец	I	12,0±0,44	7,84±0,84	0,19±0,01	7,83±0,61	3,29±0,39	31,8±0,57
	II	12,3±0,77	7,57±0,78	0,21±0,02	2,98±0,70	4,89±0,39	35,6±1,55
	III	12,0±1,13	7,21±0,66	0,16±0,01	7,87±0,55	3,51±0,28	33,2±0,82

Лучшие результаты по использованию кальция животными были получены в группе с применением уровня витаминов А и Е на уровне 125 процентов от их нормы.

Так же было установлено, что увеличение уровня витаминов до 150 процентов от нормы приводит к повышению отложения фосфора, хотя по сравнению с количеством отложения кальция, повышения уровня фосфора было меньше. (табл.3).

Отложение фосфора у овцематок был положительным, так же было установлено, что в течении суягности животных использование фосфора увеличивается. В организме животных в начале опыта отложилось 21,54-23,20 %, в середине – 25,2-26,4 %, в конце – 29,3-32,4 %.

Таблица 3

**Баланс и использование фосфора, г**

Периоды суягности	Группы	Принято с кормом и водой	Выделено			Отложено в теле	% усвоения от принятого
			с калом	с мочой	всего		
<b>Н а ч а л о</b>	I	4,0±0,58	2,68±0,24	0,19±0,02	3,55±0,46	1,19±0,12	21,54±1,20
	II	5,16±0,73	2,54±0,33	0,17±0,04	3,87±0,33	1,18±0,1	23,2±0,88
	III	4,91±0,34	2,78±0,32	0,15±0,05	3,88±0,41	1,15±0,06	21,9±1,29

<b>С е р е д и н а</b>	I	5,65±0,56	3,53±0,40	0,23±0,02	3,80±0,40	1,88±0,05	25,2±0,79
	II	5,89±0,42	3,55±0,29	0,24±0,03	3,94±0,82	1,90±0,07	26,4±0,83
	III	5,70±0,79	3,81±0,42	0,25±0,04	3,98±0,53	1,79±0,17	26,2±1,21
<b>К о н е ц</b>	I	5,80±0,64	4,14±0,63	0,29±0,02	4,55±0,42	2,55±0,31	29,3±2,30
	II	6,96±0,52	3,55±0,70	0,30±0,03	4,27±0,50	2,85±0,20	32,4±2,50
	III	6,19±0,66	1,99±0,95	0,28±0,04	4,06±0,71	2,39±0,21	31,4±1,51

Анализ результатов исследований показал, что повышение уровня витаминов в рационе до 125 % от нормы, положительно влияет на использование минеральных веществ в организме овцематок.

#### **Список использованной литературы:**

1. Томмэ М.Ф. Использование витаминов для повышения продуктивности животноводства. –М.:1966.-49с.
2. Венедиктов А.М. Кормовые фосфаты в рационах животных. –М., 1978. - 95 с.
3. Венедиктов А.М., Ионас А.А. Химические кормовые добавки в животноводстве. –М.: Колос, 1979. -159 с.
4. Галочкина В.П., Галочкин В.А. Физиолого-биохимическая характеристика метаболического типа жвачных животных //Сельскохозяйственная биология. –М., 2010. -№6. –С.9-15.
4. Клейменов Н.И., Магомедов М.Ш., Венедиктов А.М. Минеральное питание скота на комплексах и фермах. – М.: Россельхозиздат, 1987. – 191 с.
5. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных. Справочное пособие. 3-е издание переработанное и дополненное. /Под ред. А.П. Калашникова, В.И. Фисинина, В.В. Щеглова, Н.И.Клейменова/-Москва. 2003. с.206-213

## БАҒА СТАТИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫНЫҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

**Заурбекова Ляззат Едигеевна**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Андатпа.** Инфляция мен бағаны статистикалық зерттеу қаржы статистикасының негізгі бөлігі болып табылады. Баға алғы категориясы болып табылады. Ол деңгей, структура және сұраныс пен ұсыныстың факторы, халық өмірінің деңгейінің индикаторы.

Баға статистикасының ұғымы, міндеттері мен мақсаттары, деңгейі, динамикасының көрсеткіштері қарастырылған. Сонымен қатар тұтыну бағасының сауда бағасынан айырмашылығы, тұтыну тауарлары туралы мәліметтер қарастырылады.

Бағаның өсуіне әсер етіп отырған бірнеше себеп бар. Экономист бағаның тұрақсыздығына геосаяси жағдай әсер еткенін атап өтті. Сауда жақсы жүруі үшін тауарлардың тасымалы үзілмеуі үлкен әсер етеді, кідірмеуі керек. Тасымалдан кеткен кемшіліктің салдары бірден сезіледі. Әсіресе, біздің жағдайымызда. Өйткені Қазақстанда халық тұтынатын заттың көбі сырттан әкелінеді. Сондықтан тасымал тізбегі кідірсе яғни үзілсе тауар дефициті орын алады. Артынша тауар бағасы да өзгереді. Яғни Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс. Екеуі де Еуропадағы, әлемдегі ірі мемлекеттердің қатарына жатады. Әсіресе, Ресейдің жаһандық экономикадағы орны бөлек. Сондықтан соғысқа байланысты Ресейге салынған санкциялардың салдарын әлемнің өзге де мемлекеттері сезінуде. Климаттың өзгеруі дегеніміз – қуаңшылық қана емес. Бір аймақта температура күрт көтерілсе, енді бірінде керісінше жағдай қалыптасып отыр. Өйткені Қазақстанда халық тұтынатын заттың көбі сырттан әкелінеді. Сондықтан тасымал тізбегі кідірсе яки үзілсе тауар дефициті орын алады. Артынша тауар бағасы да өзгереді. Сондай-ақ логистикада қалыптасқан тәртіп бұзылған жағдайда жол шығыны қымбаттайды. Бір ғана мысал, тауар тасымалдау мерзімі 10 күннен үш айға дейін өсетін болса, онда жол шығынының да еселеп артатыны да анық.

**Кілт сөздер:** экономика, баға тұрақсыздығы, факторлық баға, тұтыну нарығы, даму стратегиясы, мемлекеттік реттеу, баға құрылымы, сұраныс, ұсыныс, баға тұрақтылығы, тариф, объективті, тауар экспорттаушы.

**Аннотация.** Статистическое исследование инфляции и цен является основной частью финансовой статистики. Цена является предкатегорией. Это уровень, структура и фактор спроса и предложения, индикатор уровня жизни населения.

Понятие ценовой статистики, предусмотрено задачи и цели, уровень, показатели динамики. При этом рассматриваются данные о потребительских товарах, отличающие потребительские цены от торговых. Есть несколько причин, которые влияют на рост цен. Экономист отметил, что на нестабильность цен повлияла геополитическая ситуация. Для того чтобы торговля шла хорошо, большое влияние оказывает не прерывание транспортировки товаров, не должно задерживаться. Сразу чувствуются последствия упущенного из перевозки. Особенно в нашем случае. Потому что в Казахстане большая часть потребляемого населения импортируется. Поэтому, если цепочка поставок задерживается, то есть прерывается, возникает дефицит товара. Затем меняются и цены на товары. То есть конфликт между Россией и Украиной. Оба относятся к числу крупнейших государств Европы, мира. Особенно Россия занимает особое место в мировой экономике. Поэтому последствия санкций, наложенных на Россию в связи с войной, испытывают и

другие государства мира. Изменение климата - это не только засуха. В одном регионе резко поднялась температура, в другом-наоборот. Потому что в Казахстане большая часть потребляемого населения импортируется. Поэтому если цепочка перевозок задерживается или прерывается товар.

**Ключевые слова:** экономика, нестабильность цен, факторная цена, потребительский рынок, стратегия развития, государственное регулирование, структура цен, спрос, предложение, стабильность цен, тариф, объективность, экспортер товаров.

**Annotation.** The statistical study of inflation and prices is the main part of financial statistics. The price is a pre-category. This is the level, structure and factor of supply and demand, an indicator of the standard of living of the population.

The concept of price statistics, its tasks and goals, level, indicators of dynamics. At the same time, data on consumer goods that distinguish consumer prices from trade prices are considered. There are several reasons that affect the price increase. The economist noted that the price instability was influenced by the geopolitical situation. In order for trade to go well, not interrupting the transportation of goods has a great impact, it should not be delayed. The consequences of missing out on transportation are immediately felt. Especially in our case. Because in Kazakhstan, most of the consumed population is imported. Therefore, if the supply chain is delayed, that is, interrupted, there is a shortage of goods. Then the prices of goods also change. That is, the conflict between Russia and Ukraine. Both are among the largest states in Europe and the world. Especially Russia occupies a special place in the global economy. Therefore, the consequences of the sanctions imposed on Russia in connection with the war are also being experienced by other countries of the world. Climate change is not just about drought. The temperature rose sharply in one region, and vice versa in another. Because in Kazakhstan, most of the consumed population is imported. Therefore, if

**Keywords:** economy, price instability, factor price, consumer market, development strategy, government regulation, price structure, demand, supply, price stability, tariff, objectivity, exporter of goods.

### **Кіріспе**

Еліміздің халықтық шаруашылығында іске асырылатын ішкі функцияларымен қатар, бағалар елдер арасында өзара есептеулердің, сыртқы төлемдердің, сауда келісімдерінің құралы ретінде сыртқы экономикалық функциялар атқарады[2].

Өндірушінің сатудан түсетін түсімді ұлғайту үшін өнімнің сапасы мен өндіріс көлемін үлкейтудегі қызығушылығына әсер ете отырып, бағалар ынталандыру функциясын атқарады. Бұл әсер етудің механизмі өндірушінің тауарлар мен қызметтер, өнімдер бағасымен байланысты кіріс пен табысты ұлғайту мүддесі арқылы өтеді. Бұл функцияның бәсекелестік нарықтық және дефициттік бәсекелессіз экономикада көрініс табуларының арасындағы айырмашылық, бірінші жағдайда, өндіруші тауар көлемін, сапасын және бағаны, ал екіншісінде-тек қана бағаны көтеруге тырысуында[2].

Нарықтық экономикада бағалар көптеген функциялардан босатылған (мысалы, жоспарлық) және негізінен ақшалай мазмұнды іске асыратын нарықтық реттеуіш және ынталандырғыш ретінде қолданылады.

Баға-объективті категория, оның көлемі ақша айналымы, сұраныс пен ұсыныс заңдарының әрекетіне байланысты[2].

**Тапсырманы тұжырымдау.** Негізгі зерттеудің мақсаты– баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талдау.

### **Зерттеу міндеттері:**

- Қазақстанда баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының даму динамикасын талдау;

- баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығы дамуының негізгі проблемаларын тұжырымдау;
- баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының дамуына әлемдегі соғыстың салдарынан болған әсерін зерттеу;
- баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздықтың тұрақталу жүйесінің 2021-2022 жылдарға арналған нұсқаларын ұсыну.

### **Әдістері**

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері ретінде баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының мәселелерін зерттейтін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ойлары мен зерттеулері қарастырылды. Міндеттерді іске асыру талдау әдісі мен жүйелік тәсілді қолдану арқылы қол жеткізілді. Теориялық ережелердің негіздемесі жалпы ғылыми әдістер мен әдістерді, талдау және синтез әдісін, жүйелік және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар және интернеттің ақпараттық әлеуетінен жеке бақылаулардың қорытынды деректері қарастырылды. Қазақстан баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының қазіргі жай-күйін талдау және бағалау кезінде экономикалық статистикалық әдіс қолданылды; баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының дамуының салалық және өңірлік ерекшеліктерін, сондай-ақ Қазақстан баға статистикасы және тұтыну тауарлардың тұрақсыздығының дамуына әсер ететін факторларды анықтау үшін абстрактілі-логикалық әдіс қолданылды.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

**Баға дегеніміз** – көп функциялы экономикалық құбылыс және нарықтық тәртіптің басталуы. Бағаның өзгеруі көбінесе әлеуметтік-экономикалық және саяси салдарға әкеледі. Демек, бағалар, заңдылықтар мен тенденциялар туралы әртүрлі және объективті ақпаратта тек энергетикалық құрылым мен маркетингтік қызметтерге ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамға қызығушылық байқалады. Бұл тауарларға ақша айырбастауға тең. Бағаларды қалыптастыру және өзгерту - Статистикалық зерттеулердің құралы [1].

Инфляция мен бағаны статистикалық зерттеу қаржы статистикасының негізгі бөлігі болып табылады. Баға алғы категориясы болып табылады. Ол деңгей, структура және сұраныс пен ұсыныстың факторы, халық өмірінің деңгейінің индикаторы [1].

Баға -тауардың бірлігін белгілі валютаның ақша бірлігімен тауар құнының көрсетілуі. Баға келесі негізгі түрлерге бөлінеді: өндіріс орындарының өнімделіне көтерме баға (кәсіпорындардың бағаларына (жіберу баға) және өндіріс орындарының көтерме бағаларына бөлінеді; құрылыс өнімдерінің бағасы; ауыл шаруашылық өнімдеріне сатып алу бағасы; жүк және пассажирлік көліктің тарифі мен бағасы; дара бағасы; халыққа көрсетілетін коммуналдық және тұрмыстық қызметтердің тарифі мен бағалары; сыртқы тауарлық айналымға көрсетілетін баға. Баға деңгейі - бөлек тауардың бағасын көрсететін абсолютті, орташа және салыстырмалы көрсеткіштер немесе белгілі кезеңде әлде уақыт аралығында олардың жиынтығы. Бағаның жеке және орташа деңгейі болады [1].

Бағаның жеке деңгейі – бұл нарықтағы белгілі тауардың бірлігіне ақшалай көрсетілетін бағаның абсолютті үлкендігі. Бағаның орташа деңгейі – бұл кеңістікте және уақытта тауардың бір түрлі топтарына белгіленген баға деңгейінің жалпылама көрсеткіші [1].

Баға – тауар құнының ақшаға шағылуы.

Тариф – қызмет құнының ақшаға шағылуы. Баға өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын, сондай – ақ кәсіпорынның пайдасы мен табысы жөніндегі деректердің негізінде құрылады.

Ағымдағы нарықтық бағалардың көмегімен өндірілген, пайдаланылған және сатылған өнімнің жалпы көлемі анықталады; экономикалық салалар мен секторға бөлінген құрылымы өлшенеді.

Факторлық баға (ФБ) – өндіруші тауардың, қызметтің бірлігі үшін алатын баға:

$ФБ = АТ + НКТ + ЖП (ЖАТ)$

Негізгі баға (НБ) – өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге саналатын салық қосылмаған, алайда өнімге арналған субсидия қосылған баға.

Тұтынушы бағасы (ТБ) - өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге салынатын салық қосылған, ҚҚС пен импортқа салынатын салықты қоспағанда және өнімге арналған субсидия қосылмаған баға.

“ФОВ” баға – ағылшын тіліндегі “fob” деген сөзден шыққан, ол “борттағы еркін баға” деген ұғымды білдіреді. ФОВ бағаның құрамы

1. Тауар бірлігінің өндіруші бағасы бойынша құны.

2. Тауар экспорттаушы елдің шекарасынан өткен сәтте тауармен, яғни оны жеткізумен, сақтандырумен, тауарды одан әрі тасымалдаумен байланысты барлық қызметтердің құны.

“СИФ” баға деген сөз де ағылшын тіліндегі “cif” деген сөзден пайда болған, құн, сақтандыру, фрахт – тасымал деген ұғымды білдіреді.

Баға статистикасы тиісті әлеуметтік-экономикалық статистиканың ажырамас бөлігі ретінде статистикалық нарықтың тәуелсіз бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік статистика органдары баға статистикасының өзіндік функциясын жасаған болатын [1].

Бағаның мәні және оның экономикалық табиғаты 2 рольде айқындалады:

1) **Индикатор**, яғни нарық конъюктурасын және саясатты көрсетеді (ұсыныс пен сұраныс, сауда және экономикалық тәуекел, несие-қаржылық жағдай, нарықтағы бәсекелестік дәрежесі) Тұтыну бағасының индексі .

2) **Нарықты маркетингтік реттуші**. Осының көмегімен ұсыныс пен сұранысқа әсер етеді, нарықтың құрылымы мен көлемі және т.б.

- Нарықтық баға әр түрлі қызмет түрлерін жасайды:

- Баға ақшаны ыңғайлылыққа айналдыруға тең.

- Баға нарықтық жағдайларға маңызды сигнал болып табылады.

- Баға-қорқыныш элементінен білім беруді басқару және тиімділік құралы.

**Инфляция**-бұл инфляцияның жалпы деңгейінің жоғарылауы және ақшаның күнсыздануы. Орналасу әртүрлі басқа себептерді тудырады:

Жалақының әсері мен бағаның өсуіне сәйкес мемлекет алдын-ала ойластырған инфляция саясаты гиперинфляцияға айналады.

Бағаларды динамикалық талдаудан, бағалардың құрылымын, бағалардың аймақтық айырмашылықтарын және олардың өзгеруі мен маусымдылығын, әртүрлі тоқсандардың баға қатынастарын зерттеуден басқа, келесі критерийлер статистикалық бағаларды тұжырымдамалық бөлудің заманауи жіктелуіне негізделген:

- Мақсат

- Міндет

- Мәселені шешу

- Және осы мақсатқа жетуге қызығатын субъектілер

Бірінші классификация 3 концептуалды міндеттерді қарастырады:

1) **нарықтың жай-күйін сипаттау** нарық жағдайында осы жалпы проблеманы шешу кезінде статистика бағаның оның экономикалық жай-күйінің өзгеруіне реакциясын ескереді. (ақша эмиссиясы, сұраныс пен ұсынысты теңестіру, халық табысының өсуі және баға дифференциациясының өзгеруі, тауар сапасы мен оған сұраныстың өзгеруі)

2) **нарықты басқару құралы ретінде баға түрі**. Осы Ережеге сәйкес статистика баға өзгерістерінің мүмкіндігі мен әсер ету дәрежесін (оның ішінде салық және баға құрылымына әсер ету есебінен), тауар айналымын (тауар айналымы мен айналым құны



бағаға бағынады) ескереді, сұраныс ескеріледі. Баға мен сұраныс арасындағы кері бағынышты байланыс тәжірибе арқылы расталмайды. Мысалы, "жоғары бедел" бағасы және сапа индексінің бағасы. Нарықта реттеуді күшейту мүмкіндігі экономикалық реттеу арқылы баға статистикасымен ұсынылған.

3) **бағаларды басқару және бағаларды мемлекеттік басқаруда бағаларды талдау.** Талдауда бағаның статистикалық заңдылықтары, сатып алушылардың бағаның өзгеруіне қатынасы, олардың өмір сүру деңгейіне әсері, бағаның өзгеруін болжау және модельдеу осы мәселенің шешімі болып табылады [10].

**Екінші классификация**- статистикалық баға ақпаратын пайдаланушылар және тапсырыс берушілер ұстанымынан статистикалық баға келесідей жалпы міндеттерді бөліп көрсетеді:

Мемлекет тарапынан бағаның нарықтағы тиімді әлеуметтік және экономикалық құрал ретінде; өмір сүру деңгейінің факторы; инфляциялық процестердің негізгі құрамы; бағаның еңбек нарығына әсерін зерттеу; баға өзгерісінің салдарын болжамдау; бағаны дифлятор ретінде бағалық көрсеткіштер санағында зерттеу; бюджет құру негізгі фактор; бағаны статистикалық зерттеу; баға белгілеуде шешім қабылдау заңдылықтарын модельдеу; елдегі ақша қозғалысын реттеп басқару.

Сатып алушы позициясынан: бағаны табыстардың индексация ретінде тану; күнкөріс минимумы мен тұтынушылар жәшігін қалыптастыру; тұрғындардың әр түрлі әлеуметтік топтарының өмір сүру деңгейіне бағалық әсер етуді анықтау; бағаның тауар сапасы мен табыстар деңгейіне сәйкестілігін талдау; бағаның асортиментті тұтынушылар қалауына дифференциясынан сатып алу таңдауының факторы ретінде көрсету және т.б.

Баға статистикасының жоғарыда аталған концептуалды міндеттері келесідей нақты функцияналдық міндеттер көмегімен шешіледі: бағаны тіркеу, өзгерісін бақылау; баға деңгейі мен дифференциясын талдау; баға құрылымының мінездемесі; әртүрлі тауарлар мен субнарықтар бағалары мен кемділігінің арақатынасын түсіну; бағаның тұрақсыздығы, циклділік және мерзімділігін модельдеу, талдау, бағалау; Демек бағаны аймақтық талдау; баға динамикаын талдау және модельдеу; баға деңгейіне, вариациясына және динамикасына әсер ететін факторларды шығару және модельдеу; бағаны болжау [10].

Баға-көп функционалды **экономикалық** құбылыс, (ведущая) алдағы нарықтық категория. Бағаның өзгеруінен көбінесе әлеуметтік, экономикалық, сонымен қатар саяси қайшылықтар туындайды. Сондықтан да басқару құрылымдары (властные структуры) және маркетингтік қызметтер ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғам бағалар туралы барлық жақты және объективті ақпараттарға, олардың өзгеруінің заңдылығы мен тенденциясының терең анализіне қызығушылықпен қарайды. Тұтыну бағасының индексі (1 кесте) .

Кесте-1

**Тұтыну бағасының индексі**

№	Тауар түрлері	2020	2021	2022	2023
1	Тауарлар мен қызметтер	107,5	108,4	115,5	115,0
2	Азық-түлік тауарлары	112,6	109,6	118,9	115,8
3	Азық-түлік емес тауарлар	110,8	111,5	115,5	115,4
4	Ақылы қызметтер	104,8	106,8	115,5	113,3
5	Азық-түліктер және алкогольсіз сусындар	103,5	110,3	116,1	115,7
6	Киім және аяқ киім	107,6	105,5	110,8	115,3
7	Тұрғын үй қызметтері, су, электр энергиясы, газ және отынның өзге де түрлері	107,4	109,2	115,0	114,4
8	Ұйге қажетті заттар, тұрмыстық техника және тұрғын үйді ағымдағы күтіп ұстау	103,8	106,3	119,4	120,3
9	Денсаулық сақтау	102,6	106,3	113,5	116,8
10	Білім беру	103,5	107,9	105,0	113,0

11	Мейрасханалар мен қонақ үйлер	104,0	105,8	110,4	116,2
12	Әртүрлі тауарлар мен қызметтер	106,9	105,7	119,4	119,8

**Тұтыну бағасының индексі – жеке тұтыну үшін халықтың сатып алған тауарлар мен қызмет көрсетудің тіркелген жиынтығы бойынша бағалардың орташа деңгейінің әр уақыттағы өзгерісі сипатталады[11].**



### **Зерттеудің нәтижелері мен болашағы**

Ағымдағы жылы бағаның бірнеше есеге өсуін статистикалық сараптама жасай отырып

2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 3,9 пайыз деңгейінде болжануда. Бұл туралы Үкімет отырысында 2022-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының жобасын таныстыру кезінде Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «Еліміздің 2022–2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әлемдегі және еліміздің экономикасының түрлі даму сценарийлеріне сәйкес мынадай параметрлер ескеріле отырып қалыптастырылды:

1) 2020 жылғы жалпы ішкі өнім бойынша есептік статистикалық деректерді және биылғы қаңтар-шілде айларындағы экономиканы дамыту қорытындылары;

2) Халықаралық қаржы ұйымдарының жаңартылған болжамдары бойынша әлемдік экономиканың өсуі 2022 жылы 4,9 пайызға, 2023 жылы - 3,5 пайызға өсуі күтілуде;

3) Халықаралық қаржы ұйымдарының консенсус-болжамы бойынша 2022 жылы мұнай бағасының баррелі 64,5 АҚШ доллары, ал, 2023 жылы - 58 АҚШ доллары деңгейінде болады. «Сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты Қазақстан экономикасын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған базалық, оптимистік және пессимистік сценарийлері әзірленді. Базалық сценарий кезінде жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық өсуі 4,8 пайызды, оптимистік - 5 пайызды және пессимистік - 4,6 пайызды құрайды.

Негіз ретінде, бюджетті жоспарлау үшін базалық сценарийді пайдалану ұсынылады. Осы сценарий кезінде 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 3,9 пайыз деңгейінде болжануда. 2026 жылы 5,2 пайызға дейін жеделдейді», - деді Ә. Ерғалиев. Оның айтуынша, 2022 жылы номиналды жалпы ішкі өнім 87,1 триллион теңгені, ал 2026 жылы 119,9 триллион теңгені құрайды. Барлық базалық салаларда оң өсім болжанады - деп НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат мәлімдеді.

Баға-тауар бірлігіне берілетін ақша соммасы, тауардың ақшаға айырбасының эквиваленті.

Бағалар, олардың құралу және өзгеруінің процестері өзімен статистикалық зерттеулердің пәнін көрсетеді. Баға статистикасы-нарық статистикасына және әлеуметтік-

экономикалық статистикаға олардың құрама бөлігі ретінде кіретін жеке (самостоятельный) блок. Баға бойынша ақпараттардың екі қайнар көзі белгілі. Біріншісі, тұтыну нарығындағы тарифтердің бағаларының өзгеруін қадағалау. Екіншісі, халықтың тұтынуын, шығындары мен табыстарын таңдамалы статистикалық зерттеулердің бір түрі ретінде бюджеттік зерттеу. Осы қайнар көздердің негізінде негізгі тұтыну тауарлары мен қызметтерін фиксталған (фиксированному) жинау (набор) бойынша тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (кейде өмір құнының индексі деп аталады) есептеледі. Көп елдер (стран) үшін есептеу әдісі бірдей болып келеді. Бұл ТБИ-нің халықаралық салыстыруларын (сопоставления) жүргізуге көмектеседі.

Баға түсінігі, оның экономикалық табиғаты нарықта баға ойнайтын екі рольде сипат алады (проявляются). Ол мына түрде болады:

-нарық конъюктурасы мен саясатын көрсететін индикаторы ретінде (сұраныс пен ұсыныс байланысы (соотношения), саудалық және экономикалық тәуекел, қаржы-несиелік жағдайлар, нарықтағы бәсекелестіктің дәрежесі және т.б.);

-сұраныс пен ұсынысқа, нарықтың құрылымына, теңгенің сатылымдық қасиетіне және т.б. әсер ететін нарықтың маркетингтік реттеуші (регулятор) ретінде. Бағаның реттеуші ретінде ресурстарды қолдануды шектеуге көмектеседі және ол өндіріс үшін мотивация болып табылады.

Нарықтық баға әр түрлі функциялар атқарады. Баға-бұл тауарларды ақшаға ауыстыруда (соизмеритель) және делдал. Баға-нарық конъюктурасының маңызды көрсеткіші, сұраныс пен ұсыныстың байланысы мен құрылымының, деңгейінің факторы. Баға-тиімділікті (эффективность) басқарудың және пайда табудың құралы, салық салудың факторы. Баға-бұл инфляциялық процестердің маңызды құраушысы, инвестициялық саясатқа әсер ету құралы (бағаның көтерілуінен (өсуінен) инвестицияның (привлекательность) өседі). Баға-еңбек нарығына, тұтынудың көлемі мен құрамына, әр түрлі әлеуметтік топтардың нақты табыстарының деңгейіне әсер ететін халықтың өмірінің дәрежесінің күшті (мощный) факторы. Сонымен қатар, баға-бұл бәсекелестік күрестің қаруы.

Бағаның түсінігін түсінудің тағы бір әдісі экономикада бағалардың ойнайтын ролін суреттейтін оның функцияларын қарастыру.

Бағаның алғашқы функциясы-өлшемдік (измерительная). Бағаның арқасында тауардың құнын өлшеуге, анықтауға болады, басқаша айтқанда, сатылған тауарлар үшін сатып алушы қанша ақша беру керектігін анықтау. Бағалар ақшаға төлем құралы ретінде сату-сатып алу актіінде сандық анықтамалыққа (количественная определенность) ие болуға мүмкіндік береді. Тауарлардың бірлігінің даналық, көлемдік, салмақтық бағасын біле отырып және оны сатушының сататын көлеміне және сатып алушының алатын бірлігіне көбейте отырып, біз тауарлар мен қызметтерге ақшалай төлемдердің көлемін анықтаймыз. Еңбектің, жұмыс күшінің бағасын есептей отырып, жалақы есептеледі.

Бағаның өлшемдік функциясынан басқа әр түрлі тауарлардың құндылықтарын салыстыра қарама-қарсы қоюға бағытталған (соизмерительная) функциясы бар. Бағаларды салыстыра отырып, біз өте немесе кішкене қымбат, қымбат және арзан тауарларды ажыратуға мүмкіндік аламыз[2].

Өлшемдік функциясының арқасында баға есептік (учетная) функцияға ие болады. Физикалық бірліктерді өлшенген материалды-заттық түрдегі тауарлардың сандық және сапалық көрсеткіштерін ақшалай бірліктерде өлшенген (адекватные) көрсеткіштерге ауыстырсақ, баға есептің қосалқы құралына айналады. Кәсіпорынның мүлктік кешенінде 5 қондырғы бар екендігі бекітілгенге қарағанда, есептің жалпы соммасы 15 млн. ақшалай бірлік болатын әрбіреуінің бағасы 3 млн. ақшалай бірлік болатын 5 қондырғы бар екендігін куәландыруы ыңғайлы. Бағаның есептік функциясы өнім өндіруге кеткен шығындарды да есепке алуға мүмкіндік береді[2].

Есеппен қатар баға өлшеуіш ретінде көрсеткіштері ақшалай түрде қолданылатын талдаудың (анализ), болжаудың, жоспарлаудың маңызды құралдарының бірі бола алады.

Бағалардың жоғарыда аталған функцияларынан оларды экономикалық процестерді реттеудің құралы ретінде қолдану мүмкіндігі туады. Сонымен, нарықтық экономикада баға-бұл тұтынушы немесе сатып алушының жауапты реакциясымен олардың төлеміне тауарларды сатушы немесе өндірушінің ақшалай сауалын (запрос) ұштастыратын сұраныс пен ұсыныстың теңесуінің негізгі құралы. Реттеуші баға реттеу процесінде пайда болады және оған бұл мағынада реттелетін болуы тән. Сондықтан да дәрежесі сұраныс пен ұсынысты теңестіруге сәйкес келетін тең (равновесные), яғни өзі қалыптасатын (самоустанавливающиеся) бағалар көмегімен тауар-ақша процестерін реттеу (саморегулирования) функциясы туралы сөз қылған нақтырақ болатын еді[2].

Баға үлестіру (распределительная) функциясын атқара алады. Оның мәні өнімнің бағасымен байланысты сол немесе басқа өнімге сұранысты қайта үлестіру арқасында тауар ұсынысына, жетіспейтін (дефицит) тауарлардың өндірісін кеңейтуге және артық (избыточный) тауарлардың өндірісін қысқартуға әсер ету мүмкіндігінде. Соның арқасында инвестициялар ескі салалардан ағып шыққан қаржылар арқасында өндірістің аз дамыған салаларына көбірек бағытталады.

Баға өте маңызды әлеуметтік функцияны атқарады. Баға және оның өзгеруімен жанұяның тұтыну (потребительский) бюджеті, өмір деңгейі (уровень жизни), өмір сүру минимумы, шығындары, қызметтер мен игіліктерді тұтыну көлемі мен құрылымы байланысты. Бағаның деңгейі мен оның өсуіне адмдардың әлеуметтік реакциясы сезімтал және жоғары. Тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бөлшектік (розничные) бағаларды тұрмыстық қабылдауда (восприятие) адамдар бағаның өскені өмір деңгейін төмендетеді, ал бағаның төмендеуі өмір деңгейін жақсартады деп ойлайды. Бұл жағдайда әдетте тұтыну құрылымы, табыс, тауарлардың нарықта болуы сияқты басқа, бағалық емес факторлар ескерілмейді.

Нарық механизмінің қызмет етуінің негізі “сұраныс” пен “ұсыныс” болса, ал сол сұранысты тудыратын басты фактор **тұтынушылар** іс-әрекеті болып табылады. Рыноктық экономиканың ерекшелігі де сол, онда сұраныс бірінші орында тұрады, ал ұсыныстың қызметі сұранысты қанағаттандыру болып табылады.

Кез келген тұтынушы нарықта ұнатымдылығымен артық көруіне сүйену және өзінің табысы мен бағаға сүйенуі арқылы анық айқын тұтыну жоспарын жасайды. Осы жоспарды іске асырса ол тұтынушы өзінің қажетін ең жоғарғы деңгейде қанағаттандырады деп есептелінеді.

Бірақ шын мәнінде тұтынушылардың табысына байлаынсты олардың бюджеттік шектеу қисығы орын алып, тұтынушылардың таңдау деңгейі әр түрлі болып және ол ылғи да өзгеріп отырады. Яғни нарықта көптеген тұтынушылардың таңдауы әр түрлі болып келеді. Сонымен, **сұраныс** – бұл тұтынушының немесе сатып алушының бір тауарды сатып алу ойымен жасайтын жоспарын және олардың сатып ала алатын тауар бағасы мен оның көлемі арасындағы тәуелділік.

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда әлемдегі орны нарықтық қатынастағы дамушы мемлекет ретінде көрінуі болып табылады. Нарықтық қатынастардың дамуы ұлттық экономикамыздың еліміз өз егемендігін алғаннан бастап осы уақытқа дейін даму үстінде және ол дами бермек. Нарықтық қатынастардың тиімді қызмет етуі барлық қоғамдағы шаруашылық қызметтердің тиімді қызмет етуін қамтамасыз етіп отырады және оны ұйымдастырушы құрал болып табылады.

Нарықтық механизмді жалпы түрде экономиканың мәселелерін шешу мақсатында өндірушілер мен тұтынушылардың рынок арқылы тәуелсіз түрде өзара әрекет ететін шаруашылықты ұйымдастыру формасы деп анықтауға болады. Рынок механизмінің қызмет етуінің негізі **сұраныс** пен **ұсыныс** болса, ал сол сұранысты тудыратын тұтынушылар іс-әрекеті. Нарықта сұраныс пен ұсыныс өндірілген өнім көлемі мен

олардың бағасын анықтайды, сондай-ақ нарықтың өзін-өзі реттеп отыратын нарық тепе-теңдігін және соған сәйкес тепе-теңдік бағаны қалыптастырады. Өндіруші мен тұтынушы арасындағы бәсеке және мәмілелер бағаға әсер етіп, рыноктық бағаны қалыптастырады. Ал бағаға сүйене отырып, тұтынушылар көптеген экономикалық шешімдер қабылдайды. Міне бұл жағдай тұтынушылар мінез-құлығын және нарықта **сұранысты** қалыптастырады.

Нарықтық экономиканың ерекшелігі де сол, онда сұраныс бірінші орында тұрады, ал ұсыныстың қызметі сұранысты қанағаттандыру болып табылады.

Нарықта әрбір тұлға тұтынушы болып табылады және олар өзінің табысына және ұнатымдылығына байланысты максималды түрде өзін қанағаттандыратын нұсқаны іздейді. Егер ол осы максималды шартты орындаса, онда ол өз сұранысын толық қанағаттандырды деп атаймыз.

#### **Ұсыныс және ұсынысқа әсер ететін факторлар. Ұсыныс заңы.**

Ұсыным- бұл нарықта тұрған немесе соған жетуге болатын, белгілі бір бағасы бар тауарлар жиынтығы.

Ұсыным, өндірілген тауарлардың асортименті ( әр алуан жиынтығы) және олардың бағалары арқылы сұранымды құрайды; өз кезегінде сұраным, тауар ұсынымының көлемі мен құрылымы мен белгілейді, себебі тек-қана тұтыну мен танылатын тауар ғана қайта өндіріле алады.

Нарықтық бағамен өндірушілердің ұсынғысы келетін тауарлар санының арасында ұсыным қисығының сызығы деп аталатын белгілі бір арақатынас болады.

Ұсыным қисығының сызығы, әдетте оңтүстік- батыстан солтүстік-шығысқа қарай көтеріледі.

Жоғарыда көрсетілген кесте шығарылатын өнім көлемінің (х)нарықтық бағадан (P) тәуелділігін көрсетеді.

Баға  $-P_1$ , өнім  $-X_1$  сәйкес, ал баға-  $P_2$  және  $P_2$  –ге дейін төмендесе онда өнім-  $X_2$  және  $X_2$  –ге дейін азаяды. Баға  $P_1 > P_2$ , ұсыным көлемі  $X_1 > X_2$ -ге сәйкес басқаша айтқанда тауардың бағасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оны өндіру пайдалы, соғұрлым өндірушілер оны көбірек өндіруге және нарықта сатуға дайын болады.

#### **Қорытынды**

Осы жұмысқа толықтай әрі терең зерттеу жүргізе отырып, жалпы бағаның қандай қызмет атқаратындығын,оның нарықтық экономикадағы рөлі,сондай-ақ бағаны белгілеу және тағайындау кезеңдері және т.б мәліметтер қаралды. Баға белгілеу-өте күрделі маркетингтік зерттеу жұмыстарын талап ететіндігі зерттеліп отыр.Яғни белгіленген баға ертеңгі күнде фирма не кәсіпорын. Сонымен баға белгілерінің ең басты факторлары өндіріс шығындары, оның жалпы тұрақты, өзгермелі және жиынтық шығындары сұраныс,тұрғындардың сатып алу қабілеттілігі, бәсеке жағдайы,тауар сапасы,тасымалдау көлемі, мемлекеттік реттеу саясаты және т.б Міне,осы факторларды толықтай қамти отырып,өндіруші тұтынушыға тиімді етіп,әрі өзі мейлінше пайда табатындай тұрақты бар бағаны қалыптастырады. Сонымен қатар,бұл жұмыста бағаның әр түрлі нарықтық модельдерінде әр түрлі болады. Сонымен баға-нарық реттеушісі,ол тауардың нақты түрдерін өндіруге мүмкіндік береді,сұранысты шектейді немесе ұлғайтады,осылайша белгілі бір өнімнің өндіруші мен тұтынушыға бірдей деңгейде тікелей және жанама түрде әсер етіп отырады.Өткізу бағасын белгілеу және өзгерту кәсіпорынның фирмалық баға саясатын зерттей отырып жасайтын, маркеинг бөлімдерінің маңызды міндеті. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығының шешімін тапқаннан кейін, фирма үшін неғұрлым үйлесімді бағаны басқашаларға қарағанда артықшылығы бар. Қорытынды баға стратегиясын қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл қолайлы баға стратегиясы ол- келешектегі бизнесті басқару жоспары. Баға стратегиясын қалыптастыруда баға фирмаларының стратегиясын, әдебиеттерде мамандар мен ғалымдар ұсынатын стратегияны және аталған фирманың өз тәжірибесінде жүзеге

асырылған стратегияларды түп нұсқа ретінде қарастыру қажет болды және өара қастырылдыдесе де болады.

Статистикалық бағаның тоериялық жағын зерттей отырып, әлемде болып жатқан инфляция, яғни жалпы дағдарыстың салдары Қазақстан Республикасынан айналып өтіп кете алмады.

Қазақстанда тұтыну тауарларының бағалары жылдан жылға көтеріліп жатыр, сондай-ақ еліміздің әртүрлі аймақтарында да тұтыну тауарларының бағалық алшақтықтары және шетел валюта бағамдарының да әсері орын алды. Бұл өз кезегінде тұрғындардың өмір сүру ортасына ықпал жасайды. «Ресей Федерациясына әлемдік санкция салынғансоң 2022 жылғы деңгей, әлеуметтік-экономикалық дамуындағы айырмашылықтардыңәлсізденуі, тауарлардың шарықтап өсуі, дефицит орын алды» жалпы мақсаттарымен міндеттерімен салыстыра отырып, Қазақстан Республикасының 2020 – 2030 жылдарға стратегиялық даму жоспарының мақсаттылығы мен жүргізілуіне талдау жасалды. Қазақстанның тұтыну нарықтарында тұрақты бағаларға қол жеткізу, баға құрылымдау жолдары мен шаралары берілді. Еліміздің тұтыну нарықтарындағы бәсекелес орта мен баға құрылымдау мәселелері бойынша әдістемелер жасау. Біз нарықтарда бәсекені көбейтіп бағаның тұрақталуына назар аударуымыз қажет.

Баға тұрақсыздығын бір жүйеге келтіру үшін, жан-жақты тұтыну тауар бағаларының тұрақсыздығын қалай шешуге болатындығы туралы ұсыныстар қарастыру, тұтынушы нарықтарда тауар бағаларының есебін жүргізуші және орталық мониторинг жүйеге мәлімет жинақтаушы экономист-инспекторларды тағайындау барысында аттестатталған, сертификатталған білікті маманды ұсыну. Республикамызда берілген.аймақтық мониторинг орталықтарында баға өсу себептері жинақталады, бағаны тұрақтандыру және бағаны реттеу құралдары әзірленеді. Мұнда тұтыну нарықтарын реттеуде әкімшілік әдістерді қолдану емес, нарық механизмдерін жандандыру үшін жанама әдістерді қолдану ұсынылуда.

Ал тұрақсыздық орын алуда, сол себептен тұрақтылық бағыттарына көптеген ұсыныстар беріліп, талаптар қойылып жүйелі жұмыс жүргізу.

Қазіргі таңда республикамызда болып жатқан тұтыну тауарларының бағаларының тұрақсыздығы, шарықтап өсуі, халықтың әл-ауқаты, тұрмыс деңгейі өте нашарлап барады десекте қателеспейміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Статистикалық есеп:Практикум – оқу әдістемелік құралы. А.К. Курманғалиева - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016.- 121б.
2. Микроэкономикалық статистика. Алиев М.Қ., Утебаев Б.С., Абдурахманов М.А. Астана. 2018ж. - 209 бет  
<http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/1610>
3. Статистика теориясы Мұханбетова С.М. [Электрондық басылым]: электрондық оқу құралы / - Алматы: Экономика, 2014.
4. Статистика: Оқу құралы / А.М. Байдильдина. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 238б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/11725>
5. Статистика есептер жинағы [Мәтін]: оқу құралы / Ы.Ә. Әміреев, Ж.Ы. Бейсекова. - Алматы: Экономика, 2013. - 332 б. Экономикадағы статистикалық әдістер [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / А.К. Курманғалиева. - Қостанай : А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. - 132 б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/1618>
7. [stud.baribar.kz/20850/bagha-naryqtyq-...](http://stud.baribar.kz/20850/bagha-naryqtyq-...)
8. Суркова И.М. Статистика [Электронный ресурс]: Учебное пособие / И.М. Суркова. - Воронеж: Воронежский ГАУ, 2017. - 243 с.  
<http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/1600>

9. Давлетьяров, А.Ш., Джусупкалиева, Р.И. Бір диагностикалық параметрге статистикалық шешімдер қабылдау әдістемесі. // Ғылым және білім. - 2017. - 141-144 б. <http://rmebrk.kz/>
10. Әлеуметтік-экономикалық статистика: Оқулық. /Б. Ә. Әміреев, Ж. Ы. Бейсекова, Е. М. Киіков/ – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» 2012. – 288 б.
11. <http://stat.gov.kz>



**TASHENEV**  
UNIVERSITY

**ЖҰМАБЕК  
АХМЕТҰЛЫ  
ТАШЕНЕВ  
АТЫНДАҒЫ  
УНИВЕРСИТЕТИ**

**УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ ЖУМАБЕКА  
АХМЕТОВИЧА  
ТАШЕНЕВА**

**ZHUMABEK  
AKHMETOVICH  
TASHENEV UNIVERSITY**

---

**ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА**

---

**BULLETIN OF TASHENEV**

**Ғылыми журналы**

**№1 (1) 2024**

ISBN 978-601-06-8389-1



9 786010 683891



